

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

ӘОЖ 665.7.038.64

Қолжазба құқығында

**ТУРЕМУРАТОВ РУСЛАН СЕРИКОВИЧ**

Олефиндер және аминароматты қосылыстар негізінде жоғары парафинді мұнайлардың депрессаторларын алу технологиясын құрастыру

6D072100 – Органикалық заттардың химиялық технологиясы

философия докторы (PhD) дәрежесін іздену диссертациясы

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д, профессор  
Бейсенбаев О.К.  
доктор PhD, профессор  
Ивахненко А.П.

Шымкент 2017

## МАЗМҰНЫ

<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР</b> .....	4
<b>АНЫҚТАМАЛАР</b> .....	6
<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР</b> .....	9
<b>КІРІСПЕ</b> .....	10
<b>1 АНАЛИТИКАЛЫҚ БӨЛІМ</b> .....	17
1.1 Депрессорлық қосындылардың көмегімен мұнай мен мұнайөнімдерінің қасиеттерін реттеу .....	17
1.2 Дизелдік отындарға арналған депрессорлық қосындылардың сипаттамасы .....	22
1.3 Майлардың тұтқырлықтық қасиеттерін жақсарту үшін қосындыларды пайдалану перспективалары мен заманауи жағдайы ....	25
1.4 Депрессаторлардың әсер ету механизмі .....	32
Бірінші бөлімнің қорытындысы .....	39
<b>2 ЗЕРТТЕУ НЫСАНДАРЫ ЖӘНЕ ӘДІСТЕРІ</b> .....	41
2.1 Зерттеу әдістері .....	41
2.2 Зерттеу нысандары .....	48
2.2.1 Құмкөл мұнайы .....	49
2.2.2 Құмкөл мұнайы базалық майының физика-химиялық қасиеттері .....	51
2.2.3 Құмкөл мұнайының гудроны .....	53
2.2.4 Госсиполды шайыр .....	55
2.2.5 Мономерлер-бутилметакрилат, винилацетат, олефиндер, олейн, себацин, фенилантранил қышқылдары, олейн қышқылының метил эфирі, еріткіштер бензол, толуол және дизельдік отынның сипаттамасы .....	57
Екінші бөлімнің қорытындысы .....	62
<b>3 ӨНДІРІС ҚАЛДЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МОНОМЕРЛЕР НЕГІЗІНДЕ ДЕПРЕССАТОРЛАРДЫ СИНТЕЗДЕУ ӘДІСТЕРІН ҚҰРАСТЫРУ ЖӘНЕ ФИЗИКА-ХИМИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ЗЕРТТЕУ</b> .....	63
3.1 Өндіріс қалдықтары –мұнай гудроны және мақта майының госсипол шайыры негізінде депрессаторларды синтездеу және физика-химиялық қасиеттерін зерттеу .....	63
3.1.1 Өндіріс қалдықтары – мұнай гудроны және мақта майының госсипол шайыры негізінде депрессаторларды синтездеу .....	63
3.1.2 Өндіріс қалдықтары – мұнай гудроны және мақта майының госсипол шайыры негізінде аминоароматты депрессаторлардың физика-химиялық қасиеттерін зерттеу .....	65
3.2 Бутилметакрилат, $\alpha$ -олефин, винилацетат, олейн қышқылы, олейн қышылының метил эфирі, стирол, этиленгликоль, фенилантранил және себацин қышқылы негізінде депрессаторларды синтездеу және физика-химиялық қасиеттерін зерттеу .....	69
3.2.1 Бутилметакрилат, $\alpha$ -олефин мен винилацетат негізіндегі	

депрессаторларды синтездеу .....	70
3.2.2 Олейн қышқылы, бутилметакрилат, винилацетат негізінде депрессаторларды синтездеу және зерттеу .....	75
3.2.3 Бутилметакрилат және олейн қышқылының метил эфирі негізіндегі депрессаторларды синтездеу және зерттеу .....	77
3.2.4 Стирол мен бутилметакрилат, стирол мен олейн қышқылының метил эфирі негізінде депрессаторларды синтездеу және зерттеу .....	77
3.2.5 Фенилантранил және себацин қышқылдарымен этиленгликоль қатысында депрессаторларды синтездеу және зерттеу .....	79
3.3 Өндіріс қалдықтары және мономерлер негізінде синтезделінген депрессаторларды алу технологиясын құрастыру .....	81
3.4 Бутилметакрилат, $\alpha$ -олефин және винилацетат негізінде депрессаторларды алу технологиясы .....	84
3.5 Фенилантранил және себацин қышқылдарымен этиленгликоль қатысында депрессаторларды алу технологиясы .....	86
Үшінші бөлімнің қорытындысы .....	88
<b>4 СИНТЕЗДЕЛІНГЕН ДЕПРЕССАТОРЛАРДЫҢ ҚҰМКӨЛ МҰНАЙЫНЫҢ ЖӘНЕ ӨНІМДЕРІНІҢ ПАЙДАЛАНУ ҚАСИЕТТЕРІНЕ ӘСЕРІН ЗЕРТТЕУ .....</b>	<b>89</b>
4.1 Өндіріс қалдықтары – мұнай гудроны және мақта майының госсипол шайыры негізінде аминоароматты депрессаторлардың Құмкөл мұнайының және өнімдерінің пайдалану қасиеттеріне әсерін зерттеу ..	89
4.2 Полибутилметакрилат, винилацетат, $\alpha$ -олефин негізінде депрессаторлардың Құмкөл мұнайының және өнімдерінің пайдалану қасиеттеріне әсерін зерттеу .....	93
4.3 Бутилметакрилат, винилацетат, олейн, себациндік қышқыл, олейн қышқылының метил эфирі, этиленгликоль, стирол және фенилантранилдік қышқыл негізінде депрессаторлардың Құмкөл мұнайының және өнімдерінің пайдалану қасиеттеріне әсерін зерттеу.....	97
4.4 фенилантранил, себацин қышқылы және этиленгликоль қышқылы негізінде депрессаторлардың Құмкөл мұнайының және өнімдерінің пайдалану қасиеттеріне әсерін зерттеу.....	106
Төртінші бөлімнің қорытындысы .....	112
<b>ТҰЖЫРЫМ .....</b>	<b>113</b>
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ .....</b>	<b>114</b>
<b>ҚОСЫМША А .....</b>	<b>125</b>

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста келесідей нормативтік құжаттарға сілтемелер жасалынды:

МЕСТ 11851-85. Мұнай. Парафинді анықтау әдісі.

МЕСТ 11851-85. Мұнай және мұнай өнімдері. Асфальтендерді, парафинді және шайырды анықтау.

МЕСТ 2477-65 (ASTM D4006). Мұнайдағы су құрамын анықтау.

МЕСТ 20287-91. Мұнай өнімдері. Аққыштықты жоғалту және қату температурасы.

СТ РК АСТМ Д 5853-2010. Шикі мұнайдың ағуының жоғалтуын анықтау стандартты әдісі.

СТ-17-03-02. Асфальттішайырлыпарафинді шөгіндіні еріткішпен еріту және ыдырату әдісі.

МЕСТ 3900-85. Мұнай және мұнай өнімдері. Тығыздықты ареометрмен және пикнометрмен анықтау.

МЕСТ 31072-2002. Мұнай және мұнай өнімдері. Тығыздықтың, салыстырмалы тығыздық және АРІ ареометр градусы бойынша тығыздықты анықтау әдісі.

МЕСТ 33-2000. Мұнай және мұнай өнімдері. Шартты тұтқырлықты анықтау.

МЕСТ 6258-85. Мұнай және мұнай өнімдері. Шартты тұтқырлықты анықтау тәсілі.

МЕСТ 12329, ASTM D 611, ISO 2977. Мұнай өнімдерінің анилин нүктесін АТ-ПХП аппаратында автоматты анықтау

МЕСТ 20287-91. Мұнай және мұнай өнімдері. Қату және шекті фильтрлену температурасын (дизель отындарының тұнбалану) анықтау.

МЕСТ 6370-83. Мұнай, мұнайөнімдері және қосындылар. Механикалық қоспаларды анықтау әдісі.

МЕСТ 10577-78. Мұнай өнімдері құрамындағы механикалық қоспаларды анықтау.

МЕСТ 16851-71. Мұнай өнімдері құрамындағы механикалық қоспаларды анықтау.

МЕСТ 16851-71. Сұйықтық заттардың анализаторлары. Терминдер және анықтаулар.

МЕСТ 6709-72. Дистилденген су.

МЕСТ 1770-71. Өлшеуге арналған лабораториялық шыны ыдыстар. Цилиндрлер, мензуркалар, колбалар, пробиркалар.

МЕСТ 24104-80. Лабораториялық таразы жанжақты қолдануға және образды. Жалпы техникалық әдісі.

МЕСТ 25336-82. Лабораториялық шыны ыдыстар және құрал-жабдықтар. Турлері, негізгі параметрлері мен өлшемдері.

МЕСТ 24104-80. Аналитикалық таразы.

МЕСТ 7328-82. Гирлер.

МЕСТ 9147-80. Лабораториялық фарфорлы ыдыстар және құрал-жабдықтар. Техникалық негіздер.

МЕСТ 20292-74. Лабораториялық шыны өлшеуіш құралдары. Бюреткалар, пипеткалар. Техникалық әдісі.

СТП 03-153-2001. Асфальттішайырлыпарафинді шөгіндіні еріткішпен еріту және ыдырату әдісі.

МЕСТ 3900-85. Мұнай және мұнай өнімдері. Тығыздықты ареометрмен және пикнометрмен анықтау.

МЕСТ 31072-2002. Мұнай және мұнай өнімдері. Тығыздықты, салыстырмалы тығыздықты және АРІ ареометр градусы бойынша тығыздықты анықтау әдісі.

МЕСТ 33-2000. Мұнай және мұнай өнімдері. Шартты тұтқырлықты ВУН-20 приборында анықтау.

МЕСТ 33-2000. Мұнай өнімдері. Мөлдір және мөлдір емес сұйықтар. Кинематикалық тұтқырлықты анықтау және динамикалық тұтқырлықты есептеу.

МЕСТ 6258-85. Мұнай және мұнай өнімдері. Шартты тұтқырлықты анықтау тәсілі.

МЕСТ 20287-91. Мұнай және мұнай өнімдері. Қату және шекті сүзу температурасын (дизель отындарының тұнбалану) анықтау.

СТ РК АСТМ Д 5853-2010. Шикі мұнайдың ағуының жоғалтуын анықтау стандартты әдісі.

## АНЫҚТАМАЛАР

Аққыштықты жоғалту температурасы (қату) – n-парафиндердің молекулалары қарым-қатынасты, отын тоңбаға айналғанға дейін беріктенетін температура. Мұндай отынды отындық жүйе арқылы айдау және жану камерасына беру мүмкін емес.

Алкендер (олефиндер, этилендік көмірсутектер) – жалпы формуласы  $C_nH_{2n}$  болатын гомологиялық қатарды құрайтын, көміртек атомдары арасында бір екілік байланысқа ие болатын, ациклдық шексіз көмірсутектер. Екілік байланыс кезінде көміртек атомдары  $sp^2$  гибридизация жағдайында болады және  $120^\circ$  валенттік бұрышқа ие. Алкен ретінде этиленді алуға болады ( $C_2H_4$ ). IUPAC номенклатурасы бойынша алкендер атауы сәйкес алкендердің атауындағы «-ан» суфиксін «-ен»-ге алмастырумен қалыптасады; екілік байланыс жағдайы араб санымен көрсетіледі.

Аминқышқылдар (аминокарбонаттық қышқылдар; АМК) – молекуласында бір уақытта карбоксилдік және аминдік топтар болатын органикалық қосылыстар. Аминоқышқылдар сутектің бір немесе бірнеше атомдары аминотоптарға  $NH_2$ , карбоксилдік топтарға  $COOH$  алмастырылған карбондық қышқылдардың туындысы ретінде қарастырылады.

Госсипол шайыры - бұл майлы қышқылдардың вакуумды дистилляциядан кейінгі қалған қалдық.

Гудрон – мұнайды атмосфералық қысымда айдағаннан соң вакуумдағы  $450-600^\circ C$  аралығында қайнайтын фракцияда түзілетін қалдық (мұнай табиғатына қарай).

Депрессатор – беттік-белсенді заттар, парафиндерге қатысты жаңа кристалдық туындылардың қалыптасуын тежейді. Нәтижесінде бір кристалдық торға бір-бірімен бірікпеген және ерітіндінің барлық массасын иммабилизациялауға қабілетсіз кристалды құрылым қалыптасады, бұл мұнайөнімдерінің темпетарурасының төмендеуі түрінде байқалады (лайлану температурасы емес). Бұл қосындылар май, мұнай және мұнай өнімдерінің қату температурасын тиімді төмендетеді және төменгі температураларда олардың өту қабілетін көтереді.

Дизельдік отын – іштей жану дизельдік қозғалтқышында, сонымен қатар газодизельдерде отын ретінде пайдаланылатын сұйық өнім. Отынның бұл түрі мұнайды тікелей айдаудың керосиндік-газойлдық фракциясынан алынады. Дизельдік отын – бұл алкандардың, циклоалкандардың және иістендірілген көмірсутектер мен олардың туындыларынан алынатын қоспа. Орташа молекулярлық салмағы 110-230, қайнау температурасы –  $170-380^\circ C$ .

Жоғары молекулалы қосылыстар – молекула құрамында өзара химикалық немесе координаттық байланыстармен қосылған жүздеген, мыңдаған атомдары бар және өздеріне ғана тән қасиеттермен ерекшеленетін заттар тобы.

Жай эфирлер -  $R-O-R'$  формуласы бар, органикалық заттар, мұнда R және  $R'$ -көмірсутектік радикалдар. Сонымен қатар, мұндай топ басқа да жай эфирлер болып саналмайтын функционалдық топтардың құрамына кіре алатындығын ескерген жөн.

Карбондық қышқылдар – молекулалары бір немесе бірнеше функционалдық карбоксилдық топтардан —COOH тұратын, органикалық қосылыстар классы.

Катализаторлар – реакцияны жылдамдататын, бірақ реакция өнімдерінің құрамына кірмейтін химиялық зат. Катализаторлар гомогендік және гетерогендік деп бөлінеді. Гомогендік катализатор – реакцияға түсетін затпен бір фазада болады, ал гетерогендік – реакцияға түсетін заттар жатқан, фазадан шекарамен бөлінген, жеке фазаны қалыптастырады. Гомогендік катализаторларға қышқылдар мен негіздер жатады. Гетерогендік катализаторлар ретінде металдар, олардың оксидтері мен сульфидтері пайдаланылады.

Қату температурасы – бұл ерітіндідегі қатты фазаның бастапқы кристалдану температурасы.

Қоюлану температурасы (сүзілу температурасы) – n-парафиндердің кристалды торды қалыптастырып, бір-бірімен біріге бастайтын температура. Мұндай моментте отын визуалды түрде қоңырқай түске айналады, ал автокөліктің отындық жүйесінде сүзілу мен отынды айдауға қатысты қиындықтар басталады. Сүзгі n-парафиндердің молекулаларымен толады, және сораптың одан отынды айдауға қабілеттілігі төмендейді.

Мономер (др.-грек.  $\mu\nu\nu\omicron\varsigma$  - один;  $\mu\epsilon\rho\omicron\varsigma$  - часть) - бұл полимеризация реакциясында полимер қалыптастыратын, төменмолекулярлық зат. Мономерлер деп, сонымен қатар полимерлік молекулалардың құрамындағы қайталанатын бөлшекті (құрылымдық біліктер) атайды. Органикалық мономерлердің мысалы ретінде қанықпаған көмірсутектер молекулаларын атауға болады. Мысалы, этиленнің полимеризациясы полиэтилен сияқты, кеңінен таралған пластмассаның қалыптасуына алып келеді.

Полимерлер (грек. "поли" - көп, "мерос"- бөлшек) – бейорганикалық және органикалық, аморфты және кристалды зат, ондаған және жүздеген мың, кейде миллиондаған «мономер буындарынан» тұратын үлкен молекулалық байланыстар.

Полимеризация (др.- грек.  $\mu\lambda\upsilon\mu\epsilon\rho\iota\varsigma$  - бірнеше бөлшектерден тұрады) – төменмолекулярлық заттардың полимердің өспелі молекуласында белсенді орталықтарға көпсатылы бірігуі жолымен жоғарымолекулярлық заттардың (полимердің) қалыптасу процессі. Полимердің құрамына кіретін мономер молекуласы мономерлік (құрылымдық) буынды қалыптастырады. Мономер мен полимердің элементтік құрамы (молекулярлық формуласы) бірдей.

Поликонденсация - әдетте функционалдық топтардың әсерлесуі кезінде төмен температуралық өнімдердің (су, спирт және т.б.) бөлінуімен жүретін, жартылай функционалдық қосылыстардан полимерлердің синтезделу процессі.

Полиолефиндер – төменмолекулалық заттардан – олефиндерден (мономерлерден) алынатын жоғарымолекулярлық қосылыстардың (полимерлердің) классы. Катализатордың қатысуымен әртүрлі немесе бірдей мономерлердің полимеризация жолымен мұнай мен табиғи газдан алынады.

Әртүрлі қабыршықтар мен талшықтарды өндірістік өндіру кезінде кеңінен пайдаланылады.

Радикалды инициаторлар (көне латын initiator – қалыптастырғыш сөзінен шыққан) – еркін радикалдардың қалыптасуының басқа да химиялық реакцияларының немесе таралуының нәтижесінде пайда болатын тізбектік радикалдық процесстер.

Синергизм тиімділігі – бұл 2 элемент жүйеде бір-бірінің қатысуынсыз ие болмайтын қасиеттерге ие болу тиімділігі. Синергизм тиімділігінде бір тұтасқа біріктірілген, екі қатысушы олардың бөлім суммасына қарағанда жоғары тиімділікті береді.

Синтез – жекеленген заттарды қосу немесе біріктіру процесі.

Сополимеризациялау - екі немесе бірнеше әртүрлі мономерлер қатысатын полимеризация. Сополимеризация нәтижесінде екі немесе бірнеше әртүрлі құрылымдық буындардан тұратын макромолекулалардың, сополимерлері қалыптасады. Сополимеризация - әртүрлі қасиеттері бар жоғарымолекулярлық заттарды алуға көмектеседі.

Тұтқырлық – сұйықтар мен газдардың негізгі қасиеттерінің бірі. Бұл ішкі үйкеліс, ағындағы денелердің (сұйықтық пен газ) бірінің басқа бөлігімен орын алмасуындағы кедергі келтіру қасиетін айтамыз.

Цетандық сан – қозғалтқыштың қуаттық және экономикалық көрсеткіштерін анықтайды; цетандық санның әдеттегі мәндер диапазоны 40-тан 55 аралығында тербеледі. Бұл сан отынды цилиндрге беру мен оның жалындануына дейінгі уақыт кескінін көрсетеді. Цетандық санның одан жоғары болуы жалындау уақытының аздығын көрсетеді және сәйкесінше, отынның жақсы жануын білдіреді. Цетандық санның жоғары болуы түтіннің экологиялығын жоғарылатады. Бірақ та егер бұл көрсеткіш 60-тан жоғары болса, қозғалтқыштың қуатының жоғарылауы орын алмайды.

Цетандық индекс – дизельдік отынға жоғарылататын қоспаны қосқанға дейінгі цетандық сан (есептемелік). Цетанжоғарылататын қоспалар отынның физикалық және химиялық құрамына әртүрлі әсер етеді, сондықтан да оларды мөлшерден жоғары қосуға болмайды. Құрамның өзгеруінің алдын алу үшін, цетандық сан мен цетандық индекс арасындағы айырмашылық минималды болуы қажет.

Этерификация (көне грек сөзінен. αἴθήρ - эфир және лат. facio - жасаймын) - қышқылдар мен спирттердің әсерлесуі кезінде күрделі эфирлердің қалыптасу реакциясы:  $RCOOH + R'OH \rightleftharpoons RCOOR' + H_2O$ .



## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

$\eta_{\text{кин}}$  – кинематикалық тұтқырлық;  
 $\eta_{\text{эф}}$  – эффективті тұтқырлық;  
 $\eta_{\text{мен}}$  – меншікті тұтқырлық;  
[ $\eta$ ] – сипаттамалық тұтқырлық;  
 $\eta_{\text{уд}}/C$  – келтірілген тұтқырлық;  
 $\chi$  – меншікті электрөткізгіштік;  
 $\sigma$  – беттік керілу;  
 $\tau$  – жылжулық кернеу;  
 $pH$  – сутекті көрсеткіш;  
 $\rho$  – тығыздық;  
 $T_k$  – қату температурасы;  
АШПШ – асфальтті-шайырлы-парафиндік шөгінді;  
ББЗ – беттік-белсенді заттар;  
МӨЗ - мұнай өңдеу зауыты;  
ПАН – полиакрилонитрил;  
ОК – олейн қышқылы;  
БМА – бутилметакрилат;  
ВА – вирилацетат;  
ФАК – фенилантранил қышқылы;  
СБК – себацин қышқылы;  
СТ – стирол;  
ЭГ – этиленгликолі;  
ПБ – бензоилдің асқын тотығы;  
ВЭС - вирилацетаттын этилен сополимеры;  
ИҚС – инфрақызылспектрі;  
ОҚМЭ – олейн қышқылының метил эфирі;  
ММ – молекулалық массасы;  
ММБ – молекула – массалық бөліну;  
ПАА – полиакриламид;  
ПЭ – полиэлектролит;  
СЕП – суда еритін полимерлер;  
СЕПЭ – суда еритін полиэлектролиттер;  
ШСТ – шекті сүзу температурасы.

## КІРІСПЕ

**Диссертациялық жұмыстың жалпы сипаттамасы.** Жоғары парафинді Құмкөл кенорнының мұнайы және мұнай өнімдерінің пайдалану қасиеттерін реттеу үшін мономерлер мен өндірістік шығындардың негізінде көп функционалды кешенді, экономикалық тұрғыдан оңтайлы, тиімді депрессаторларды синтездеу және алу технологиясын құрастырумен қатар қолдану аясын кеңейту әдістеріне арналған диссертациялық жұмыс.

**Зерттеу өзектілігі.** Заманауи мұнайөңдеу және мұнайхимия өндірісінің негізгі бағыты және мақсаты шикізат ресурстарын ұтымды зерттеу мен мұнайөнімдерін шығару көлемін жоғарылату, сонымен қатар әлемдік стандарттарға сәйкес, олардың сапасын жақсарту болып табылады.

Қазақстанда мұнай және мұнай өнімдерімен өз қажеттілігін қанағаттандырумен қатар, сыртқы сұранысты қамтамасыз ету үшін шикізат ресурстары жеткілікті.

Бірақ, Қазақстанда алынатын мұнайлардың көп мөлшері, орташа және тармақталған құрылымды алкандардан тұратын, парафиндік мұнай болып табылады. Ол көмірсутектер жоғары қату температурасымен ерекшеленеді, бұл мұнай және мұнайөнімдерінің пайдалану қасиеттерінің төмендеуіне алып келеді, және оларды тасымалдау мен сақтау кезінде бірнеше қиындықтар туындайды.

Жоғарыпарафинді мұнайларды сақтау және тасымалдау үшін бірнеше әдістер қолданылады: мұнайды дизель отындарымен аралыстыру және тасымалдау; мұнайды сумен араластыру және тасымалдау; мұнайларды термоөңдеу және тасымалдау; алдын ала жылытылған мұнайларды тасымалдау және т.б.

Сондықтан күрделі геотехникалық және климаттық жағдайларда жоғары парафинді мұнайларды құбыр арқылы тасымалдау өзекті мәселенің бірі. Сол себепті жоғарыпарафинді мұнайларды тасымалдау қыруар шығындарға алып келеді және экономикалық тұрғыдан тиімсіз.

Әлемдік жағдайда жоғарыпарафинді мұнай және мұнай өнімдерінің пайдалану қасиеттерін жақсарту экономикалық жағынан үнемді және тиімді әдістердің бірі, депрессаторларды қолдану болып табылады. Депрессаторларды синтездеу және оларды жоғары парафинді мұнайлардың қолдау қасиеттерін реттеуде шетел елдеріндегі ғалымдарымен бірге ҚР мұнай саласының ғалымдары өз үлестерін қосуда.

Бұл депрессаторлардың аз мөлшерін мұнайға қосу жоғарыпарафинді мұнайлардың кристалдану дәрежесін төмендетіп, тасымалдау кезінде өте маңызды пайдалану қасиеттерін жақсартады, яғни мұнайдың тұтқырлық және төментемпературалық қасиеттерін реттейді.

Басқа тәсілдерге қарағанда бұл әдіс мұнай ресурстарын ұтымды пайдаланылуын және пайдалану қасиеттерін кешенді жақсартуды қамтамасыз етеді. Қазіргі таңда ол депрессаторларға қойылатын талаптар бір мұнайға ғана емес, мұнай өнімдеріне де тиесілі, себебі оларды қысқы мезгілде қолдануда,

олардың тұтқырлығы артумен қатар, қату температурасының жоғары болуы қиындықтар туғызады.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында шетелдік депрессорлық қосындылар пайдаланылады, соңғы уақытта негізінен ресейлік депрессаторларды қолдану үрдіс алуға және бірте-бірте мұнай өндірісі нарығында шетелдік депрессаторларды ығыстыруда. Көбінесе шеттен әкелінген депрессаторларды мұнай және мұнайөнімдеріне кеңінен қолдану, бүгінгі таңда бірнеше себептерге байланысты мүмкін болмай отыр. Себебі мұнайға қолданылатын депрессаторларды, мұнай өнімдеріне қолдану жарамсыз, яғни физика-химиялық қасиеттері бойынша комплексті әсер етуші факторларға ие емес.

ҚР-да жоғарыпарафиндік мұнайлар және мұнай өнімдерін пайдалану қасиеттерін жақсарту үшін депрессорлық қосындылар өндірілмейді.

Жоғарыда туындаған мәселелерге байланысты жоғары парафинді мұнайлар, базалық майлар, дизельдік отындар үшін экономикалық тұрғыдан тиімді, көп функционалды, кешенді әсерлі қасиеттерге ие депрессаторларды синтездеу, алу технологиясын құрастыру және қолдану жалпы Қазақстан экономикасының индустриалды-инновациялық дамуында өзекті мәселенің бірі.

Сол себепті диссертациялық жұмыстың мақсаты өндіріс қалдықтары – мұнай гудроны, мақта майының госсипол шайыры және мономерлер негізінде жоғарыпарафинді Құмкөл мұнайы және оның өнімдерінің пайдалану қасиеттерін реттеуге арналған отандық депрессаторларды синтездеумен алу технологиясын құрастыру және қолдану.

**Жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.** Диссертациялық жұмыс «Мақта целлюлозасы мен мұнайдың ауыр қалдықтарының көмірсутекті шикізатының негізінде ББЗ-дың, интерполимерлік кешендердің, полиэлектролиттердің, жаңа композициялық материалдарды пайдаланумен және бұрғылау ерітінділерінің тұрақтандырғыштарын, мұнай фракцияларының эмульгаторларын, полимерлер мен мономерлерді алу технологиясын құрастыру» тақырыбындағы ҒЖЗ № Б-11-03-02 (2011-2015 жж.) Мемлекеттік бюджеттік бағдарламасына және «Мұнайөнімдері мен мұнайдың қасиеттерін реттеу үшін қоспаларды, депрессаторларды, суда еритін полимерлерді алудың тиімді технологияларын құрастыру» тақырыбындағы ҒЖЗ Б-16-03-02 (2016-2020 жж.), ҚР БЖҒМ 055 – бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру, «Шикізаттарды және өнімдерді өңдеу, табиғи ресурстарды тиімді қолдану» басымдығы бойынша «Май өндірісінің шағындарынан мұнайгаз саласы үшін тиімді материалдарды алудың технологиясын құрастыру» тақырыбындағы 018/ПЦФ-қа (2015-2017 жж.) сәйкес орындалған.

**Зерттеу жұмысының нысаны.** Диссертациялық жұмыстың зерттеу нысандары: Құмкөл мұнайы және оның өнімдері, мұнай гудроны, мақта майы өндірісінің қалдығы – госсипол шайыры, аминофенол, полиакрилонитрил, бутилметакрилат,  $\alpha$ -олефин, винилацетат, стирол, олейн қышқылы, олейн қышқылының метил эфирі, фенилантранил және себацин қышқылы,

этиленгликоль негізінде депрессаторлар синтезделінді және алу технологиясы құрастырылды. Депрессаторларды алуда сополимерлену, поликондесациялау және модификациялау әдістерін қолдана отырып синтездеудің қолайлы шарттары анықталды.

Синтезделінген депрессаторлар Құмкөл кенорнының мұнайы мен мұнайөнімдерінің пайдалану қасиеттерін реттегіш ретінде қоданылды.

**Зерттеу тәсілі.** Зерттеу жұмысында қойылған мақсаттарды шешу үшін экспериментальды физика-химиялық және аналитикалық зерттеу тәсілдері таңдалды. Олар: фотоколориметрия, вискозиметрия, ИК-спектроскопиялық сараптама ИК-Фурье спектрометрінде Shimadzu IR Prestige-21 ішкі бөлігін көрсететін тақтайшасы бар PikeTechnologies фирмасының Miracle аппаратында анықталды; элементтік құрамы және құрылымы INCAEnergy (OxfordINSTRUMENTS) рентгенді энергодисперсті микроанализатор, электронды сұйықтық микроскобы ISM-6490LV(IED) және т.б.

Мұнай және мұнай өнімдерінің пайдалану қасиеттері: тығыздығы, қату және шекті сүзілу температурасы, реологиялық қасиеттері, сұйытылған және концентрлі ерітіндісінің тұтқырлығы капиллярлы вискозиметрлер көмегімен 298-363К температура шегінде тиісті мемлекеттік стандарттарға сәйкес анықталды.

**Зерттеудің мақсаты және міндеттері.** Диссертациялық жұмыстың мақсаты өндіріс қалдықтары – мұнай гудроны, мақта майының госсипол шайыры және мономерлер негізінде жоғарыпарафинді Құмкөл мұнайы және оның өнімдерінің пайдалану қасиеттерін реттеуге арналған отандық депрессаторларды синтездеумен алу технологиясын құрастыру және қолдану.

Қойылған мақсатқа жету үшін келесі мақсаттар қойылды:

- Құмкөл кенорнының мұнайы мен мұнайөнімдерінің, депрессаторларды синтездеуде қажетті матариалдар мен шикізаттардың физика-химиялық қасиеттерін зерттеу;

- радикалдық инициаторлар мен катализаторлар көмегімен поликонденсация, сополимеризация және модификациялау әдістерімен, мұнай гудроны, мақта майы өндірісінің қалдығы – госсипол шайыры, аминофенол, полиакрилнитрил, бутилметакрилат,  $\alpha$ -олефин, винулацетат, стирол, олейн қышқылы, олейн қышқылының метил эфирі, фенилантранил және себадин қышқылы, этиленгликоль негізінде депрессаторларды синтездеу;

- депрессаторларды алу барысында қолданылған сополимеризациялау, поликонденсациялау және модификациялау процесінде реакцияға кірісетін компоненттердің, катализаторлармен инициаторлардың қатынастары мен концентрацияға, температура мен уақытқа байланысты синтездеудің тиімді және оңтайлы жағдайларын анықтау;

- электронды микроскопия, ИК-спектрометрия, элементтік сараптама әдістерімен синтезделген депрессаторлардың физика-химиялық қасиеттерін зерттеу және құрылымын, химиялық құрамын анықтау;

- Құмкөл кенорнының мұнайлары және оның өнімдерінің пайдалану қасиеттеріне - қату температурасына, кинематикалық тұтқырлығына

синтезделген депрессаторлардың әсер етуін зерттеу және әсер ету механизмдерін анықтау;

- полимеризация мен поликонденсацияның екі сатылы процессін пайдаланумен депрессаторларды алудың тиімді және экономикалық үнемді технологияларын құрастыру.

**Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы.** Диссертациялық жұмыстың жаңалығы өндірістік қалдықтар – мұнай гудроны, мақта майының госсипол шайыры және аминофенол, полиакрилнитрил, бутилметакрилат,  $\alpha$ -олефин, винулацетат, стирол, олейн қышқылы, олейн қышқылының метил эфирі, фенилантранил және себацин қышқылы, этиленгликоль мономерлері негізінде көп функционалды қасиеттерге ие, комплексті депрессаторлар синтезделініп, алу технологиялары құрастырылды. Депрессаторларды синтездеуде мономерлерді екі сатылы радикалды сополимерлену, қышқылдық катализаторлар көмегімен поликонденсациялау, модификациялау әдістері қолданылып, өнімді алуды қамтамасыз ететін оңтайлы процестерімен параметрлері анықталып және экономикалық тұрғыдан тиімді шарттары айқындалды.

Синтезделінген депрессаторларды элементтік сараптама, электронды микроскопия, ИК-спектроскопия әдістерімен зерттеу нәтижесінде химиялық құрамы және құрылымы анықталды.

Алынған депрессаторларды Құмкөл мұнайы және өнімдеріне әр түрлі концентрацияда (0,001-0,5% мөлшерінде) және температурада (25-60<sup>0</sup>С) қосу арқылы, олардың физика-химиялық, реологиялық, пайдалану қасиеттеріне әсері зерттелініп, мұнайдың, дизельдік отынның, майдың пайдалану параметрлері күрт өзгертіндігі анықталды. Нәтижеде депрессаторларды Құмкөл мұнайын тасымалдауда және дизельдік отындармен майлардың пайдалану қасиеттерін, яғни тұтқырлықтары және қату температурасының төмендеткіштері ретінде қолдану мүмкіндіктері анықталды.

Депрессаторлардың мұнай және мұнайөнімдерінің құрылымына әсерін элементтік сараптама, электронды микроскопия және ИК-спектрометрия әдістерімен зерттеу нәтижесінде, құрылым түзу механизмі, кристалдану дәрежесі және кристалдар бетінде қорғау барьерін қалыптастырудан тұратындығы анықталды, бұл қорғау депрессаторларды синтездеу кезінде бірнеше мономерлерді қолдану нәтижесінде түзілген жаңа өнімнің депрессорлық тиімділігі құрылымына және химиялық құрамына тәуелділігі анықталды. Макромолекуланың негізгі тізбегімен байланысқан бірнеше мономерлердің құрамдас алкильді топтардың ұзындығы мен жоғары молекулалық салмақтың әсерінен синергетикалық процестің тиімділігі артатындығы анықталды және ол мұнай мен сұйық фазаларды қоршап алу нәтижесінде бір-бірімен әлсіз байланысқан кристалдық құрылымның қалыптасуын қамтамасыз етеді.

**Қорғауға ұсынылатын негізгі жағдайлар.** Құмкөл кенорнының мұнайы мен мұнайөнімдерінің, депрессаторларды синтездеуде қажетті матариалдар мен шикізаттардың физика-химиялық қасиеттері зерттелінді.

Тәжірибеде поликонденсация, сополимеризация және модификациялау әдістерімен, мұнай гудроны, мақта майы өндірісінің қалдығы – госсипол шайыры, аминофенол, полиакрилнитрил, бутилметакрилат,  $\alpha$ -олефин, винилацетат, стирол, олейн қышқылы, олейн қышқылының метил эфирі, фенилантранил және себацин қышқылы, этиленгликоль негізінде радикалдық инициаторлар мен катализаторлар көмегімен көп функционалды қасиеттерге ие, комплексті депрессаторлар синтезделінді.

Депрессаторларды синтездеуде сополимеризациялау, поликонденсациялау және модификациялау процесінде реакцияға кірісетін компоненттердің, катализаторлармен инициаторлардың қатынастары мен концентрацияға, температура мен уақытқа байланысты тиімді және оңтайлы процестерімен параметрлері анықталды.

Тәжірибеде депрессаторларды физика-химиялық қасиеттерін электронды микроскопия, ИК-спектрометрия, элементтік сараптама және басқада әдістермен зерттелініп, құрылымы мен химиялық құрамы анықталды.

Тәжірибеде депрессаторлардың Құмкөл кенорнының мұнайлары және оның өнімдерінің пайдалану қасиеттеріне, яғни қату температурасына, кинематикалық тұтқырлығына әсері зерттелінді және әсер ету механизмдері анықталды.

Полимеризация мен поликонденсацияның екі сатылы процессін пайдаланумен депрессаторларды алудың тиімді және экономикалық үнемді технологиялары құрастырылды.

**Жұмыстың теориялық құндылығы.** Поликонденсация екі сатылы радикалды механизм бойынша полимеризациялау және модификациялау процестерін қолдана отырып мұнай гудроны, мақта майы өндірісінің қалдығы – госсипол шайыры, аминофенол, полиакрилнитрил, бутилметакрилат,  $\alpha$ -олефин, винилацетат, стирол, олейн қышқылы, олейн қышқылының метил эфирі, фенилантранил және себацин қышқылы, этиленгликоль негізінде радикалдық инициаторлар мен катализаторлар көмегімен көп функционалды қасиеттерге ие, комплексті депрессаторлар синтезделінді және алу технологиясы құрастырылды.

Депрессаторларды синтездеуде реакцияға кірісетін компоненттердің, катализаторлармен инициаторлардың қатынастары мен концентрацияға, температура мен уақытқа байланысты тиімді және оңтайлы процестерімен параметрлері анықталды.

Депрессаторлардың мұнай және мұнайөнімдерінің әр түрлі концентрацияда (0,001-0,5% мөлшерінде) және температурада (25-60<sup>0</sup>С) қосу арқылы, олардың физика-химиялық, элементтік сараптама, электронды микроскопия, ИК-спектрометрия, реологиялық және пайдалану қасиеттеріне әсері зерттелініп, зерттеу нәтижесінде, тұтқырлықтары және қату температурасының төмендеткіштері ретінде қолдану мүмкіндіктері және құрылым түзу механизмі, кристалдану дәрежесі мен кристалдар бетінде қорғау барьерін қалыптастырудан тұратындығы анықталды.

**Жұмыстың практикалық құндылығы.** Диссертациялық жұмыстың құндылығы өндіріс қалдықтары және мономерлер негізінде депрессаторларды екісатылы радикалды механизм бойынша полимеризациялау, поликонденсациялау, модификациялау процестері қолданылып, синтездеудің оңтайлы және тиімді процестері мен параметрлері анықталып, алу технологиясы құрастырылды.

Алынған депрессаторлар 0,001-0,5 мас.% концентрацияда мұнай және мұнай өнімдерінің пайдалану қасиеттерін жақсартады, яғни кинематикалық тұтқырлықтарын және төментемпературалы көрсеткіштерін төмендеткіш ретінде ҚР жоғарыпарафинді мұнайларын тасымалдауда және мұнай өнімдеріне қолданылуға ұсынылады.

**Сенімділік дәрежесі және нәтижелер апробациясы.** Диссертациялық жұмыс материалдары түрлі халықаралық республикалық конференциялар мен симпозиумдарда, яғни: «Мұнайгазөңдеу-2013», (Уфа, 2013 ж.), халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференция еңбегінде. «Қазіргі жаһандық сын-қатерлер жағдайындағы тәуелсіз Қазақстанның ғылымы, білімі мен мәдениетінің дамуы», М.Әуезов атындағы оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінің құрылғанына 70-жыл толуына арналған (Шымкент, 2013 ж.), халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда. международная научно-практическая конференция. «Инженериядағы инновациялық көзқарас – Қазақстан экономикасы дамуының негізі» Қазақстан халықтар достығы университетінің 15–жылдық мерейтойына және Қазақстан халықтар ассамблеясының 20–жылдығына арналған (Шымкент, 2015 ж.), халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияның еңбектер жинағында. Сонымен қатар екі технологиялық платформаның қорытынды отырысында, яғни, «Көмірсутерді алу және қолдану» және «Көмірсулы ресурстарды терең түрде қайта өңдеу» VII (2014 ж.) халықаралық өнеркәсіптік-экономикалық форумдарында (жұмыс мерзімі 2014 ж. дейін) Мәскеу қ., И.М.Губкин атындағы мұнай және газ РМУ, 2014 ж.

Синтезделінген депрессаторларды Құмкөл мұнайы және өнімдерінің пайдалану қасиеттерін тиімді реттегіші ретінде қолданылуы 5B073900 – Мұнайхимия және 5B072100 – Органикалық заттардың химиялық технологиясы студенттеріне оқыту үрдісіне ендірілді.

Жұмыс нәтижелерінің дәлдігі заманауи физика-химиялық тәсілдермен зерттеу, ғылыми айналымға жаңа теориялық және эмпирикалық материалдарды жалпылау және енгізу, дәлдігі жоғары анализ тәсілдерін қолдану арқылы анықталды.

**Жұмыс тақырыбы бойынша жарияланымдар.** Диссертациялық зерттеулердің негізгі нәтижелері 13 ғылыми жұмыстарда жарияланған, соның ішінде: 6 мақала ҚР Білім және Ғылым саласын бақылау бойынша комитеттің ұсынған басылымдарда, 1 мақала «Oriental Journal of Chemistry, Индия, 2015 ж.), «Scopus» және 1 мақала «Chimica Oggi – Chemistry Today», Италия, 2016 ж.), Thomson Reuters базасына кіретін ғылыми журналында, 5 мақала халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында, соның ішінде 3 мақала шетелдердегі конференциялардың материалдарында жарияланған.

**Диссертация құрылымы мен көлемі.** Диссертация кіріспеден, аналитикалық талдаудан, негізгі бөлімнен, қорытындыдан, қолданылған әдебиеттерден тұрады. Жұмыс 127 беттен, 30 суреттен, 40 кестеден, 166 пайдаланылған әдебиеттен, 1 қосымшадан тұрады.



## 1 АНАЛИТИКАЛЫҚ БӨЛІМ

### 1.1 Депрессорлық қосындылардың көмегімен мұнай мен мұнайөнімдерінің қасиеттерін реттеу

Қазіргі уақытта дүниежүзінде алынатын мұнайлар парафиннің жоғары мөлшерімен сипатталады [1-6].

Парафиндік мұнайлардың қасиеттерін зерттеу бойынша кең тәжірибелік мәліметтерге қарамастан, зерттеулер ішінде мұнайдың белгілі бір компонентінің оның тұтқырлықты-температуралық қасиеттеріне әсер ету дәрежесіне бірдей көзқарас жоқ [7-10].

Жоғарыда аталған мәселелерді шешу кезінде мұнайға депрессаторлардың әсер етуін бағалау критерийлері болып қату, парафиннің тұну температурасын және реоголиялық сипатамаларды – динамикалық тұтқырлықты, қату температурасына жақын температураларда ығысудың шектік кернеуін төмендету болып табылады.

Депрессаторларға n-парафиндердің жақсы араласуы, кристалданатын парафиндермен әсер етуі қажет осы қоспалардың әсер ету механизмімен түсіндіріледі.

Депрессаторларға әсер ету механизмі мұнайдың барлық сұйық фазасын алатын, кристалдық құрылымның қалыптасуына кедергі болатын, қорғау барьерінің кристалдарының бетте пайда болуымен түсіндіріледі. Нәтижесінде гельдің қалыптасу температурасы төмендейді және қалыптасқан кристалды құрылымның механикалық беріктігі, депрессаторсызға қарағанда төмен болады.

Мұнайлардың құрамындағы алкандар, оларға әсер ету тиімді болу үшін жоғары молекулярлық салмағы бар, тек қана полимерлік заттар қамтамасыз ететін, қосылыстармен біріктіру қажет болатындай өте ұзын. Дизельдік отынға жақсы депрессатор болып саналатын, сополимерлер мен полимерлер мазут пен мұнайларда тиімсіз (немесе тиімділігі өте төмен) болады. Молекулярлық салмақты, кейде алкильдік топтарды жоғарылату кезінде олар мұнайға тиімді депрессаторлар болып саналады. Берілген жағдайға арналған депрессаторлардың бұл ерекшелігін әртүрлі химиялық табиғаты бар қосындыларды пайдалану кезінде бақылауға болады.

Депрессаторларды белгілі бір тобының депрессорлық белсенділігі оның тек қана бір үлгісі бойынша бағаланады, демек қосынды құрамының тербелу мүмкіндігі ескерусіз. Бірақ та қосындылар құрамын пайдалану мүмкіндігі, әсіресе сополимерлер үшін кең, өйткені сополимерлер мономерлік буынның әртүрлі қатынасындағы макромолекулалардан тұра алады. Ал осы молекулярлық параметрлердің әрқайсысы сополимерлердің депрессорлық қасиеттерін түсіндіреді.

Әртүрлі функционалды мақсатқа арналған қосындыларды қарқынды пайдаланылуына қарамастан, олардың әсер ету механизмінің теориялық негіздемесі дау туғызатын мәселе болып қала береді.

Мұнай алу жерінде өңделмегендіктен, оларды тасымалдау кеңінен таралған. Мұнайды тасымалдау кезінде парафиндердің кристалдануының әсерінен және мұнайдың тұтқырлығының жоғарылауының әсерінен бірқатар күрделі мәселелер туындайды: құбырдағы қысымының жоғарылауы, сораптарға электр-энергиясының шығыны және олардың тозуы, құбырдың өткізу қабілеттілігін төмендеуі [11]. Суық климаттық аймақтарда мұнайды тасымалдау мұнай құбырының ішкі қабырғаларында парафиндердің шөгуінен қиындай түседі, демек мұнай құбырының көлденең қимасы жіңішкереді және нәтижесінде өнімділігі төмендейді. Жоғарыпарафиндік мұнайды құбырда тасымалдау ерекшелігі келесіде, топырақ температурасында мұнай құбырының орнату тереңдігінде олар аномалды қасиеттерге ие болады, демек мұнайды игеру, жинау және тасымалдау кезінде олардың тұтқырлығының жоғары мәнімен және қату температурасының жоғары болуымен, ығысудың статикалық және динамикалық кернеуімен байланысты.

Мұнай құбыры мен жабдықтардың ішкі бетінде парафиннің шөгуінің екі мүмкін нұсқасы қарастырылады [12,13]: мұнай құбырының суық қабырғасымен немесе айдалатын мұнай жүйесінің ағымында әсерлесу кезінде мұнай ерітіндісінің қанығуының салдарынан. Газ конденсаттар мен жоғарықататын мұнайлардың аққыштығын жақсарту үшін, сонымен қатар парафиншөгудің алдын алу үшін жүйеге парафиншөгудің депрессорлы қосындыларын немесе ингибиторларын ендіру арқылы, олардың әсер етуін көлемдік және беттік механизммен түсіндіріледі [14-17].

Қазіргі таңда мұнай және мұнай өнімдерінің пайдалану қасиеттерін реттеу мақсатында бірнеше бағытта жұмыс атқаратын депрессорлы қосындыларын алу және қолдану технологиясы қарастырылған [18-31].

Қазіргі уақытта пайдаланылатын депрессаторлық қосындылар; синтетикалық қосындылар (R-140, GY-3, Данокс-501, ДМН-2005 және AP-174) шетелден жеткізіледі және бағасы жоғары болады, сонымен қатар олар төмен депрессорлық белсенділікке ие. Одан бөлек, олардың кейбіреулерін алу технологиясы бірқатар кемшіліктерге ие. Соңғылар қатарына келесілер жатады:

- көпсатылық, коррозияға белсенді өнімдердің қалыптасуы мен оларды пайдалану (алкилароматикалық қоспалар);

- бастапқы реагенттердің төмен конверсиясы және осыған байланысты үлкен техникалық қиындықтар мен материалдық шығындар.

Депрессорлы қосындылар мұнайдың қату температурасын тиімді төмендетеді және төменгі температураларда олардың өту қабілетін көтереді. Депрессорлардың (депрессия-төмендету деген сөзден) әсерінің тетігі түпкілікті әлі белгілі емес. Тетіктің екі варианты болуы мүмкін: а) қосындылар бөлшектерінің айналасына парафин кристалдары топтанғанда, беттік әсер орын алуы; б) парафин бөлшектерінің құрылымы бұзылған кезде және кристалданушы бөлшектердің көлемі азайғанда, көлемдік әсер орын алуы. Олар парафин кристалдарының өсуіне кедергі болады және кристалдық тор құрылымын бұзады, соның нәтижесінде жылжу қасиетін жоғалту температурасын төменгі температура аймағына ауыстырады. Мұнай өңдеу

саласында, АзНИИ және АзНИИ-ЦИАТИМ-1, хлорпарафинмен, нафталинмен және фенолмен конденсацияланған өнімі болып саналатын, присадкалар тағы да АФК (кальций алкилфенолятты) және ПМА "Д" (метакрил қышқылы эфирлерінің және нормалды құрылымды май спирттерінің қосындысының полимерлену өнімдері), көп қолданылады. Депрессаторларды кейбір кездерде реактив және дизел отындарына да қосып, олардың қату температураларын төмендетеді.

Қазақстан Республикасында тек шетелде өндірілген депрессаторлы қосындылар пайдаланылады, негізінен Ресейлік, бірақ бірте-бірте қазіргі нарықта оларды шетелдіктер ығыстыруда. Мұнай кенорындарында қойылған тауарлы депрессорлы қосындылар балауыз тәрізді қатты заттар. Химиялық табиғаты бойынша барлық қосындылар бір-біріне ұқсас. Олардың әрекетіндегі айырмашылығы қосындылардың мұнайға технологиялық кіруі және құрамының ерекшелігімен түсіндіріледі. Жалпы технологиялық өңдеу кезеңінде, осымен қатар қыздыру, сұйытылған еріткіштерді дайындау және мұнайға дозалауда жүреді. Технологиялық тұрғыдан қарағанда, мұнайға қосындыларды жеке қабылдауды еске сақтау маңызды. Яғни, әр мұнайға керекті, жұмыс жасауы басқаларға қарағанда әсерлі экспериментті қосындылардың бірін таңдап алу қажет.

Әр түрлі синтезделген және қазір мұнайға және мұнай өнімдеріне қолданылып жатқан депрессорлы қосындылардың активті заттары химиялық табиғаты бойынша келесідей классификацияланады:

1) Полимерлі заттар:

- полярлы мономерімен этилен сополимері;
- полиолефин және оның модификациясы;
- алкил(мет)акрилат полимері;
- малеин және фумар қышқылынан өндірілген полимерлері;

2) Органикалық (полимерлі емес) қосылыстар:

- алкил ароматты қосылыстар;
- шайырлы-асфальтенді заттар;
- күрделі эфирлер;
- азоты бар қосылыстар.

Қазір депрессорлардың көп екені белгілі және жыл сайын жаңалары қосылып жатыр, көптеген төмен эффективті депрессорлардың және қолдану шарттарының әртүрлілігі сұраныстың қанағаттандырмайтынын көрсетіп тұр.

Мұнайдың шайырлы сұйық компоненттері табиғи депрессор болып табылады, яғни қату температурасын төмендету үшін шайырлы мұнайды парафиндіге қосуға болады. Жоғары парафинді мұнайға жақсы депрессор ретінде ДН-1 қосындылары алынады, бұл полимерлі БАЗ. АзНИИ депрессоры – диалкилнафталин; Азолят–этанол аминнің күрделі эфиірі және ВМС майлы қышқылы, олар қату температурасын 28-30°C – қа дейін төмендетеді. Импортталатын депрессорлар - ХТ-4S пат. США №4005020, №4192767 40% сульфаттан, 30% алюминий нафтенатынан және де 30% полиэтиленгликольдың моноалкилді эфиірінен тұрады. АҚШ № 4362533 патенті

бойынша депрессорында этилен сополимері - 65,1%, винилацетаты – 19,9%, стирол – 15,0%-дан тұрады. Мұнайға 0,0026% қоспа қосу барысында оның қату температурасы 32 ден 1–ге түседі; ал 0,012% қоспа қоссақ 32–ден -19°С-қа түседі.

Қазақстанның мұнай кенорындарында қолданылатын депрессорлы қосындыларды «Baker Peirolie» (Ұлыбритания) парафинді ингибитормен «РАО», «Aiofina Sesa» (Франция) «Прошнор AP-7», «КАО Мицуи» (Жапония) парафинді ингибитормен «Danox PSPHRSH» және «R-140», «Infenium» (Нидерланды) парафинді ингибитормен «Serwa», «Деиран» (Россия) парафинді депресатормен «DMN», «MI Production Chemicals» (Норвегия) парафинді ингибитормен «PI», «China Petroleum Technology and Development Corporation» (Қытай) парафинді ингибитормен сериясы «ВНМ», «СЕ», «ВJ», «DQ» және т.б.

ИҚ-спектрометрлік талдау әдісімен Қазақстанның аномальді мұнайына түрлі депресорлық қосындылар әсерін зерттеген зерттеулер авторлары кейбір Қазақстанда қолданылатын депрессорлы қосындылар - РАО 83137, DMN-2005, AP 174, R-170, R-1S5, R-185, Dodiflow 4888 және РАО 83110 қосындылардың винилацетатты типіне жатқызылатындығын айтады. Авторлар РАО 80023, РАО 82315, AP 757, AP 880, РАО 83119, РАО 23363, РАО 82259, CW 288, Inlenium RI05 депресаторлар сипаты бойынша өзіне тән жұту жолақтарының сипаты бойынша қосындылардың аралас типіне немесе акрилаттық немесе қосындылардың аралас типіне жатқызылады [32].

Кесте 1-де қазіргі уақытта пайдаланылатын депресаторлық ДМН-2005 қосындының түрлі кенорындағы мұнайға қолданудың тәжірибелік деректері [33].

Кесте 1 - ДМН-2005 Қазақстандағы кенорындағы мұнайға қолданудың тәжірибелік деректері

Мұнай	Тығыздығы, кг/м <sup>3</sup>	Қосындының конц, % масс	Т <sub>қату</sub> , °С		Депрессия, °С
			қосындысыз	қосындымен	
Кен орны 1	818	0,01	10	-6	16
Кен орны 2	855	0,05	22	10	12
Кен орны 3	854,4	0,05	20	10	13
Кен орны 4	843,8	0,01	27	14	10

Осы жағдайға байланысты Қазақстан үшін өзекті болып сапалы көрсеткіштерден бөлек, реагент бағасымен және ҚР-да мұнайды тасымалдау мен дайындау жүйесіне ендірумен анықталатын, экономикалық тиімділікті жоғарылатуға мүмкіндік беретін тиімді қосындыларды тұрғызу және таңдау болып табылады.

Депрессорлық қосындыларға қойылатын талаптар жайында айтатын болсақ, олар:

– қату температурасын, ығысудың статикалық және шектік динамикалық кернеуін, сонымен қатар, айдаудың минималды температураларында ағудың

ньютондық сипатын бере отырып, қату температурасына жақын температураларда мұнайдың тиімді тұтқырлығын төмендету;

- мұнайды тасымалдау мен сақтау мерзімінде реологиялық жақсарған қасиеттерін тұрақты қамтамасыз ету;

- жабдықтың парафинделінуінің алдын алу немесе қысқарту;

- ағымға өлшеу, мысалы, мұнай құбырында орнатылған сорап-мөлшерлегіштің және форсунканың көмегімен;

- жеткізу процессінде оларды ұзақ уақытта сақтау қабілеттілігі тұрақты қасиеттерге ие болу;

- қажетті мөлшерде шығарылуы және жоғары қататын мұнайларды мұнай құбырында тасымалдауға қойылатын экономикалық талаптарға сәйкес келетін құнға ие болу;

- жоғарыпарафиндік мұнайды тасымалдау мен игеру кезінде пайдаланылатын, басқа да химиялық реагенттермен бірігу қабілеттілігіне ие болу қажет.

Қазіргі уақытта мұнай мен мұнайөнімдеріне депрессорлық қосынды аймағында жоғары қызығушылыққа ие екі немесе одан да көп белсенді заттардан тұратын композициялық қосындыларды тұрғызу. Әртүрлі физика-химиялық қасиетермен түсіндірілетін, мұнайдың құрылымдық-механикалық қасиеттерінің нәтижесінде, мұнайдың әр типі үшін өзінің қосындысын таңдау қажет. Осыған байланысты, спецификалық қосындысын өту әдісі ретінде функционалды топтардан тұратын қосындыны дайындау немесе құрамы бойынша ерекшеленетін бірнеше мономерлердің негізіндегі екі сатылы синтез саналады. Бұл қосындылардың сипаттық ерекшелігіне бір жанынан қосынды компоненттері өзара бір-бірінің депрессорлық қасиеттерін күшейтетін, екінші жағынан бір компонент екіншісінің депрессорлық тиімділігін төмендетпей, жалпы қосындының функционалдық әсерін кеңейтуге мүмкіндік беретін, синергизм тиімділігін пайдалану мүмкіндігі жатады [34-38].

Поликомпонентті композициялық қосындыларды жан-жақты зерттеу, синергизм құбылысын қату температурасын парафинді және жоғарыпарафинді мұнайдың реологиялық сипаттарын төмендету үшін пайдалануға мүмкіндік береді. Осыған байланысты беттік-белсенді заттардан тұратын, композициялық қосындылар кеңінен пайдаланылады [39].

Депрессорлық қосындыларды пайдаланудың өндірістік тәжірибелері, олардың ішіндегі ең тиімділері өте күрделі эфирлермен (винилацетат, акрилді, метакрилды қышқылдар, малеиндік ангидрит) этилен саополимерлерінің базасында негізделінгендігін көрсетеді.

Синтезделген депрессорлық қосындылардың маңызды ерекшелігі болып, алынатын жоғары экономикалық тиімділік пен мұнайдың тасымалданатын ағымына ендіру жеңілдігі табылады.

## 1.2 Дизельдік отындарға арналған депрессорлық қосындылардың сипаттамасы

Дизельдік отындардың құрамындағы n-парафиндер температура төмендегенде жеңіл кристалданады. Кристаллизацияланудың басы отынның қоюлауында жүреді. Осыдан кейін кристалдар өседі және белгілі бір өлшемдерде және концентрацияда беттік құрылымды қалыптастырады. Осы процесстің нәтижесінде отын жылжымалығын жоғалтады және құбырөткізгіштер мен сүзгіштер арқылы нашар айдалады. Депрессаторлық қосындылардың тиімділігі дизотынның сипаттамасы мен оның құрамына қатты тәуелді. Отын депрессаторларға осы немесе басқа да сәйкестікке ие, және бұл көрсеткіш өте маңызды ғылыми-техникалық мәселе болып табылады. Оны қарастыру кезінде негізгі момент болып депрессаторлардың парафиндер кристалдарымен әсерлесу принципі табылады, және осыған байланысты осы мәселенің екі деңгейін атап айта аламыз: дизельдік отындардың фракциялық және топтық көмірсутектік құрамының әсері және дизель отынның құрамындағы, парафиндердің физика-химиялық сипаттамаларының әсері.

Kriz, Andersen асфальтендердің парафиндердің кристалдануына әсерін зерттеу кезінде, бұл тиімділіктің, олардың типі мен құрылымына қарағанда депрессия дәрежесіне немесе асфальтендердің флокуляциясына тәуелді екендігін айтты. Асфальтендер өте төмен концентрацияларда жақсы диспергирленген жағдайда, олар парафиндермен жеңіл әсерлеседі және парафиннің құрылымына толық кіре алады. Сонымен қатар, берілген жүйеде парафиндердің кристаллизациялануы үшін олардың құрамында асфальтендердің болуына байланысты жылжымалы күш көбірек қажет болады. Бұл асфальтендердің полимер ретінде әсер ету механизмін көрсетеді [100].

Venkatesan, асфальтендер полярлық топқа жататындығы, сонымен қатар алкилдік тізбектің болатындығын және білгілі бір дәрежеде мұнайда ерігіштікке ие екендігін атап өтті. Депрессорлық сипаттамалармен байланысты және парафинмен бірге тұнудан тұратын, әсер етудің механизмі кристалдардың өсуіне немесе агломерацияның алдын алу үшін парафиндер кристалдарының жабылуына кедірге болады

Нарықта ұсынылатын тиімді депрессорлы-ингибитор қосындылардың түрлерінің өте көп болуына қарамастан, ғылыми әдебиетте мұнайдың химиялық құрамына байланысты олардың пайдаланылуы жайында ұсыныстар жоқ, сондықтан әрбір белгілі жағдайда зертханалық және өндірістік зерттеу жолымен сәйкес қосындылар таңдалады, бұл уақыттың жоғары шығынын қажет етеді.

Полимерлік депрессорлық қосындылардың тиімділігі көп мөлшерде осы қосындылардың молекулаларының құрылымына байланысты болады, әсіресе көмірсутектік тізбектің тармақталу дәрежесі мен ұзындығына, полимердің молекулярлық салмағына, алкилдік алмастырушылардың орналасуы мен табиғатына байланысты болады.

Әрбір мұнай үшін тиімді қосынды бастапқы мұнайдың парафиндер тізбегінің ұзындығымен сәйкес келетін, парафиннің құрылымға ие болуы қажет. Тізбек ұзындығы кристалдану процессінде қосындылардың тиімді қатысуы үшін, және сәйкесінше, қату температурасының төмендеуіне қажет. Тізбек ұзындығы бойынша парафиндердің аз ғана таралуы кезінде қосындылар тиімділігін оның мөлшерін өзгерту арқылы қалпына келтіруге болады [101].

Бірінші бөлімді қорытындылай келе, әдебиеттік және патенттік көздерді сараптамалау кезінде, депрессорлық қосындыларды және асфальттішайырлыпарафиндік шөгінділердің ингибиторларарын алғашқы болып тұрғызуда АҚШ мен Ресей елдері жоғары белсенділікке ие екендігі көрінеді. Бірақ та, өндірісте тұрғызылатын және пайдаланылатын реагенттер кешендік әсерге ие еместігін және қымбат бағалы шикізаттарды пайдалануға негізделгендігін айта кеткен жөн, бұл мұнайдың құнына әсер етеді.

Осыған байланысты, депрессорлық қосындыларды және жоғары ингибиторлар АППШ-ге қабілетті және жоғары реологиялық қасиеттермен сипатталатын, қол жетімді және арзан шикізат негізіндегі, химиялық жүйелерді

тұрғызу, мұнайды игеру мен тасымалдау кезінде экономикалық және технологиялық шығындарды төмендету үшін өзекті шешім болып табылады. Осы жағынан депрессаторларды синтездеу және оларды Қазақстанның жоғарытұтқырлы мұнайы үшін пайдаланылуы бойынша өз үлесін қосқан ғалымдар[102- 109 ].



## 2 ЗЕРТТЕУ НЫСАНДАРЫ ЖӘНЕ ӘДІСТЕРІ

### 2.1 Зерттеу әдістері

Қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін физика-химиялық және аналитикалық зерттеу әдістері тандалынып алынған: фотоколориметрия, вискозиметрия, ИҚ-спектроскопиялық сараптама ИҚ-Фурье спектрометрінде Shimadzu IR Prestige-21 ішкі бөлігін көрсететін тақтайшасы бар PikeTechnologies фирмасының Miracle аппаратында анықталды. Элементтік құрамы және құрылымы INCAEnergy (OxfordINSTRUMENTS) рентгенді энергодисперсті микроанализатор, электронды сұйықтық микроскобы ISM-6490LV(IED) және т.б. [110-114].

Мұнай және мұнай өнімдерінің пайдалану қасиеттері: тығыздығы, қату және шекті фильтрлену температурасы, реологиялық қасиеттері, сұйытылған және концентрлі ерітіндісінің тұтқырлығы капиллярлы вискозиметрлер көмегімен [115-126] 298-363К температура шегінде МЕСТ-тарға сәйкес анықталды.

**Парафиндердің мөлшерін анықтау әдістемесі.** Мұнайдағы парафиндерді анықтау МЕСТ 11851-85 бойынша жүзеге асырылады.

Берілген стандарт мұнайдағы парафиндердің салмақтық мөлшерін анықтаудың екі әдісін орнатады (А және Б). А әдісі мұнайдан асфальтты-шайырлы заттарды алдын ала шығаруды, олардың экстракциясын және минус 20°С температурасында ацетон және толуол қоспасымен парафинді бөлумен, оларды адсорбциялауды қарастырады [115].

**Мұнай мен мұнайөнімдерінде шайырдың, парафиндер мен асфальтендердің мөлшерін анықтау әдістемесі.** Асфальтендердің, парафиндердің және шайырдың мөлшерін экстракция әдісін пайдаланумен және МЕСТ 11851-85–ке сәйкес сұйықтықты хроматографияға сәйкес анықтайды [115]. Әдістеме еріткіштерде АШПШ компоненттерінің әртүрлі ерігіштігіне және олардың силикагелге сорбциялық қабілеттілігіне негізделген.

АШПШ – асфальттішайырлыпарафиндік шөгінділердің органикалық бөлігі 1:40 көлемдік қатынасында гептанмен құйылып, тиімді араластырылып және 15-16 сағатқа қараңғы бөлмеге қойылды. Гептанда көмірсутектер және шайыр ериді және гептанның порциясының сүзгісіне шайылатын, асфальтендер тұнады. Асфальтендері бар сүзгіні 80°С температурасында тұрақты салмаққа дейін кептірілді. АШПШ үлгісінің салмағына қатысты асфальтендердің пайыздық мөлшері анықталды.

Қалған көмірсутектер мен шайырды АСКГ маркалы силикагельмен 1:6 (масс) қатынасында араластырады. Бұл қоспаны жақсы адсорбциялануы үшін 6-8 сағат ұстайды. Сүзілген қағаздан патроннан қосындыны Сокслет аппаратына түсіреді. Көмірсутектерді гексанмен түссіз ерітінді пайда болғанға дейін экстрагирлейді. Осыдан кейін шайырды силикагельмен экстракциялауды спиртті-эфирлі қоспамен жалғастырады. Шайыр мен парафиндер ерітінділерінен ерітінділерді айдайды. Органикалық қалдығы бар колбаны кептіру шкафында тұрақты салмаққа дейін кептіреді және оның мөлшерін қалдығы бар колба мен бос колбаның салмағының айырмашылығы бойынша

анықтайды. Әр қалдықтың салмағын АШПШ үлгісінің салмағына келтіріп, оның мөлшерін анықтадық (% масс.) [115].

**Мұнайдағы судың мөлшерін анықтау әдістемесі.** Мұнайдағы судың мөлшерін МЕСТ 2477-65-ке немесе ASTM D4006-ға сәйкес анықтадық. Әдістің маңызы суды ерімейтін еріткішпен мұнай үлгісін жылытуда және концентріленген судың көлемін өлшеуде.

Мұнайдағы судың мөлшерін центрифугамен анықтау әдістемесі.

Әдістің маңызы, тұтқаның айналуы кезінде пайда болатын ортадан тепкіш күштердің әсерінен және жоғары температурада дезмульгаторды мұнайға қосумен мұнайда судың еруі жүреді. МЕСТ 2477-65 бойынша 170°C температурада 3 минут көлемінде тұтқаның айналуы 1000 айн/мин жылдамдықпен жүруі қажет [116,117].

**Мұнайдың аққыштығын жоғалту температурасын өлшеу әдістемесі.** Әдістің маңыздылығы зерттелетін мұнайдың үлгісін 50°C температурада, кейін мұнайдың қату температурасынан төмен температураға дейін суытумен, алдын ала жылытуда. Бұл жағдайда менисктің стандартты ығысуы қату кезінде емес, мұнай үлгісін тұндыру кезінде бақыланады [118].

**Реагенттің депрессорлық тиімділігін бағалау әдістері.** Аққыштықты жоғалту температурасы ASTM 5853 стандарты бойынша анықталады [119]. Мұнай үлгісін 60°C температураға дейін жылытып, оған депрессорлық қосындыны есептелген мөлшерін қосады. Қосындыны берілген температурада 30 минут көлемінде электромеханикалық араластырғышпен араластырады. Осыдан кейін мұнай үлгісін баяу 20°C-қа дейін суытып, өлшеуді жүзеге асырады.

Зерттелетін өнімді пробиркаға құяды және суыту қоспасына түсіреді. Өнім қату температурасын анықтау үшін белгіленген температураға жеткен кезде, сынауықты 45° бұрышта қисайтып, сынауық менискінің ығысуын бақылайды. Мениск түскен жағдайда, әр 4°C сайын температураның төмендеуі бойынша үлгіні шығарып, зерттеуді ары қарай мениск қатқанға дейін жүргізеді. Үлгінің аққыштықты жоғалту температурасын 1 минут көлемінде ығыспайтын мениск бойынша тіркейді.

**Асфальтті-шайырлы-парафиндік шөгінділердің еріткіштерінің ыдырату қабілеттілігін және еріту қабілеттілігін анықтау әдістемесі.** Әдістеме АНК «Башнефть» ААҚ-мен СТ-17-03-02. негізінде тұрғызылған [120], ол термоөңдеуге жатпайтын, АШПШ-ні қиратуға арналған реагент-еріткіштердің тиімділігін бағалауға арналған.

АШПШ шөгінділерінен диаметрі 10-15 мм болатын шариктерді жасап, сымнан жасалған торға орнатады және 25 см көлемдік еріткішке түсіреді. Зерттеуді 6 сағат көлемінде жүргізеді және бұл кезде бірінші нәтижені визуалды бақылаудың негізінде 30 минуттан кейін кестеге ендіреді.

Уақыт біткеннен кейін шөгіндісі бар торды еріткіштен шығарып, өлшейді. Еріткіштің тиімділігін АШПШ -сы бар тордың зерттеуге дейін және кейінгі салмағының айырмашылығы бойынша есептейді.

**Мұнай өнімдерінің тығыздығын ареометрмен анықтау.** Мұнай өнімдерінің тығыздығы МЕСТ 3900-85 бойынша анықталады [121]. Мұнай және сұйық өнімдерінің тығыздығын ареометрде анықталды.

Мұнай және мұнай өнімдері жеке көмірсутектердің және басқа да кейбір қосылыстардың қоспасы болып табылады, сондықтан мұнайдың қасиеттерін зерттеудің және одан мұнай өнімдерін алудың ғылым үшін маңызы зор.

Бұл жұмыста мұнайдың кейбір көрсеткіштері, атап айтқанда: тығыздығы анықталады.

Тығыздық деп заттың көлем бірлігінің массасын атайды. СИ системасындағы тығыздықтың бірлігі  $\text{кг/м}^3$  болып табылады.

Заттың (мұнайдың, мұнай өнімінің) салыстырмалы тығыздығы деп оның массасының осындай көлеммен алынған дистилденген судың  $4^{\circ}\text{C}$ -ғы массасының қатынасына тең. Салыстырмалы тығыздықты  $20^{\circ}\text{C}$ -та анықтайды да,  $\rho_4^{20}$  деп белгілейді. Іс жүзінде тығыздықты  $20^{\circ}\text{C}$ -тан бөлек температурада анықтауға тура келеді, сондықтан тығыздықты Д.И. Менделеев ұсынған формула бойынша  $\rho_4^{20}$ -ға қайта есептеу қажет:

$$\rho_4^{20} = \rho_4^t + \gamma(t - 20), \quad (2.1)$$

мұндағы:  $\rho_4^t$  – сынақ температурасы кезіндегі тығыздық,  $\text{кг/м}^3$ ;

$\rho_4^{20}$  –  $20^{\circ}\text{C}$ -тағы салыстырмалы тығыздық,  $\text{кг/м}^3$ ;

$\gamma$  - тығыздықты  $1^{\circ}\text{C}$ -қа орташа температуралық түзету;

$t$  - сынақ жүргізілетін температура,  $^{\circ}\text{C}$ .

Заттың (мұнайдың, мұнай өнімінің) салыстырмалы тығыздығы деп оның массасының осындай көлеммен алынған дистилденген судың  $4^{\circ}\text{C}$ -ғы массасының қатынасына тең. Салыстырмалы тығыздықты  $20^{\circ}\text{C}$ -та анықтайды да,  $\rho_4^{20}$  деп белгілейді. Іс жүзінде тығыздықты  $20^{\circ}\text{C}$ -тан бөлек температурада анықтауға тура келеді, сондықтан тығыздықты Д.И. Менделеев ұсынған формула бойынша  $\rho_4^{20}$ -ға қайта есептеу қажет:

$$\rho_4^{20} = \rho_4^t + \gamma(t - 20), \quad (2.2)$$

мұндағы:  $\rho_4^t$  – сынақ температурасы кезіндегі тығыздық,  $\text{кг/м}^3$ ;

$\rho_4^{20}$  –  $20^{\circ}\text{C}$ -тағы салыстырмалы тығыздық,  $\text{кг/м}^3$ ;

$\gamma$  - тығыздықты  $1^{\circ}\text{C}$ -қа орташа температуралық түзету;

$t$  - сынақ жүргізілетін температура,  $^{\circ}\text{C}$ .

Бұл формула мұнай және мұнай өнімдерінің тығыздығы температураның жоғарылауымен азайып, оның төмендеуімен ұлғаятындығын көрсетеді. Алайда тығыздықты жоғарыда көрсетілген формула бойынша есептеудің нәтижесі мұнай және оның өнімдерінің тығыздығын анықтау  $0^{\circ}\text{C}$ -тан төмен емес және  $50^{\circ}\text{C}$ -тан жоғары емес температурада жүргізгенде ғана дұрыс болып шығады.

Температуралық түзетуді былай есептеп шығарады:

$$\gamma = 0,001828 - 0,00132\rho_4^{20}. \quad (2.3)$$

Мұнай және мұнай өнімдерінің тығыздығын есептеп шығару үшін басқа да бірқатар формулалар ұсынылған (Крэг формуласы, Баш НИИНП формуласы және т.б.).

Мұнай және сұйық өнімдерінің тығыздығын тәжірибе жүзінде ареометрмен Вестфаль-Мор гидростатикалық таразысымен және пикнометрмен анықтайды.

**Мұнай өнімдерінің тығыздығын пикнометрмен анықтау.** Мұнай өнімдерінің тығыздығы МЕСТ 3900-85 бойынша анықталады [121]. Мұнай және сұйық өнімдерінің тығыздығын пикнометрде анықталды.

Әдіс сыналатын мұнай өнімінің белгілі бір көлемінің массасын бірдей температурада судың дәл көлемінің массасымен салыстыруға негізделген.

Мұнай мен мұнай өнімдерінің тығыздығын оның химиялық құрамына байланысты, яғни мұнай өнімдерінің тығыздығы бойынша реактивті отындар, керосин, кейбір бензиндер нормаланған көрсеткіштер болып табылады. Әр түрлі мұнайлардың тығыздығы 0,7-1,2 дейін өзгеріп отырады. Негізінде мұнайдың көпшілігінің тығыздығы 0,80-0,90 құрайды.

Тығыздық компоненттердің құрылысы мен құрамына, қысым мен сұйықта еріген газдың санына байланысты болады. Көмірсутектердің тығыздығы келесі тәртіппен өседі: нормальды алкандар → нормальды алкендер → изоалкандар → изоалкендер → алкилциклогександар → алкилбензолдар → алкилнафталиндер.

Құрамында арендері көп мұнай өнімдерінің тығыздығы жоғары болады. Жоғары температурада қайнайтын мұнай өнімдерінің тығыздығы жоғары болады.

Бензиннің орташа салыстырмалы тығыздығы 0,750, керосин - 0,800, дизель отыны – 0,850, мазут – 0,950, май – 0,880-0,930 құрайды.

Көбіне зерттелінген мұнайдың тығыздығы 830-960 кг/м<sup>3</sup> құрайды. Мұнайдың тығыздығы төмен болған сайын, оның құрамында асфальтенді шайырлар төмен болады және алифатты қосылыстар жоғары болады.

Мұнайдың тығыздығы, геологиялық тұрғыда мұнайды өндіруде мұнайлы қабаттың тереңдігіне қарай бөлінеді. Көбіне мұнайлы қабаттың тереңдігі жоғары болған сайын, мұнай тығыздыққа ие болады. Мысалы, Ромашка девон мұнайының (енгізу тереңдігі 1700-1800 м) тығыздығы 862,0 кг/м<sup>3</sup>, ал ромашка карбонды мұнайдың (енгізу тереңдігі 1050-1060 м) тығыздығы 890,9 кг/м<sup>3</sup>, Татарстандағы Горский кен орнындағы перм битумының (енгізу тереңдігі 253-286 м) тығыздығы 991,0 кг/м<sup>3</sup>. Тығыздығы төмендігімен (720,5 кг/м<sup>3</sup>) сипатталатын Шығыс Сібірдегі мұнай (енгізу тереңдігі 2569-2601 м) болып есептеледі. Мұнай мен мұнай өнімдеріне арналған 1°С орташа температуралық түзету γ тығыздығын 3-кестеге қара

Кесте 3 - Мұнай мен мұнай өнімдеріне арналған 1°C орташа температуралық түзету γ тығыздығы

Тығыздық $\rho_{4,}^{20}$	Түзету $\gamma$	Тығыздық $\rho_{4,}^{20}$	Түзету $\gamma$
0,6900-0,6999	0,000910	0,8500-0,85499	0,000699
0,7000-0,7099	0,000897	0,8600-0,8699	0,000686
0,7100-0,7199	0,000884	0,8700-0,8799	0,000673
0,7200-0,7299	0,000870	0,8800-0,8899	0,000660
0,7300-0,7399	0,000857	0,8900-0,8999	0,000647
0,7400-0,7499	0,000844	0,9000-0,9099	0,000633
0,7500-0,7599	0,000831	0,9100-0,9199	0,000620
0,7600-0,7699	0,000818	0,9200-0,9299	0,000607
0,7700-0,7799	0,000805	0,9300-0,9399	0,000594
0,7800-0,7899	0,000792	0,9400-0,9499	0,000581
0,7900-0,7999	0,000778	0,9500-0,9599	0,000567
0,8000-0,8099	0,000765	0,9600-0,9699	0,000554
0,8100-0,8199	0,000752	0,9700-0,9799	0,000541
0,8200-0,8299	0,000738	0,9800-0,9899	0,000528
0,8300-0,8399	0,000725	0,9900-1,0000	0,000515
0,8400-0,8499	0,000712		

Тығыздық маңызды химмотологиялық көрсеткіш, яғни отын мен майдың пайдалану қасиеттерін анықтауға болады. Реактивті двигательдерге арналған отындар үшін 20°C-та тығыздығы 755-840 кг/м<sup>3</sup> жоғары болмауы қажет, жылдам жүретін дизельдер 830-860 кг/м<sup>3</sup>, орташа және аз айналатын двигательдерде 930-970 кг/м<sup>3</sup>, газ құбырлы қондырғыда 935 кг/м<sup>3</sup>, қазандық қондырғыда 955-1015 кг/м<sup>3</sup> болуы қажет.

Мұнайдың тығыздығы мен дистиллятты фракцияныңкен келесі өрнек бойынша есептейміз:

$$\rho_{4,}^{20}=2.037n_{D}^{20}-2.112 \text{ (мұнай үшін);}$$

$$\rho_{4,}^{20}=1.9851n_{D}^{20}-2.0666 \text{ (фракция үшін).}$$

Фракция үшін мынадай тәуелділіктер бар, егер олар парафин- нафтенді сипатта болса  $n_{D}^{20}$  мәні 1,50, ал  $\rho_{4,}^{20}$  0,88 жоғары болмаулары қажет.

Ароматты қосылыстармен байытылған фракция үшін:

$$\rho_{4,}^{20}=1,1885 n_{D}^{20}-0,8775.$$

Эксперименттік мәнің осы тәуелділіктен ауытқуы 4% көп болмауы қажет.

БашНИИНП мұнай фракциясының тығыздығын есептеу үшін төмендегі өрнекті қолданамыз:

$$\rho_{4,}^{20}=2,841n_{D}^{20}-3,468.$$

Химиялық құрамы белгісіз жаңа мұнайды зерттеу үшін эксперименттік әдістерді негізге алуымыз қажет.

Мұнайдың (мұнай өнімдерінің) тығыздығы эксперименттік 3 стандартты әдіспен анықталады: ареометр (нефтеденсиметр) мен Вестфаль-Мор және пикнометр. Бұлардың ішінде ареометрлік әдіс өте жылдам, ал пикнометрлік әдіс дәлірек анықтайды.

**Кинематикалық тұтқырлықты анықтау.** Мұнай және мұнай өнімдерінің кинематикалық тұтқырлығы МЕСТ 33-2000 бойынша анықталады [122,123]. Динамикалық тұтқырлықтың өлшем бірлігі - Па·с, іс жүзінде әдетте МПа·с қолданады. Динамикалық тұтқырлықты АКВ-2 және АКВ-4 автоматты капиллярлы вискозиметрлерінде немесе Реотест типті ротациялық вискозиметрде анықтайды.

Кинематикалық тұтқырлық сұйықтықтың динамикалық тұтқырлығының сол температурадағы тығыздығына қатынасы болып табылады. Бұл сұйықтықтың гравитациялық күштердің әсерінен ағуға қарсылығын өлшемі. Кинематикалық тұтқырлықтың өлшем бірлігі –  $\text{м}^2/\text{с}$ , іс жүзінде көбінесе  $\text{мм}^2/\text{с}$  қолданылады. Кинематикалық тұтқырлықты анықтаудың мәнісі – сыналатын сұйықтықтың белгілі бір көлемінің ауырлық күшінің әсерімен ағу уақытын өлшеуде. Мұнайдың кинематикалық тұтқырлығы ВПЖ-3 капиллярлы вискозиметрінде (капилляр диаметрі 1,2 мм)  $25\pm 1$  немесе  $40\pm 1$  температурада жүргізіледі.

Сынауды ВПЖ-1 типті (нөлден жоғары температураларда өлшеу үшін); ВПЖ-2 және ВПЖ-4 (Пинкевич типті) вискозиметрлерінде (кез келген температурада өлшеу үшін) жүргізеді. Мөлдір емес сұйықтықтардың тұтқырлығын ВНЖ вискозиметрінде; аз мөлшердегі ( $1\text{ см}^3$  көп емес) сұйықтықтың тұтқырлығын ВПЖМ микровискозиметрінде өлшейді.

Шартты тұтқырлық (ШТ) деп  $20^{\circ}\text{C}$ -тағы  $200\text{ см}^3$  зерттелетін сұйықтық-тың осындай мөлшердегі судың ағу уақытына қатынасын айтады. Шартты тұтқырлықтың өлшем бірлігі – шартты градус.

Мұнай және мұнай өнімдерінің тұтқырлығына температура едәуір әсер етеді. Оның төмендеуімен тұтқырлық ұлғаяды. Мұнай өнімдерінің тұтқырлық – температуралық қасиеттері олардың фракциялық және көмірсутектік құрамына байланысты. Тұтқырлығы неғұрлым аз көмірсутектер – алифатты көмірсутектер, неғұрлым көптері – ароматты көмірсутектер.

Отындар мен майлардың пайдалану кезіндегі маңызды көрсеткіші ағындылығы болып табылады. Мотор отындарының, газ-турбинді және қазандық қондырғыларға арналған отындардың ағындылығы едәуір дәрежеде тұтқырлыққа байланысты. Тауарлы отындар мен жағар майларға арналған техникалық талаптарда тұтқырлыққа тиісті шектеулер қойылған. Мысалы, жылдам жүретін дизелдерге арналған отындардың кинематикалық тұтқырлығы  $20^{\circ}\text{C}$ -та  $1,5-6,0\text{ мм}^2/\text{с}$  аралығында болуы тиіс.

Температураның төмендеуімен жоғары тұтқырлықты мұнайлар, табиғи битумдар және қалдық мұнай өнімдері (мазут, гудрон) құрылымдық тұтқырлық деп аталатын тұтқырлық аномалиясын көрсетеді. Бұл кезде олардың ағуының түсірілген кернеуге пропорционал болуы тоқтайды, яғни олардың ньютондық емес сұйықтыққа айналады. Құрылымдық тұтқырлықтың себебі - мұнай және мұнай өнімдерінде шайырлы-асфальтенді заттардың және парафиндердің болуы. Белгілі температурада бұл компоненттер дисперсиялық жүйелердің түзілуіне әкеліп соғады. Ньютондық емес сұйықтықтардың дисперсиялық жүйесін бұзу үшін қажетті күшті серпімділік шегі деп айтады.

Жағар майлар үшін олардың тұтқырлығының температураға байланысты өзгеруін сипаттау үшін тұтқырлық индекcін (ТИ) есептейді. Есептеуді  $40^{\circ}\text{C}$  және  $100^{\circ}\text{C}$ -тағы кинематикалық тұтқырлықтың негізінде жүргізеді.

**Шартты тұтқырлықты ВУН-20 приборында анықтау.** Мұнайдың тұтқырлығы оның тығздығына және фракциялық құрамына байланысты МЕСТ 33-2000 бойынша анықталады [122]. Тұтқырлығы неғұрлым жоғары болған сайын, соғұрлым мұнай ауыр және соғұрлым оның құрамында жеңіл дистилляттар аз болады. Тұтқырлық динамикалық және кинетикалық болып бөлінеді.

Динамикалық тұтқырлық бірлігіне сұйықтықтың ауданы  $1\text{ см}^3$  екі қабатын 1 дин болатын сыртқы күш әсерімен жылдамдығы  $1\text{ см/сек}$  болатын араластыру кезінде оның көрсететін қарсылығын қабылдайды. Динамикалық тұтқырлықтың өлшем бірлігі 1 Пуаз. Динамикалық тұтқырлықтан басқа техникада кинематикалық тұтқырлық деген түсінік кеңінен қолданылады.

Кинематикалық тұтқырлық – бұл берілген сұйықтықтың тұтқырлығының абсолюттік оның сол температурадағы тығыздығына қатынасы. Кинематикалық тұтқырлық бірлігіне 1 стокс қабылданған. 1 стокс – бұл тығыздығы  $1\text{ г/см}^3$  сұйықтықтың бір-бірінен 1 см ара қашықтықта орналасқан ауданы  $1\text{ см}^2$  екі қабатының бір-біріне қатысты  $1\text{ см}^2/\text{сек}$  жылдамдықпен орын ауыстыруына көрсететін қарсылығы 1 дин-ге тең сұйықтықтың тұтқырлығы. СИ системасындағы кинематикалық тұтқырлықтың өлшем бірлігі  $1\text{ м}^2/\text{сек}$ .

Шартты тұтқырлық деп сынау температурасында  $200\text{ см}^3$  сыналатын мұнай өнімінің ВУ тәріздес вискозиметрден ағу уақытының  $200\text{ см}^3$  дистилденген судың  $20^{\circ}\text{C}$  температурадағы ағу уақытына қатынасын айтады. Бұл қатынастың шамасы шартты градуспен көрсетіледі.

**Мұнай өнімдерінің анилин нүктесін АТ-ПХП аппаратында автоматты анықтау.** Анилин нүктесі деп анилин мен сыналатын мұнайөнімінің бірдей көлемі нормальды жағдайда біртекті қоспаға дейін араласатын минимальды температураны айтады МЕСТ 12329, ASTM D 611, ISO 2977 [124].

Ароматикалық көмірсутектерді анилин нүктесі арқылы анықтау анилин мен еріткіштің бірдей көлемінің еріткіштен ароматикалық көмірсутектерді жою және оған дейінгі өзара араласу температурасын анықтаумен негізделген.

Аппаратта электрлі қыздырғыш құбырша көмегімен қыздыру қолданады, температураны қолмен бақылау, сонымен қатар сынақты жүргізу талабына сәйкес айналдырғыштың жылдамдығын сатылы емес бақылауды айтады.

Анилин нүктесін анықтау үшін келесілерді: соңғы нүктесін фотоэлектрлі автоматты анықтау, дыбысты және оптикалық сигнализация қолданады. Аппараттың негізгі құрылысы сынақты жүргізу талаптарына сай келеді, аппарат өте ыңғайлы және де пайдаланған кезде өте сенімді, анилин нүктесін жоғары дәрежелі дәлдікпен анықтауға мүмкіндік береді.

Аппараттың жұмыс істеу принципі мұнайөнімдері мен көмірсутекті еріткіштердің қайнау температурасы бөлме температурасынан жоғары болғанда, сонымен қатар анилин нүктесі қайнау температурасынан төмен және анилин нүктесі қоспаның қату температурасынан жоғары (анилин – сынама)

болған кезде анилин нүктесін анықтайтын әдіске, сонымен қатар ароматикалық көмірсутектерді анықтау әдісіне негізделген.

**Мұнай және мұнай өнімдерінің қату және шекті фильтрлену температурасын (дизель отындарының тұнбалану) анықтау.** Мұнай және мұнай өнімдерінің, қату және шекті фильтрлену температурасын (дизель отындарының тұнбалану) МЕСТ 20287-91 бойынша анықталады [118].

Сынақ жүргізу үшін МЕСТ 20287-91 сәйкес сынаманы дайындаңыз. Сынаманы құйып алу үшін ВН-100 стаканы бос болу керек әрбір анализ жүргізгеннен соң құрамындағы сұйықтықты төгіп тастау керек. Сынаманы дозатордың жоғарғы белгісіне дейін құйыңыз.

Қату температурасын автоматты түрде анықтау системасы кәдімгі тәртіпте МЕСТ 305-82 бойынша дайындалған дизель отындарының физикалық қасиеттеріне негізделген.

Егер де, қыстық дизель отыны ТУ 398.101889-90 бойынша жаздық түріне депрессорлы присадкалар қосылған болса, ол кезде болжамды қату температурасын енгізудің қажеттілігі туындайды.

Мұнай өнімдерін қыс жағдайында тасымалдау және қолдану кезінде төмен температуралардағы қозғалғыштықтың маңызы зор.

Мұнай өнімінің қозғалғыштығын жоғалтуы не тұтқырлығының жоғарылауынан, не парафин мен церезиннің көп түйіршіктерінің пайда болып, оның қоюлануынан болуы мүмкін.

Парафинді ауыр мұнай өнімдерінде температура төмендеген сайын түйіршіктер тор - кристалды қаңқа түзеді. Мұнай өнімінің қатпаған бөлігі тор ішінде орналасады, сөйтіп қозғалғыштығын жоғалтады.

Сыналатын мұнай өнімі тәжірибе жағдайында қоюланатындығы соншалық, ішінде өнімі бар пробирканы 45<sup>0</sup>С бұрышқа еңкейткенде өнім деңгейі 1 мин бойы сол қалпында қалатын температурасы деп аталады.

**Мұнай өнімдері құрамындағы механикалық қоспаларды СИМ-12 анализаторында анықтау.** Мұнай өнімдері құрамындағы механикалық қоспаларды МЕСТ 6370-83 бойынша анықталады [125,126]. Анализатор СИМ-12 түрлі жанар-жағар майлардың құрамындағы механикалық қосылыстардың массалық үлесін пайызбен анықтауға және аталған жанар-жағар майлардың механикалық қоспа мөлшерін оларды сақтайтын қоймалаларда лезде анықтауға арналған.

Анализатор МЕСТ 16851-71 стандарты бойынша автоматтандырылған анализатор қатарына жатады. Егер сынама адам қолымен жүргізілетін болса, онда механикалық қоспалардың пайыздық мөлшерін өлшеу автоматты түрде жүреді.

## 2.2 Зерттеу нысандары

Диссертациялық жұмыста зерттеу нысандары ретінде Құмкөл мұнайы және оның өнімдері, депрессаторларды синтездеуде шикізат ретінде Құмкөл мұнайының гудроны, мақта майы өндірісінің қалдығы – госсипол шайыры және



мономерлермен дизель отының қолданылғандықтан келесі бөлімдерде оларға сипаттама және физика-химиялық қасиеттерін зерттеу нәтижелері берілген.

### 2.2.1 Құмкөл мұнайы

Синтезделген депресатордың тиімділігін анықтау процесі мұнайдың физика-химиялық және пайдалану қасиеттеріне байланысты болғандықтан Құмкөл мұнайының сипаттамасы беріледі [127-130, 155 б. 69-70, 156 б. 137-139].

Құмкөл мұнайы жеңіл (0,81-0,83 г/см<sup>3</sup>), айтарлықтай жеңіл фракциялары бар және орташа қосылыстары мүлдем жоқ. Парафиннің жоғары болуы мұнайды жерасты және жер үстіндегі мұнай ұңғымаларының қондырғыларының ішкі бөлігінде парафин қабатының пайда болуына әкеліп соғады.

Қосылатын депресатордың концентрациясы және олардың тиімді әсері температураға, құрамы мен парафинді көмірсутектер санына, асфальтен және шайырлар және олардың қатынасына байланысты.

Құмкөл мұнайының физика-химиялық құрамы 4 кестеде келтірілген.

Кесте 4 - Құмкөл мұнайының негізгі реологиялық және физика-химиялық сипаттамалары

Құмкөл мұнайының сипаттамасы	Көрсеткіштері
Тығыздығы 20°C, кг/м <sup>3</sup>	817
Молекулалық массасы	230
Кинематикалық тұтқырлығы, Ст:	
20°C-ғы	7,99
50°C-ғы	3,53
Қату температурасы, °C	12
Қышқылдық саны, мг КОН/1	0,04
Құрамы, %:	
парафиндер	14,44
асфальтендер	1,52
шайыр	7,56
Фракциялық құрамы, %:	
бензинді	13,5
керосинді	23
дизельді	11,5
Жалпы күкірт	0,1
Жалпы азот	0,12
Көміртегі	85,74
Сутегі	13,9
Оттегі	0,14
Ванадий, мкг г	0,3

5-ші кестеде Құмкөл мұнай кенорынының мұнайының фракциялық құрамы көрсетілген.

Кесте 5 - Құмкөл мұнайының фракциялық құрамы

Температурасы, °С	Жеке фракцияның шығуы	% салм, мөлшер	Температурасы, °С	Жеке фракцияның шығуы	% салм, мөлшер
Газ до С4	0,9	0,9	300-310	1,8	47,4
Н.к-62	4,2	5,1	310-320	1,9	49,3
62-70	0,7	5,8	320-330	2,1	51,4
70-85	2	7,8	330-340	2,1	53,5
85-100	3,1	11,1	340-350	1,2	54,7
100-110	2	13,1	350-360	2	56,7
110-120	2,4	15,5	360-370	1,7	58,4
120-130	1,9	17,4	370-380	2,3	60,7
130-140	1,9	19,3	380-390	1,3	62
140-150	1,6	20	390-400	2,4	64,4
150-160	1,7	22,6	400-410	1,2	65,6
160-170	1,4	24	410-420	1,6	67,2
170-180	1,5	25,5	420-430	1,4	68,6
180-190	1,5	27	430-440	1,4	70
190-200	1,6	28,6	440-450	1,4	71,4
200-210	1,4	30	450-460	1,2	72,6
210-220	2,4	32,1	460-470	1,4	74
220-230	1,5	33,9	470-480	1,4	75,4
230-240	0,9	34,8	480-490	1,4	76,8
240-250	1,4	36,2	490-500	1,2	78
250-260	1,5	38	500-520	2,6	80,6
260-270	1,5	39,6	қалдық >520	18,4	99
270-280	2,3	41,6	-	-	-
280-290	1,5	43,4	-	-	-
290-300	2,2	45,6	-	-	-

6-шы кестеде Құмкөл мұнай кенорынының мұнайында кездесетін парафиннің сипаттамалары.

Кесте 6 - Құмкөл мұнайында кездесетін парафиннің сипаттамалары

Көмірсутек	Қайнау температурасы, °С	Құрамы %, салм.	
		фракциясы	мұнай
1	2	3	4
Барлық кездесетін парафинді көмірсутегінің жай күйі		55,7	2,34

Кесте 6 жалғасы

1	2	3	4
Изобутан	-1,7	1,89	0,079
Изопентан	27,9	12,1	0,508
2,2 Диметилбутан	49,37	0,3	0,013
2-Метилпентан	60,3	6	0,252
3-Метилгептан	63,3	4,1	0,172
2-Метилгексан	90,1	1,47	0,061
3-Метилгексан	91,9	1,52	0,064
Барлық кездесетін парафинді изомерлі күйі		27,38	1,149
Барлық парафинді көмірсутегі		83,08	3,489

Осыған байланысты Құмкөл кенорыны мұнайының пайдалану қасиеттерін жақсарту үшін өндіріс қалдықтары және мономерлер негізінде депресаторларды синтездеу және алу технологиясы құрастырылды. Құмкөл мұнайына қосылатын депресаторлардың мөлшері 0,005–тен 0,1% құрайды.

#### 2.2.2 Құмкөл мұнайы базалық майының физика-химиялық қасиеттері

Құмкөл мұнайы базалық майының қолдану қасиеттерін депресаторлар көмегімен жақсарту үшін базалық майдың физика-химиялық және реологиялық қасиеттері 7-ші кестеде берілген [131].

Кесте 7 - Құмкөл мұнайы базалық майының негізгі реологиялық және физикалық-химиялық сипаттамалары

Көрсеткіштер атауы		2 ретті майды іріктеу фракция 420–480°C	3 ретті майды іріктеу фракция 480–500°C
1	2	3	4
Тығыздығы	$\rho_4^{20}$	0,8851	0,9016
Сыну коэффициенті	$n_D^{50}$	1,4780	1,4850
Тұтқырлық, сСт	$\nu_{50}$	14,9	36,7
	$\nu_{100}$	4,1	7,4
Тұтқырлықты–салмақты константа		0,837	0,849
Рефракция интерцепті		1,0475	1,0462
Қату температурасы, °С		27,5	35,0
Орташа молекулалық массасы		340	410
Меншікті дисперсия		140	151
Анилин нүктесі, °С		90	97

Кесте 7 жалғасы

1	2	3	4
Топтық химиялық құрамы, %	парафин-нафтенді көмірсутекті	78,3	72,3
	жеңіл хош иісті көмірсутектер	8,8	9,9
	орташа хош иісті көмірсутектер	5,5	6,2
	ауыр хош иісті көмірсутектер	6,0	8,5
	шайыр	1,4	2,9
Құрылымдық топтық құрамы, %	$C_P$	59	53,5
	$C_N$	30	35,5
	$C_A$	11	11
Тұтқырлығы индексі		–	83
Тұтану температурасы, °С		–	206

Құмкөл мұнайы базалық майының зерттелген үлгілерде көміртектің таралуын талдау екі өнімнің де хош иісті құрылымы кіретін көміртек мөлшері бірдей екендігін көрсетті. Кестеде көрсетілгендей үшінші ретті мұнай іріктеуінің нафтенді құрылымының құрамында көміртек мөлшері көбірек, яғни бұл құрамда топтық химиялық құрамының сыну коэффициенті жоғары нафтенді көмірсутектердің көп мөлшерде болуын айқындайды.

Құмкөл мұнайы базалық майының пайдалану қасиеттерін реттеу үшін депрессаторларды синтездеу және қолдану перспективті және экономикалық тиімді екендігін айқындайды.

Синтезделінген полимерлі депрессорлы қосындылардың тиімділігі құрамында депрессор болған кезде майлардың қату температурасының төмендеуімен және депрессорлы әсерді максималды қамтамасыз ететін қосындылардың концентрациясымен анықталатыны белгілі. Сол себепті жоғары парафинді майларға бұл депрессаторларды қолданудың тиімді шарттарын анықтау қажеттілігі туындайды. Қазіргі таңда, әкелінетін депрессорлық қосындылар өсіп келе жатқан қажеттіліктерде тиімділігі аз және пайдалану шарттары әртүрлі және күрделі болғандықтан отандық мұнай және мұнай өнімдерінің қажеттілігін қанағаттандырмайды.

Яғни құмкөл мұнайының жоғары парафинді майларына депрессорларды енгізудің оңтайлы температурасы 50-70<sup>0</sup>С арасында болуы анықталды.

Көпшілікке белгілі ең тиімді депрессаторлардың шығу тегі табиғи өнімдер және қалдықтар негізінде синтезделінген, яғни олар майдың сұйық шайырлы және мұнай қалдықтарының компоненттері.


Сол себепті келесі тармақтарда Құмкөл мұнайын тасымалдау қасиеттерін жақсарту және оның өнімдерінің пайдалану қасиеттерін реттеу үшін, мономерлер, мұнай өндірісінің қалдықтары-гудрон және госсипол шайыры (мақта майы өндірісінің қалдықтары, яғни май қышқылдарын вакуумды айдаудан кейін алынған кубты қалдық) негізінде синтезделінген

депрессаторларды синтездеуде қолданылған шикізаттарға сипаттамалар берілген.

### 2.2.3 Құмкөл мұнайының гудроны

Құмкөл мұнайының гудроны – мұнайды атмосфералық қысымда және вакуумда айдағанада 450-600°C температура аралығында (мұнайдың табиғатына байланысты) қалатын қалдық [127,132,133]. Құмкөл мұнайының гудронының шығуы – мұнай массасының 10–нан 45% ға дейінгі бөлігі. Құмкөл мұнайының гудроны – тұтқыр сұйықтық немесе қатты асфальтке керекті, қара түсті өнім. Құмкөл мұнайының құрамында парафинді, нафтенді және ароматты көмірсутектер (45-95%), асфальтендер (3-17%), және де мұнай шайыры (2-38%), асфальтсіздендірілген өнімнің адсорберленетін силикогелі. Кәдімгі гудронның күлділігі 0,5% -дан аз.

Құмкөл мұнайы гудронының сіңірілуінің ИК–спектрында 721, 810, 1029, 1377, 1458, 2850, 2920 және 2951 $\text{cm}^{-1}$  аудандарында шыңдар байқалады. Ол шыңдар C–H, –CH=CH– қосылыстарының, –(CH<sub>2</sub>)– тобының валенттілік және деформациалық тербеліс толқындары сіңірілуі алифатты және циклопарафинді қосылыстарынан тұратындығын 1 суретке сәкес айғақтайды.





Сурет 1 – Құмкөл мұнайы гудронының сіңірілуінің ИК–спектрі

Құмкөл мұнайының гудронының элементтік құрамы (масса, бойынша %): С - 85-87, Н - 9,3-11,8, S - 0,2-6,3, N - 0,2-0,7, О - 0,08-1,25. Құмкөл мұнайының гудронында мұнайда V - 0,046%, Ni-0,014% металдары кездесуі мүмкін. Құмкөл мұнайы гудронның тығыздығы 0,95-тен 1,03 г/см<sup>3</sup>–ды құрайды, кокстілігі 8-26%, қату температурасы 12-15°C, лап ету температурасы 290-350°C. Құмкөл мұнайының гудронының элементтік және минералдық құрамы 8-ші кестеде көрсетілген.

Кесте 8 - Құмкөл мұнайының гудронының элементтік және минералдық құрамы

Элементтер	Құрамы, %	Оксидтер	Оксидтер, %
O	48.21		
Na	5.04	Na <sub>2</sub> O	6,79
Mg	1.14	MgO	1,89
Al	3.01	Al <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	5,69
Si	10.12	SiO <sub>2</sub>	21,65
P	0.31	P <sub>2</sub> O <sub>5</sub>	0,71
S	6.32	SO <sub>3</sub>	15,8
K	1.52	K <sub>2</sub> O	1,83
Ca	8.11	CaO	11,35
Ti	0.21	TiO <sub>2</sub>	0,35
V	0.35	V <sub>2</sub> O <sub>5</sub>	0,51
Mn	0.18	MnO	0,23
Fe	6.99	Fe <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	9,99
Ni	4.04	NiO	5,14
Cu	0.39	CuO	0,49
Zn	0.92	ZnO	1,14
Sn	3.14	SnO <sub>2</sub>	3,55

Микроскопиялық суретте элементті анализ негізінде, алынған өнімның құрылымындағы негізгі фрагменттер болып кремний және натрий оксидтері, депрессатордың функционалды тобымен байланысқан. Құмкөл мұнайы гудронының элементтік құрамы және микроскопиялық суреті 2 суретке сәйкес көрсетілген.



Сурет 2 – Құмкөл мұнайы гудронының элементтік құрамы және микроскопиялық суреті

Құмкөл мұнайының гудронының негізгі сипаттамасы келесі 9-шы кестеде келтірілген

Кесте 9 – Құмкөл мұнайының гудронының сипаттамасы


Гудрон шығымы, °С жоғары	Мұнайға шаққанда, %	$p^{20}_4$	Тұтқырлығы, мм <sup>2</sup> /с		Температурасы, °С		Күкүрт, %	Кокстылығы, %
			50°С-та	80°С-та	қағу	лап ету		
200	74,7	0,8649	13,85	6,19	15	130	0,54	1,60
280	60,0	0,8772	20,74	8,92	18	170	0,59	1,75
320	52,9	0,8861	41,34	14,16	22	175	0,67	2,0
350	49,1	0,8902	43,16	14,52	25	180	0,69	2,4
400	38,5	0,8978	55,17	20,37	30	200	0,74	3,0
450	29,7	0,9059	181,7	52,18	34	215	0,81	3,7

#### 2.2.4 Госсиполды шайыр

Госсипол шайыры - мақта майы өндірісінің қалдықтары, яғни май қышқылдарын вакуумды айдаудан кейін алынған кубты қалдық [134-137]. Госсипол шайыры, түсі қоңырдан қараға дейінгі болатын біртекті тұтқыр масса. Госсиполды шайырдың типтік құрамы (Шымкент май комбинаты): 98,29% органикалық зат; 1,71% органикалық емес зат; 100% эфир ерігіш зат; қышқылдық саны 68,5 мг КОН/г; йоддық сан 97 г; сабындану саны 200 мг КОН/г; эфирлік саны 135 мг КОН/г; гидроксилді саны 91%; сабындану кезінде бөлінетін май қышқылдары 52 ден 64% дейін; шикі май қышқылдары және олардың туындылары, қалған бөлігі – госсиполдың конденсация және полимерленуден кейінгі өнімдері және майды алып тастаған кездегі өзгерулері, ең алдымен майды алып тастау қалдықтан май қышқылдарын айдау кезінде болады, 38% майлы емес заттар; 0,2165% фосфор (P<sub>2</sub>O<sub>5</sub> есептегенде); кальций тұздарында 8,78% кальций. Госсиполды шайырдың қасиеттері бастапқы шикізатқа, майдың технологиялық бөліну режиміне, алынған май қышқылдарының дистилляция тереңдігіне және т.б. факторларға байланысты.

Госсиполды шайырда 12% құрамында азот бар қосылыстар, 36% госсиполды өзгерту өнімдері және 64% май және оксимай қышқылдар бар. Шайыр құрамында, айтып кеткендей, 64% май қышқылдары бар. Бос май қышқылдарымен қоса ди- және триглицерид құрамында кездесетін байланысқан май қышқылдары бар.

Госсипол шайырының майлы қышқылынан және полиакрилнитрилі негізіндегі депрессаторларға анализ жасау үшін ИҚ-спектроскоп әдісі қолданылады. Госсипол шайырының майлы қышқылынан және полиакрилнитрилі негізіндегі ИҚ-спектрі 3 суретке сәйкес көрсетілген.




Сурет 3 – Госсипол шайырының сіңірілуінің ИҚ-спектрі

Госсипол шайырының ИҚ-спектрінде көрініп тұрғандай келесі сіңіру амақтары байқалады, олар 850, 920, 1010, 1698  $\text{cm}^{-1}$  сіңірулері С-Н қосылыстарының және  $-\text{CH}_2-$  тобының валентті аутқуларына сай келеді.

ИК-спектрде 1377-1490  $\text{cm}^{-1}$  аралығында сіңірілуі  $-\text{CH}_2-$  және  $-\text{CH}_3-$  топтарының алифатты шынжырлы қосылыстарының барлығын айқындайды.

Госсипол шайырының ИҚ-спекторында 1570-1620  $\text{cm}^{-1}$  аралығында сіңірілуі  $-\text{COOH}$  және 2620-2820  $\text{cm}^{-1}$  де  $-\text{CHO}$  тобының барлығын айқындайды. Бұл сіңірулер госсипол шайырының құрамында майлы карбон қышқылдары және алдегидті қосылыстардан тұратындығын айқындайды.

10-шы кестеде, 4 суретке сәйкес госсипол шайырының элементтік құрамы және микроскопиялық суреті берілген.



Сурет 4 - Госсипол шайырының элементтік құрамы және микроскопиялық суреті



Кесте 10 – Госсипол шайырының элементтік және минералдық құрамы

Элемент	Салмағы, %	Оксидтер	Оксидтер, %
O	43.43	-	-
Na	21.38	Na <sub>2</sub> O	28,82
Mg	0.92	MgO	1,52
Al	1.14	Al <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	2,15
Si	1.78	SiO <sub>2</sub>	3,80
P	21.68	P <sub>2</sub> O <sub>5</sub>	49,67
S	0.52	SO <sub>3</sub>	1,3
K	1.19	K <sub>2</sub> O	1,43


2.2.5 Мономерлер-бутилметакрилат, винилацетат, олефиндер, олейн, себацин, фенилантранил қышқылдары, олейн қышқылының метил эфирі, еріткіштер бензол, толуол және дизельдік отынның сипаттамасы

**Бензол** - (C<sub>6</sub>H<sub>6</sub>) иісі бар түссіз сұйық, органикалық химиялық қосылыс. Жай иістендірілген көмірсутек. Бензол бензиннің құрамына кіреді, өндірісте кеңінен қолданылады, дәрілерді, әртүрлі пластмассаны, синтетикалық резинаны және бояғыштарды өндіру үшін бастапқы шикізат болып табылады. Бензол шикі мұнайдың құрамына кіретін болса да, өндірістік масштабта ол оның басқа компоненттерінен синтезделеді. Токсикалық, канцерогенді. Басқа көмірсутектерге ұқсас бензол да жанады және көп күйе бөледі [138,139].

Еру температурасы = 5,5°C, қайнау температурасы = 80,1°C, тығыздығы = 0,879 г/см<sup>3</sup>, молярлық массасы = 78,11 г/моль. Қаныққан көмірсутектерге ұқсас бензол қатты жалынмен жанады. Ауамен жарылысқа қауіпті қоспалар қалыптастырады, сумен қайнау температурасы 69,25°C (91% бензола) болатын азеотропты қоспаны қалыптастырады, бензин мен басқа да органикалық еріткіштермен, эфирмен жақсы араласады. Судағы ерігіштігі 1,79 г/л (при 25°C).


**Бутилметакрилат** – жағымсыз иісті, түссіз сұйық [C<sub>8</sub>H<sub>14</sub>O<sub>2</sub> 140]. Көптеген органикалық еріткіштерде (ацетон, эфир, бензол және т.б.) жақсы ериді және суды нашар ериді. Н-бутилметакрилаттың химиялық қасиеттері молекулада екі кілттік функциялардың – күрделі эфирлі топтар мен екілік байланыстардың болуымен түсіндіріледі. Ол сілтілердің қатысуымен жеңіл сабындалады, сонымен қатар қышқылдық жағдайда және спирттердің қатысуымен перээтерифицирлене алады.

Алынуы. Өндірісте н-бутилметакрилатты келесі схема бойынша ацетонциангидрин мен н-бутанолдан алады:



**Винилацетат** -  $\text{CH}_3\text{COOCH}=\text{CH}_2$  формуласы бар сілті қышқылының винилдік эфирі, ол эфирлік иісі бар, қайнау температурасы  $72,5^\circ\text{C}$  болатын түссіз сұйықтық [141].

Винилацетатті ацетилен мен сірке қышқылынан катализатордың көмегімен алады:



**Олейндік қышқыл** (ағыл. *oleic acid*) - моноқанықпаған майлы қышқыл. Адам физиологиясында маңызды орын алады. Көптеген өсімдік майларының құрамында болады, атап айтқанда, зәйтүн майының және өсімдік майларының құрамында болады. Адамның тері астындағы майларының құрамына кіреді (салмағы бойынша шашамен барлық майлы қышқылдардың 20-25%-ын құрайды). Олейндік қышқыл  $\text{CH}_3(\text{CH}_2)_7\text{CH}=\text{CH}(\text{CH}_2)_7\text{COOH}$  - моноқанықпаған қышқыл. Қанықпаған май қышқылдарының омега-9 тобына жатады [142].

**Олейндік қышқылдың метилдік эфирі** – синонимдері мен шетелдік атаулары: methyl oleate (англ.) метилолеат (рус.)

Заттың типі: органикалық. Сыртқы көрінісі: майлы сұйық. Брутто-формула (Хилла жүйесі):  $\text{C}_{19}\text{H}_{36}\text{O}_2$ . Текст түріндегі формула:  $\text{C}_{17}\text{H}_{33}\text{COOSH}_3$ . Молекулярлық масса (а.е.м.): 296,5. Еру температурасы (в  $^\circ\text{C}$ ): -19,9. Ерігіштік (г/100 г ерігіште немесе сипаттамасы): су: ерімейді, диэтилендік эфир: араласады, хлороформ: ерігішті, этанол: араласады. Тығыздығы: 0,879 ( $18^\circ\text{C}$ , г/см<sup>3</sup>, заттың жағдайы - сұйық). Булардың еруі (мм.рт.ст.): 10 ( $190^\circ\text{C}$ ) 20 ( $217^\circ\text{C}$ ) [143].

**Полиакрилонитрил (-CH<sub>2</sub>-CH(CN)-)<sub>n</sub>** - акрилонитрил полимері, өнідірісте тығыздығы 1.14-1.17 г/см<sup>3</sup> болатын, молекулярлық массасы 30-100 кДа болатын полимер пайдаланылады. Шынылану температурасы  $\sim 85-90^\circ\text{C}$ , таралуы  $\sim 250^\circ\text{C}$ . Полярлық емес және азполярлы еріткіштерде (көмірсутектер, спирттер) полиакрилонитрил ерімейді, полярлық апротондық еріткіштерде (диметилформамиде, диметилсульфоксиде) ериді, сулы ерітінділерде электролит жоғары иондық күшпен (аммоний, калий, натрий, бромид литий, цинк хлоридінің роданидтерінің 50-70% ерітінділерінде), нитрилді топтың гидролизімен – күшті қышқылдардың сулы ерітінділерінде.

Берік термиялық тұрақты талшықтар өндірісінде кеңінен пайдаланылады, сонымен қатар каучук дивинилнитрилдік өндірісінде сополимер ретінде пайдаланылады [144].

**Стеролдар** – 3 жағдайдағы гидроксильдік топтардан тұратын, стероилден туындыларының, табиғи қосылыстары. Стериондардың құрылымының негізінде стеран тетрациклдық көмірсутегі жатады. Алу көздері бойынша стериндерді келесідей бөлуге болады: зоостериндер (жануарлардан), фитостериндер (өсімдіктерден), микростериндер (саңырауқұлақтардан).

Стериндердің көпшілігі – органикалық еріткіштерде еритін және суда ерімейтін кристалдық заттар [145].

**Себациндік қышқыл** – (декандиодтық қышқыл)  $\text{HOOC}(\text{CH}_2)_8\text{COOH}$  - екінегіздік шектік карбондық қышқыл (лат. sebaceus - түссіз май, сало). Карбондық қышқылдарға тән сипаттамаларға ие барлық химиялық қасиеттерге ие. Себациндік қышқылдың эфирлері мен тұздарын себацинаттар деп атайды.

Өндірісте себациндік қышқылды негізінен зәйтүн майынан алады. Оны сумен жылытқан кезде ( $200-225^\circ\text{C}$ ;  $1,8-2,5$  МПа) глицерин мен  $80-85\%$  рицинолейндік қышқылдан тұратын, карбондық қышқылдан тұрады; соңғысын  $250^\circ\text{C}$ -та сілтімен тарату себациндік қышқылдың бөлінуіне алып келеді (зәйтүн майына есептегенде  $35-40\%$  шығады) [146].

**N-фенилантранилдік қышқыл** -  $\text{C}_6\text{H}_5\text{NHC}_6\text{H}_4\text{COOH}$  ТУ 6-09-3592-74. Синонимдер: дифениламин-о-карбондық қышқыл; дифениламин-2-карбондық қышқыл; о-анилинбензойлдық қышқыл. Молекулалық массасы –  $213,23$ ; тығыздығы –  $1,269$  г/см<sup>3</sup>; еру нүктесі –  $182-187^\circ\text{C}$ ; жану температурасы –  $186,7^\circ\text{C}$ . Сыртқы көрінісі – ақ немесе қанық – ақ кристалдық ұнтақ [147].

**Этиленгликоль** –  $\text{CH}_2\text{OH}-\text{CH}_2\text{OH}$  – тұтқыр түссіз әлсіз иісі бар және дәмі тәтті сұйық. Қайнау температурасы  $197^\circ\text{C}$ . Гликольдердің қайнау температурасы спирттің қайнау температурасына қарағанда жоғары болады, бұл молекулалардың ассоциациясының (сутекті байланыстардың қалыптасуы) күшеюінің салдары болып табылады. Еру температурасы -  $11,5^\circ\text{C}$ . Тығыздығы -  $1,11$  г/см<sup>3</sup>; Буқалыптасу жылуы -  $191$  ккал/кг. Барлық қатынаста сумен, глицеринмен, біратомдық алифатикалық спирттермен, ацетонмен, мұзды сірке қышқылымен, пиридинмен және фурфуролмен араласады; бензолмен, ксилолмен, толуолмен, хлорбензолмен, хлороформен, төрттікхлорлы көміртектен араласпайды. Этиленгликоль метандық спирттік әсеріне ұқсас, токсикалық әсерге ие.

Этиленгликоль жоғары температурада салыстырмалы түрде тұрақты,  $400^\circ\text{C}$ –та жылытылған пемза астынан өткізу кезінде таралмайды. Гликольдік таралуы  $500-520^\circ\text{C}$ -та басталады, ал  $550^\circ\text{C}$ -та жоғары жылдамдықпен түреді; бірақ осы температурада да этиленгликольдің  $36\%$ -ы таралмайды.

Этиленгликольдің маңызды қасиеті болып оның судың кату тепературасын күшті төмендету табылады. Көлемдік этиленгликольдің  $40\%$ -ынан тұратын, сулы ерітінді  $25^\circ\text{C}$ -та қатады, ал  $60\%$ -дық сулы ерітінді -  $40^\circ\text{C}$ -та қатады. Сондықтан этиленгликоль антифриздерді дайындау үшін пайдаланылады [148, 149].

**Фенол** – (гидроксибензол, карболдық қышқыл)  $\text{C}_6\text{H}_5\text{OH}$  - фенолдар класының туындысы. Фенолдың дүниежүзілік өндірісі 2006 жылы  $8,3$  млн тонна/жылды құрады. Өндіру көлемі бойынша фенол химиялық өндіріспен шығарылатын барлық заттардан 33-ші орынды алады және органикалық заттардың ішінен 17-ші орынды алады.

Қазіргі уақытта өндірістік масштабта фенолдық шығару үш әдіспен жүргізіледі:

Кумольдық әдіс. Бұл әдіспен дүниежүзінде шығарылатын фенолдың  $95\%$ -ын алады. Барботаждық тізбектер каскадында кумолды гидропероксидтің (ГПК) қалыптасуымен ауамен каталитикалық емес қышқылдандыруға

ұшыратады. Алынған ГПК, күкірт қышқылымен катализденуі кезінде фенол мен айетонның қалыптасуымен таралады. Одан бөлек, бұл процесстің бағалы өнімі болып  $\alpha$ -метилстирол табылады. Барлық фенолдың шашамен 3%-ын бензойлдық қышқылдың қалыптасуымен, толуолды қышқылдандыру арқылы алады.

**Физикалық қасиеттері.** Боялған заттардың қалыптасуына алып келетін, қышқылданудың себебінен ауада таралатын, түссіз инелік кристалдардан тұрады (бұл хиондардың аралық қалыптасуымен байланысты). Спецификалық иісті (гуаш иісі ыиқты, өйткені гуаштың құрамына фенол кіреді). Суда (100 г суда 6 г), сілті ерітінділерінде, спиртте, бензолда, ацетонда ериді. 5% сулы ерітіндіде – антисептик, медицинада кеңінен пайдаланылады.

**Химиялық құрамы.** Иістендірілген сақиналардың және гидроксильдік топтардың болу себептерінен фенолдың химиялық қасиеттері көрінеді [150].

**$\alpha$ -олефиндер** - бұл альфа ( $\alpha$ )-позицияда немесе негізгі байланыста екілік байланыстың болуымен ерекшеленетін, химиялық формуласы  $C_xH_{2x}$  болатын олефиндердің немесе алкендердің органикалық қосылыстары.

$\alpha$ -олефиндердің екі типі бар: тармақталған және сызықтық (немесе орташа). Көміртектің екінші, үшінші және төртінші атомдарында тармақталған  $\alpha$ -олефиндердің химиялық қасиеті дәл осындай  $\alpha$ -олефиндердің қасиеттерінен ерекшеленеді [151].

**Толуол** -  $C_6H_5CH_3$  метилбензол, иісі бар түссіз жылжымалы қалқымалы сұйық.  $D = 1,4969$ ,  $t_{кип} = 110,6^\circ C$  [152].


Толуолды алғаш рет П.Пельтье 1835 жылы шайырды айдау кезінде алынған. Ал 1838 жылы А. Девиль Колумбияның Толу қаласынан алып келінген бальзамнан алды.

Түссіз жылжымалы қалқымалы иісі бар сұйықтың, әлсіз наркотикалық әсері бар. Бейорганикалық мөлшерде көмірсутектермен, көптеген спирттермен, жай және күрделі эфирлермен араласады, сумен араласпайды. Жарықтың өту көрсеткіші  $20^\circ C$  болғанда 1,4969-ды құрайды, жанады.

Алу және тазалау. Мұнайдың бензиндік фракцияларының катилитикалық риформингінің өнімі. Селективті экстракциямен және ректификациямен алынады. Сонымен қатар метилциклогексан арқылы гептанның кататитикалық дегидриленуі кезінде жақсы бөлінеді.

Толуолды бензолға ұқсас тазалайды, бірақ концентрленген күкірт қышқылын пайдалану кезінде, толуол бензолдан жеңіл сульфирленетіндігін ескерген жөн, демек реакциялық қоспаның төмен температурасын ұстау қажет ( $30^\circ C$ -тан төмен).

Толуолды бензолсыз Фридель-Крафтс реакциясы бойынша катализатор ретінде темір трибромидін пайдаланумен алуға болады:



**Дизельдік отынның сипаттамасы.** Дизельдік отын өндірісінде мұнайөңдеудің бұл өнімінің ондаған параметрлері мен сипаттамалары

пайдаланылады. Біз, солярканың тұтыну қасиеттеріне әсер ететін, негізгі көрсеткіштерге тоқталамыз, МЕСТ-тар мен регламенттер дизельдік отынның келесі негізгі сипаттамаларын бөледі, ғылыми тілде айтқанда, дизельдік отынның негізгі пайдалану көрсеткіштері [153].

Цетандық сан – қозғалтқыштың қуаттық және экономикалық көрсеткіштерін анықтайды; цетандық санның әдеттегі мәндер диапазоны 40-тан 55 аралығында тербеледі. Бұл сан отынды цилиндрге беру мен оның жалындануына дейінгі уақыт кескінін көрсетеді. Цетандық санның одан жоғары болуы жалындау уақытының аздығын көрсетеді және сәйкесінше, отынның жақсы жануын білдіреді. Цетандық санның жоғары болуы түтіннің экологиялығын жоғарылатады. Бірақ та егер бұл көрсеткіш 60-тан жоғары болса, қозғалтқыштың қуатының жоғарылауы орын алмайды.

Цетандық индекс – дизельдік отынға жоғарылататын қосынды қосқанға дейінгі цетандық сан (есептемелік). Цетан жоғарылатушы қосындылар отынның физикалық және химиялық құрамына әртүрлі әсер етеді, сондықтан да оларды мөлшерден жоғары қосуға болмайды. Құрамның өзгеруінің алдын алу үшін, цетандық сан мен цетандық индекс арасындағы айырмашылық минималды болуы қажет. Дизель отынның негізгі сипаттамаларын 11-ші кестеден қара.

Кесте 11 - Дизель отынның сипаттамасы

Сипаттамасы	Ұсынылатын өлшемдер
Тұтқырлығы	40°C температурада 1,3-тен 5,8 мм/сек аралығында (сантистокс)
Цетандық сан	0°C жоғары кезінде 45°C, төмен болмаған жағдайда t<0°C 42°C-тан төмен болмайды
Күкірттің мөлшері	салмақтық мөлшерде 0,5%-дан жоғары емес
Күкірттің белсенді қосылысы	жұмыстың (50°C) 3 сағатынан кейін n.2 (ISO 4260) жоғары емес
Судың мөлшері	көлемдік мөлшерде 0,05%-дан жоғары емес
Көміртектің күйі	күюдің көлемінің әр 10% -на салмақтық мөлшерде 0,35-тен жоғары емес
Тығыздық	15°C температурада тығыздығы 0,86-дан 0,876 г/м <sup>3</sup>
Қоюлану температурасы	пайдаланудың минималды температурасынан 6°C-ға төмен
Жанбайтын шлактар	салмақтық мөлшерде 0,02%-дан жоғары емес (маймен араластыру кезінде 0,05%)
Тікелей айдау	максималды біртекті және үздіксіз болуы қажет
Майлау көрсеткіштері	3100 г немесе SLBOCLE-дан жоғары, немесе 0,45 мм, 60°C болғанда max

Екінші бөлімге қорытындылай келе физика-химиялық және аналитикалық зерттеу әдістері таңдалынып алынған: фотоколориметрия, вискозиметрия, ИҚ-

спектроскопиялық сараптама ИҚ-Фурье спектрометрінде Shimadzu IR Prestige-21 ішкі бөлігін көрсететін тақтайшасы бар PikeTechnologies фирмасының Miracle аппаратында анықталды. Элементтік құрамы және құрылымы INCAEnergy (OxfordINSTRUMENTS) рентгенді энергодисперсті микроанализатор, электронды сұйықтық микроскобы ISM-6490LV(IED) және т.б қолданылды.

Мұнай және мұнай өнімдерінің пайдалану қасиеттерін: тығыздығын, қату және шекті фильтрлену температурасын, реологиялық қасиеттерін, сұйытылған және концентрлі ерітіндісінің тұтқырлығын капиллярлы вискозиметрлер көмегімен 298-363К температура шегінде МЕСТ-тарға сәйкес анықталды.

Зерттеу нысандары ретінде Құмкөл мұнайы және оның өнімдері, депрессаторларды синтездеуде шикізат ретінде Құмкөл мұнайының гудроны, мақта майы өндірісінің қалдығы – госсипол шайыры және мономерлер қолданылғандықтан осы бөлімде оларға сипаттама және физика-химиялық қасиеттерін зерттеу нәтижелері берілген.

### **3 ӨНДІРІС ҚАЛДЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МОНОМЕРЛЕР НЕГІЗІНДЕ ДЕПРЕССАТОРЛАРДЫ СИНТЕЗДЕУ ӘДІСТЕРІН ҚҰРАСТЫРУ ЖӘНЕ ФИЗИКА-ХИМИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ЗЕРТТЕУ**

Қазіргі таңда мұнайға, мұнай өнімдеріне және базалық майлар тым әсерлі депрессаторларды синтездеу және қолдану өзекті мәселе болып отыр. Депрессорлы қосындылардың әрекеті парафинді көмірсутектердің кристалдану процесіне әсер етіп тұтқырлығын және қату температурасын төмендету.

Қазақстан экономикасының индустриялды-инновациялық дамуында депрессорлы қосындыларды алу және оларды мұнай өнімдеріне депрессорлы қосынды ретінде пайдалану, әсіресе Құмкөл мұнайы және өнімдеріне қосу айрықша орын алады [154, 155, 156].

Сол себепті бұл бөлімде депрессаторларды мақта майы өндірісінің қалдығы - госсипол шайыры, Құмкөл мұнайын өндеудегі қалдығы - гудрон және мономерлер негізінде синтездеу процестері қарастырылады [157,158].

#### **3.1 Өндіріс қалдықтары – мұнай гудроны және мақта майының госсипол шайыры негізінде депрессаторларды синтездеу және физика-химиялық қасиеттерін зерттеу**

3.1.1 Өндіріс қалдықтары – мұнай гудроны және мақта майының госсипол шайыры негізінде депрессаторларды синтездеу

**Мақта майы өндірісінің қалдығы - госсипол шайыры және Құмкөл мұнайының өндеудегі қалдығы – гудрон негізінде депрессаторды синтездеу (ДПН-1).** Үш мойынды шеңбер тәрізді, тоңазытқыш және шыны араластырғышпен жабдықталған 500 мл ыдысқа 50 г Құмкөл мұнайының қалдығы-гудрон, 50 г мақта майы өндірісінің қалдығы-госсиполды шайыр және 25 мл 1 пайызды  $H_2SO_4$  сулы ерітіндісі құйылады. Араластырғышты қосып, реакциялық ыдысты сулы моншаның көмегімен реакциялық массаның температурасын  $80-90^{\circ}C$ –қа дейін қыздырылады, процесті біркелкі гомогенді сұйық масса түзілгенге дейін жүргізіледі. Содан соң реакциялық массаны  $95-98^{\circ}C$ –қа дейін көтеріп, оған 35%-дық формалин ерітіндісінен 10 мл қосып 2,5-3,0 сағат поликонденсация процесін қышқыл ортада жүргізіледі. Нәтижеде мұнай гудронының және госсипол шайырының құрамындағы көмірсутектер формалин арқылы поликонденсациялық өнімдер түзеді. Алынған өнімді модификациялау үшін ыдысқа натрий сульфитінің  $Na_2SO_3$  10%-дық ерітіндісінен 10 мл қосып  $70-80^{\circ}C$ -та 0,5-1,0 сағат көлемінде сульфирлеу процесі бірінғай масса түзілгенше жүргізіледі.

**Полиакрилнитрил, мұнай гудроны және госсипол шайыры негізінде депрессаторды синтездеу (ДПН-2).** Үш мойынды шеңбер тәрізді, тоңазытқыш және шыны араластырғышпен жабдықталған 1000 мл ыдысқа 500 мл 5% натрий гидроксидінің сулы ерітіндісі құйылады. Араластырғышты қосып, ыдысқа 50 г полиакрилнитрил (ПАН) ұнтағы қосылады. Араластыру нәтижесінде реакциялық масса біркелкі суспензия түзілген соң, реакциялық ыдысты сулы моншаның көмегімен температураны  $60-70^{\circ}C$ –қа дейін қыздырып, 1 сағат

көлемінде ПАН-ның толық ісіну процесі жүргізіледі. Ісіну процесінен кейін сабындану процесін  $95-98^{\circ}\text{C}$ -та 2,5-3,0 сағат көлемінде жүргізіледі. ПАН-ның сабындану процесі аммиактың бөлінуімен жүреді. Реакция барысында аммиактың көп мөлшерде бөлінуі байқалады (0-30 мин аралығында), ал содан соң аммиактың бөлінуі біркелкі жүреді (30-150 минут). Реакцияның соңында аммиактың бөлінуі төмендейді. Сабындану процесінде реакциялық қоспаның түсі ақ түстен ақшыл сары түске өзгереді (30-40 мин), содан соң ашық-қызылға, ал реакция соңында өнім қою тұтқырлы сары түске айналады. Алынған өнімді модификациялау процесі бірнеше бағытта жүргізіледі: 1) реакциялық массаға 10 г мұнай гудроны қосылады; 2) реакциялық массаға 10 г госсипол шайыры қосылады; 3) реакциялық массаға 10 г мұнай гудроны және 10 г госсипол шайыры қосылады. Модификация процесі  $95-98^{\circ}\text{C}$  температурада 2,5 сағат көлемінде жүргізіледі. Нәтижеде қара түсті тұтқыр гомогенді масса түзіледі.

**Госсипол шайыры негізінде депрессаторды синтездеу (ДПН-3).** Үш мойынды шеңбер тәрізді, тоңазытқыш және шыны араластырғышпен жабдықталған 500 мл ыдысқа 50 г госсипол шайырын саламыз және 250 мл 1% натрий гидроксидінің сулы ерітіндісін қосамыз. Араластырғышты қосып, реакциялық ыдысты сулы моншаның көмегімен реакциялық массаның температурасын  $80-90^{\circ}\text{C}$ -қа қыздырып сабындану процесін 2,5-3,0 сағат көлемінде жүргізіледі. Реакция нәтижесінде госсипол шайырының сабынданбаған бөлігі шөкпеге түседі, ал сабынданған бөлігі ерітіндіге өтеді. Сабынданбаған фракцияларды экстракциялау үшін, вакуум аппараты арқылы 50 мл уайт спиритін қосып, сұйық бөлігі ажыратып алынады. Алынған өнім 60-70% натрий тұзынан және  $\text{C}_{11}-\text{C}_{17}$  құрамы бар қанықпаған май қышқылдарынан тұрады. Бұл өнімге 10 г натрий сульфитін ( $\text{Na}_2\text{SO}_3$ ) және 10 мл 35%-дық формалиннің ерітіндісін қосып, 1,5-2,0 сағат көлемінде  $70-80^{\circ}\text{C}$  да сульфометилдеу реакциясы жүргізіледі.

**Аминофенол және госсипол шайыры негізінде депрессаторды синтездеу (ДПН-4).** Үш мойынды шеңбер тәрізді, тоңазытқыш және шыны араластырғышпен жабдықталған 500 мл ыдысқа 100 мл аминофенол, 100 мл госсипол шайыры және 20 мл 35%-дық формалиннің ерітіндісін құямыз. Араластырғышты қосып, реакциялық массаға  $\text{NaOH}$  10%-дық ерітіндісінен тамшылатып қосу арқылы  $\text{pH}=10$  дейін жоғарлатып  $80-90^{\circ}\text{C}$ -та поликонденсация реакциясы 2-2,5 сағат көлемінде жүргізіледі. Поликонденсация процесі судың бөлінуімен жүреді, сол себепті процесті бақылау бөлінген судың мөлшеріне қарап анықталады.

**Полиакрилнитрил және госсипол шайыры негізінде депрессаторды синтездеу (ДПН-5).** Үш мойынды шеңбер тәрізді, тоңазытқыш және шыны араластырғышпен жабдықталған 500 мл ыдысқа 10 г полиакрилнитрил (ПАН) салып, 4% натрий гидроксидінің ерітіндісінен 100 г құямыз. Араластырғышты қосып, реакциялық ыдысты сулы моншаның көмегімен реакциялық массаның температурасын  $60-70^{\circ}\text{C}$ -қа қыздырып, 1 сағат аралығында ПАН-ның ісіну процесі жүргізіледі. Содан соң реакциялық массаның температурасын  $90-95^{\circ}\text{C}$ -қа жоғарлатып 2,5-3 сағат аралығында




сабындану реакциясы жүргізіледі. Реакция барысында аммиактың көп мөлшерде бөлінуі байқалады (0-30 мин аралығында), ал содан кейін аммиактың бөлінуі біркелкі жүреді (30-150 мин). Реакцияның соңында аммиактың бөлінуі төмендейді. Сабындану процесінде реакциялық қоспаның түсі ақ түстен сарғыш түске өзгереді (30-40 мин), содан соң ашық-қызылға, ал реакция соңында өнім қою тұтқырлы сары түске айналады. Алынған өнімді модификациялау, яғни поликонденсация процесін жүргізу үшін 25 г госсипол шайыры қосылады және реакциялық массаны 95-98<sup>0</sup>С температураға жоғарлатып процесті 2,5 сағат көлемінде жүргізіледі. Реакция нәтижесінде тұтқыр, гель тәрізді, қара-қоңыр түсті, аммиак иісті масса түзіледі. Госсипол шайырының сабынданбаған бөлігін уайт-спиритпен экстрагирленеді. Алынған өнім мұнайды сусыздандыру процесінде дэмульгатор және мұнайды тасымалдауда депрессатор ретінде ұсынылды.


3.1.2 Өндіріс қалдықтары – мұнай гудроны және мақта майының госсипол шайыры негізінде аминоароматты депрессаторлардың физика-химиялық қасиеттерін зерттеу

Мұнай гудроны, госсипол шайыры, аминфенол және полиакрилнитрил негізіндегі депрессаторларға анализ жасау үшін ИҚ-спектроскоп әдісі қолданылады. Мұнай гудроны, госсипол шайыры және полиакрилнитрил негізіндегі ИҚ-спектрі көрсетілген.

Мұнай гудроны, госсипол шайыры 5 суретке және полиакрилнитрил негізіндегі 6 суретке сәйкес депрессаторлардың спектрі 4000-600·см<sup>-1</sup> аралығында зерттелді.



Сурет 5 - Құмкөл мұнайының гудроны және госсипол шайыры негізінде синтезделінген ДПН-1 депрессаторының сіңірілуінің ИҚ-спектрі



Сурет 6 - Құмкөл мұнайының гудроны, госсипол шайыры және полиакрилнитрил негізінде синтезделінген ДПН-2 депрессаторының сіңірілуінің ИҚ-спектрі


Зерттеліп отырған аймақта бірнеше сіңіру жолақтары пайда болады, олар  $1460 \cdot \text{см}^{-1}$  –  $\text{CH}_3$  тобының тербелісі байқалады. Сіңіру аймақтарының келесі жолақтарында  $2850 \cdot \text{см}^{-1}$  –  $\text{CH}$  валенттілік тербелістері,  $1640\text{-}1580 \cdot \text{см}^{-1}$  және  $3400\text{-}3300 \cdot \text{см}^{-1}$  карбонильді амид тобының, яғни –  $\text{NH}_2$  жазық деформациялық тербелістің пайда болуы амид топтарының жиынтығын көрсетеді. Зерттеліп отырылған аймақта  $800\text{-}600 \cdot \text{см}^{-1}$   $\text{C-C}$  –тобы және  $750\text{-}690 \cdot \text{см}^{-1}$   $\text{C-S}$  тобының, яғни күкіртті байланыстар бар екендігін көрсетеді, ал  $3100\text{-}3400 \text{ см}^{-1}$  жалпақ сіңіру аймағында ассоциацияланған –  $\text{NH}$  тобының байланыстары бар екендігін растайды.

Құмкөл мұнайы, госсипол шайыры және ПАН негізінде синтезделінген депрессаторларда  $2850$  және  $2930 \text{ см}^{-1}$  сіңіру жолақтары жойылып  $3000\text{-}3600 \text{ см}^{-1}$  аралығында жалпақ сіңіру аймағына жылжиды, ол –  $\text{CONH}_2$  тобының байланыстарына тәуелді.


Госсипол шайыры және полиакрилнитрилден алынған депрессатор өнімінің құрамы мен микроскопиялық суретін қарау барысында, госсиполды шайырдың құрамында органикалық бөлімнен бөлек минералды бөлім, яғни фосфоры бар қосылыстар ( $\text{P}_2\text{O}_5\text{-}49,67\%$ ), натрий тұздары ( $\text{Na}_2\text{O}\text{-}28,82\%$ ) және кремний оксидінің аз мөлшері ( $\text{SiO}_2\text{-}3,80\%$ ) болады. Модификациядан кейін оның құрамындағы фосфор азайды, ал натрий тұздары кобейді, сабындану процесі барысында көрінетін –  $\text{COONa}$  тобының бар екендігімен дәлелденеді, ИҚ спектроскопиялық зерттеумен келіседі.

Госсипол шайырынан алынған ДПН-1,2,3,4 депрессаторын Құмкөл мұнайына қосқанда құрылымның өзгергендігін байқауға болады, яғни майда фракциялы аморфты құрылым түзіледі. Ол мұнайда фракциялар ине тәрізді байланыстар арқылы топтасып мұнайдың белсенді орталықтары мен депрессорлардың карбоксил топтары арасында кеңістігіндегі тығыз құрылым түзгендігі байқалады [157 б. 488-491, 158 б. 61-64, -162].

Госсипол шайырының майлы қышқылын синтездеу негізіндегі ДПН-3 депрессаторларына анализ жасауды ИҚ-спектроскоп әдісінде пайда болған сызықтың жиілігі  $1698\text{ см}^{-1}$  валентті аутқуына 7 суретке сәйкес сай келеді және микроскопиялық суретін 8 суретке сәйкес қара.



Сурет 7 - Госсипол шайырынан алынған ДПН-3 депрессаторының сіңірілуінің ИҚ-спектрі




Сурет 8 - Госсипол шайырынан алынған ДПН-3 депрессаторының элементтік құрамы және микроскопиялық түсірілімі


$\text{COONa}$  тобының сіңірілуі бірнеше жиілікте болады  $1500\text{-}1620\text{ см}^{-1}$  және бұл жиіліктер едәуір жақын орналасқан, сызықты жауып тастау барысында  $1500\text{-}1700\text{ см}^{-1}$  шамасында жалпақ сызық пайда болады. Интенсивті сабындануынан кейін сызық үлкейеді және  $1680\text{-}1570\text{ см}^{-1}$  аралығында тарайды, карбонилды тобына байланысты.

Спектрда госсиполды шайыр мен полимер  $1180\text{-}1250\text{ см}^{-1}$  аралығында өзгерісі анық байқалады. Полимердің осы спекторында, осы ауданда иінге ұқсас сызықтың тарағаны көрінеді, эфирлі байланыс қасиетіне сай.

Полиакрилнитрил және госсипол шайыры негізінде синтезделінген ДПН-5 депрессаторының элементтік құрамы, элементтік анализ, ИҚ-спекторскопиялық және электронды микроскопиялық әдістермен құрамы және құрылымы 9 бен 10 суреттерге сәйкес анықталды (кесте 12).



Сурет 9 – Полиакрилнитрил және госсипол шайыры негізінде синтезделінген ДПН-5 депрессаторының сіңірілуінің ИҚ-спектрі



Сурет 10 – Полиакрилнитрил және госсипол шайыры негізінде синтезделінген ДПН-5 депрессаторының элементтік құрамы және микроскопиялық суреті

Полиакрилнитрил және госсипол шайыры негізінде синтезделінген ДПН-5 депрессаторының сіңірілуінің ИҚ-спектрында  $550-790\text{ см}^{-1}$  ауданында  $-(\text{CH}_2)-$  тобының валенттілік тербелістері және  $1350-1450\text{ см}^{-1}$  – симметриялы валенттілік теңестіру  $-\text{COO}-$  тобы сіңірілген. Жалпақ сызықтың сіңірілуі  $3000-3600\text{ см}^{-1}$  ауданында карбоқышқылды топтың сіңірілуі көрінеді.

Жоғарыда айтылғандарға қарап, алынған депрессатордың құрамында май өнімдерінің кешенді қасиеттерін жақсартатын эфирлі және карбоқышқылды топтардың болатындығы байқалады.

Кесте 12 – Полиакрилнитрил және госсипол шайыры негізінде синтезделінген ДПН-5 депрессаторның элементтік және минералдық құрамы

Элементтер	Салмағы, %	Оксидтер	Оксидтер %
O	45.17	-	-
Na	50.14	Na <sub>2</sub> O	67,59
Al	0.35	Al <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	0,66
Si	1.49	SiO <sub>2</sub>	3,19
P	0.14	P <sub>2</sub> O <sub>5</sub>	0,32
S	1.43	SO <sub>3</sub>	3,57
K	0.94	K <sub>2</sub> O	1,13
Ca	0.35	CaO	0,50

Микроскопиялық суреттер және элементтік анализ нәтижесі алынған өнімдердің құрамында және құрылымдарындағы фрагменттер болып кремний және натрий оксидтері органикалық бөліміндегі депрессаторлардың функционалдық тобымен тікелей байланысқан құрылым түзілгендігі айқын.

### **3.2 Бутилметакрилат, α-олефин, винилацетат, олейн қышқылы, олейн қышылының метил эфирі, стирол, этиленгликоль, фенилантранил және себацин қышқылы негізінде депрессаторларды синтездеу және физика-химиялық қасиеттерін зерттеу**

Қазіргі таңда Құмкөл мұнайы және одан алынған майлар, дизельді отындардың пайдалану қасиеттерін реттеу әлемдік қажеттіліктің жоғарылағандығы байқалуда, әсіресе дизельді отындардың қыстық сорттарына үлкен қажеттілік туындап отыр. ҚР шығарылатын дизельдік отындардың қату температурасы жоғары болғандықтан қыс мезгілінде қолдану мүлде мүмкін емес. Осы кемшіліктерге сәйкес жаздық дизельді отындарды қыстық отындарға алмастыру үлкен мәселе болып отыр.

Дизельдік отындардың төменгі температуралық қасиеттерін жақсарту және дизельдік отынның қыстық сорттарын алу әдістерінің ішінен ең тиімдісі отынға депссерлорлы қоспаларды қосу болып табылады, ол отынның төменгі температуралық қасиеттерінің жақсаруын және қыстық отын сорттарының артуын қамтамасыз етеді.

ҚР-да дизельдік отынның қыстық сорттарын шығару, отынның лайлану температурасы, қату температурасы, сүзгілеудің шекті температурасын реттеу және лайлану температурасынан төмен температурада сақтау жағдайында седиментациялық орнықтылық сияқты төменгі температуралық қасиеттер бойынша стандарт талатарына сәйкес болуын қамтамасыз ету өзекті мәселе.

Бұл депрессаторлар құрамында ұзын алифатты радикалдар мен полярлы топтары бар депрессорлы және сусыздандырғыш қасиеттерге ие полимерлер.

Депрессаторлардың рессорлық белсенділігі тек оның үлгілері бойынша бағаланады. Депрессаторлардың құрамын өзгерту арқылы оның депрессорлық мүмкіндігін шексіз арттыруға болады. Депрессорлық тиімділікті арттыру, яғни


бір ғана мұнайдың пайдалану қасиеттерін реттеумен бірге оның өнімдерінің қасиеттерін жақсарту мүмкіндігі үлкен мәселенің бірі. Депрессаторларды синтездеудің негізгі мақсаты отандық депрессаторларды алу технологиясын құрастыру арқылы көп функционалды бағытта жұмыс атқаратын экономикалық тиімді және рессорлық белсенділігі жоғары сополимерлерді алу. Сол үшін екі немесе үш әр түрлі мономерлерді екі сатылы сополимерлену процесінде әртүрлі қатынасындағы макромолекулалардан тұратын және тізбектегі буындарының ұзындығын арттыру арқылы рессорлық белсенділігі жоғары депрессаторларды синтездеу және алу технологиясы құрастырылды. Сонымен қатар фенилантранил, себацин қышқылдары және этиленгликоль қатысында қышқылдық ортада поликонденсациялау және этирификация процестері жүргізіліп макромолекуласы тармақталған депрессаторларды синтездеу әдістері қарастырылды. Бұл бірнеше мономерлерден синтезделінген макромолекула жиынтығы, яғни осы молекулалық параметрлердің әрқайсысы сополимердің депрессорлық қасиеттерін арттыруға синергетикалық септігін тигізетіндігі анықталды.

Бұл ретте келесі бөлімдерде олефиндер негізіндегі полимеризациялық алкилметакрилатты және ароматты депрессаторларды синтездеу және алу технологиясын құрастыру қарастырылады.


3.2.1 Бутилметакрилат,  $\alpha$ -олефин мен винулацетат негізіндегі депрессаторларды синтездеу.

Әдебиеттерге шолу барысында көрсеткендей соңғы жылдары өнеркәсіпте қолданылатын депрессаторлардың тізімінде экономикалық жағынан тиімдісі винулацетат, акрил, метакрил қышқылдары, алкилакрилаттар және олардың эфирлері негізінде алынған депрессаторлар екендігі белгілі. Алкилметакрилаттарда гомополимеризациялау кезінде пайда болатын қасиеттерге полиметакрилатты қоспалар ие болу үшін алкилметакрилаттардың сополимерлерін алу үшін бірнеше синтез жүргізілді. Түрлі винилді сомономерлерге ие алкилметакрилаттардың сополимерлері мұндай өндірісті технологиялық рәсімдеу қарапайымдылығына және синтездеу процесін жұмсақ режимде жүргізу қызығушылық тудырып отыр. Бутилметакрилаттың гомополимерлену процесін бензойлдың асқын тотығы көмегімен 80-100<sup>0</sup>С температурада үш мойынды шеңбер тәрізді, тоңазытқыш және шыны араластырғышпен жабдықталған 500 мл ыдыста 2-3 сағат төңірегінде жүргізілді[163-165]. Алынған полибутилметакрилаттың құрамын және құрылымын анықтау үшін элементтік талдау және ИҚ-спектроскопиялық әдіс қолданылды. 11 және 12 суреттерге сәйкес бутилметакрилат және полибутилметакрилаттың ИҚ-спектрі берілген.





Сурет 11- Бутилметакрилаттың сіңірілуінің ИҚ-спектрі



Сурет 12 – Полибутилметакрилат сіңірілуінің ИҚ-спектрі

Бутилметакрилат және полибутилметакрилат ИҚ-спектрінде  $1170 \text{ см}^{-1}$  аймақта сіңірілуі С-О-С топтарының тербелістері үшін тән және  $1716 \text{ см}^{-1}$  аймақта С=О тобының алифатты күрделі эфирлеріне жатқызуға болады.  $1385 \text{ см}^{-1}$  сіңірілу жолағының жиілігінде бутилметакрилаттың метил тобымен шынжырлы байланысқан,  $1463, 1462, 1467 \text{ см}^{-1}$  сіңірілу аймағында  $-\text{CH}_2-\text{O}-\text{CO}$  метилен тобына жатқызуға болады.  $1377 \text{ см}^{-1}$  сіңірілу аймағы алифатты  $\text{CH}_3$  тобының симметриялы деформациялық тербелісін айқындайды.

Еріткіште және балқымада полимеризациялық алкилметакрилатты депрессорлы қоспаларды екі сатылы синтездеу жүргізілді.


Алкилакрилатты мономерлер ретінде метакрилді қышқылдың бутил эфирі, яғни бутилметакрилат және винилацетат; бутилметакрилатпен  $\alpha$ -олефин қатынасы 1:1; винилацетат, бутилметакрилат және  $\alpha$ -олефин 1:1:1 қатынаста қоспаларының сополимеризациясы.

Сопорлимелену реакциясын үш мойынды шеңбер тәрізді, тоңазытқыш, тамшылатушы үріңке және шыны араластырғышпен жабдықталған 500 мл ыдысқа 100 мл винилацетат, 100 мл бутилметакрилат, немесе бутилметакрилатпен  $\alpha$ -олефин, немесе винилацетатпен  $\alpha$ -олефин құйып, араластырғышты қосып, май құйылған монша көмегімен біртіндеп

қыздырылады. Реакциялық ортаның температурасын  $25^{\circ}\text{C}$ -қа жоғарылатып тамшылатқыш үріңке арқылы бензоилдың асқын тотығынан 0,5% көлемінде қосылады.


Сополимерлену реакциясының бірінші сатысы, алынған мономерлердің құрамына және қатынасына байланысты әр түрлі уақыт аралығында және температурада жүргізіледі. Сополимерлену реакциясы орташа 4-6 сағат аралығында,  $100\text{-}120^{\circ}\text{C}$  температурада бензоилдың асқын тотығы инициаторы көмегімен жүргізіледі.

Депрессаторларды синтездеудің тиімді шарттары және реакция барысын элементтік анализ, ИҚ-спектроскопиялық және мұнайға қосылғандағы кинематикалық тұтқырлығы және қату температурасының төмендеуіне байланысты алынған мәліметтер көмегімен бақылап отырылды. Ал синтезделінген депрессаторлардың құрамын және құрылысын анықтау және салыстыру үшін бастапқы заттардың, яғни мономерлердің ИҚ-спектрлері мен бірге 13, 14 және 15 суреттерге сәйкес талданды. Виналацетаттың ИҚ-спектрінде  $1800\text{-}1750\text{ cm}^{-1}$  и  $1647\text{ cm}^{-1}$  аймағында  $\text{C}=\text{C}$  байланысына тән сіңірілу жолақтары байқалады. Ал  $1211\text{ cm}^{-1}$  аймағындағы сіңіру жолағын ацетат тобына жатқызуға болады.  $875\text{ cm}^{-1}$ ,  $845\text{ cm}^{-1}$  аумағындағы сіңірілу жолақтарында  $\text{C}-\text{H}$  байланысының деформациялық тербелістері және  $1369\text{ cm}^{-1}$  –  $\text{C}-\text{H}_3$  тобына тән сіңірілу жолағы екендігі айқын.



Сурет 13 - Виналацетаттің ИҚ-спектрі






Сурет 14 -  $\alpha$ -олефиннің ИҚ-спектрі

$\alpha$ -олефиннің ИК-спектрінде  $\text{CH}_2=\text{CHR}$ -ге тән,  $721,36 \text{ см}^{-1}$ ;  $910 \text{ см}^{-1}$  аймағында валенттік тербелістер байқалады  $767 \text{ см}^{-1}$  –де сіңіру аймағы сутегі атомының байланыстарын сипаттайды және  $2850\text{-}2920 \text{ см}^{-1}$  аймақтары –СН валенттік тербелістерге тән.

Бутилметакрилат және винилацетат мономерлері және сополимерлерінің спектрлерін зерттеу кезінде қос байланыстар үшін тән жиілікті жұтылу жолақтарының оптикалық тығыздықтары таңдалды.


Бутилметакрилаттың  $\alpha$ -олефинмен сополимерленуі, алынған өнімдегі  $1860\text{-}1800$  және  $1650 \text{ см}^{-1}$  аймақтарындағы жұтылу жолақтарының жоғалуымен түсіндіріледі.

Сополимерлену реакциясы нәтижесінде полиалкилметакрилаттардың синтезі келесі реакция бойынша жүреді:




Алынған нәтижелерден, сополимеризация реакциялары қос байланыс бойынша радикалды механизм бойынша жүретіндігі көрініп тұр.  $\text{CH}_2$  және  $\text{CH}_3$  топтары үшін  $2955\text{-}2849 \text{ см}^{-1}$  аралығындағы жұтылу жолақтары тән. Карбонильді топтың ( $>\text{C}=\text{O}$ ) жұтылу жолағы  $1724 \text{ см}^{-1}$  аймағында болады. Метилендік топтың, алифатикалық тізбекпен байланыстырылған жұтылу жолағы  $1456 \text{ см}^{-1}$  аймағында жатады.

Қос байланыстың болуын сипаттайтын,  $1650 \text{ см}^{-1}$  аймағының болмауы, бутилметакрилат сополимері мен  $\alpha$ -олефиндегі барлық қос байланыстар полимеризация реакциясына ұшырағандығын көрсетеді. Бұл алкилметакрилаттың қалыптасуын 15 суретке сәйкес дәлелдейді.




Сурет 15 -  $\alpha$ -олефині мен бутилметакрилаттың сополимерінің ИҚ-спектрі

Винилацетат пен бутилметакрилаттың сополимеризациясын жоғарыда көрсетілген әдіс бойынша жүргізді.




Сополимердің ИҚ-спектрінде 16 суретке сәйкес С-О-С байланысының скелеттік тербелістеріне жататын,  $1165 \text{ см}^{-1}$  аймағы мен алкандар  $(\text{CH}_2)_n$  үшін тән,  $721 \text{ см}^{-1}$  жұтылу аймағы болады. Спектрде сонымен қатар қос байланыстардың валенттік тербелістерінің аймақтары болмайды.



Сурет 16 - Бутилметакрилат пен винилацетаттың сополимерінің ИҚ-спектрі

Сонымен қатар бутилметакрилаттың, винилацетаттың және  $\alpha$ -олефиннің байланыстарының бензоил тотығының қатысуымен сополимеризациясы 17 суретке сәйкес келтірілді. Сополимердің алынған спектрінен, -СО байланыстарына тән жұтылу жолақтары бар екендігі көрінеді.



Сурет 17 - Бутилметакрилаттың, винулацетаттың және  $\alpha$ -олефиннің қосындыларының үштік сополимерінің ИҚ-спектрі

1717-1724  $\text{cm}^{-1}$  аймағындағы сіңіру димерлік жағдай үшін тән,  $\text{C}=\text{O}$  карбоксылды топтың валенттік тербелісі бутилметакрилатты барлық сополимерлерде байқалады.

Бұл сополимерде физика-химиялық қасиеттер анықталған. Өнімді иістендірілген көмірсутектерде, спиртте, кетонда, хлортуынды көмірсутектерде ерітеді.

$\text{C}_{19}$ - $\text{C}_{24}$  көміртекті атомдардың молекуласында болатын,  $\alpha$ -олефинді көмірсутекпен қосылысында модификацияланған бутилметакрилат, винулацетат негізіндегі сополимер, оның мұнай және мұнайөнімдеріне депрессорлық қоспалар ретінде пайдалану мүмкіндігін, атап айтқанда төмен температуралы дизельдік отындардың пайдалану қасиеттерін реттеу және жақсарту мақсатында синтезделінді.

### 3.2.2 Олейн қышқылы, бутилметакрилат, винулацетат негізінде депрессаторларды синтездеу және зерттеу


Олейн қышқылы және бутилметакрилаттың сополимерленуі 1:1, 1:2, 2:1-ге тең бастапқы реагенттердің қатынасында сополимеризациясын жүргізу бензоилдың асқын тотығы көмегімен жүзеге асырылды [166].

Сополимерлену реакциясын үш мойынды шеңбер тәрізді, тоңазытқыш, тамшылатушы үріңке және шыны араластырғышпен жабдықталған 500 мл ыдысқа әр түрлі қатынаста: а) 100 мл бутилметакрилатпен 100 мл олейн қышқылы, немесе винулацетат; б) 50 мл олейн қышқылы, 100 мл бутилметакрилат, в) 100 мл олейн қышқылы, 50 мл бутилметакрилат құйып, араластырғышты қосып, май құйылған монша көмегімен біртіндеп қыздырылады. Реакциялық ортаның температурасын  $25^{\circ}\text{C}$ -қа жоғарылатып тамшылатқыш үріңке арқылы бензоилдың асқын тотығынан 0,5% көлемінде қосылады. Сополимерлену реакциясы  $100^{\circ}\text{C}$  температурада 4 сағат көлемінде


жүргізіледі. Олейн қышқылы және бутилметакрилат негізінде синтезделінген сополимерінің қышқылдық саны және карбоксилды топтардың мөлшері 13-ші кестеде және ИҚ-спектры 18 суретке сәйкес берілген. Олейн қышқылы және винилацетат негізінде синтезделінген сополимердің ИҚ-спектры 19 суретке сәйкес берілген.

Кесте 13 – Бутилметакрилат және олейн қышқылының негізінде синтезделінген депрессатордың физика-химиялық қасиеттері

Көрсеткіштер	Депрессатор құрамы		
	ОК+БМА (1:1)	ОК +БМА (1:2)	ОК +БМА(2:1)
Сыртқы көрінісі	ашық-сары түсті тұтқыр сұйықтық		
Қышқылдық саны, мг КОН/г	76,13	61,68	84,7
Карбоксилды топтардың мөлшері	6,12	4,96	6,8



Сурет 18 – Бутилметакрилат және олейн қышқылы негізінде синтезделінген депрессаторды қосқандағы сіңірілу ИК-спектрі




Сурет 19 – Винилацетат және олейн қышқылы негізінде синтезделінген депрессаторды қосқандағы сіңірілу ИК-спектрі

### 3.2.3 Бутилметакрилат және олеин қышқылының метил эфирі негізіндегі депрессаторларды синтездеу және зерттеу

Бутилметакрилат және олеин қышқылының метил эфирі негізіндегі депрессаторларды синтездеу үшін мономерлерді 1:1 қатынаста алынды. Сопорлимелену реакциясын үш мойынды шеңбер тәрізді, тоңазытқыш, тамшылатушы үріңке және шыны араластырғышпен жабдықталған 500 мл ыдысқа 100 мл бутилметакрилат, 100 мл олеин қышқылының метил эфирі құйылады және араластырғышты қосып, тамшылатқыш үріңке арқылы бензоилдың асқын тотығынан 0,5% көлемінде қосылады. Реакциялық ортаны араластырып, май құйылған монша көмегімен біртіндеп қыздыру арқылы температураны 100<sup>0</sup>С-қа дейін жоғарылатып, сополимерлену процесін 8 сағат төңірегінде жүргізіледі. Бутилметакрилат және олеин қышқылының метил эфирі негізінде синтезделінген депрессаторды шартты түрде ДПН-10 деп белгіленді.

Бутилметакрилат және олеин қышқылының метил эфирі негізінде синтезделінген депрессатордың сіңірілу ИК-спектрі 20-Суретте берілген.




Сурет 20 – Бутилметакрилат және олеин қышқылының метил эфирі негізінде синтезделінген депрессатордың сіңірілу ИК-спектрі

### 3.2.4 Стирол мен бутилметакрилат, стирол мен олеин қышқылының метил эфирі негізінде депрессаторларды синтездеу және зерттеу

Стирол мен бутилметакрилат, стирол мен олеин қышқылының метил эфирі негізінде депрессаторларды синтездеу зертханалық жағдайда үш мойынды шеңбер тәрізді, тоңазытқыш, тамшылатушы үріңке және шыны араластырғышпен жабдықталған 500 мл ыдыста мономерлердің эквимолекулярлық қатынаста алынған мөлшерде жоғарыдағыдай радикалды сополимеризациясы жүргізілді. Стирол, бутилметакрилат және олеин қышқылының метил эфирі негізінде синтезделінген депрессаторды шартты түрде ДПН-9 деп белгіленді [164 б. 404-411].


Зерттеулер, берілген жағдайда стиролмен бутилметакрилат немесе олеин қышқылының метил эфирі сополимеризациясын жүргізу кезінде, алынған қосылыс біркелкі құрылым мен біртекті құраммен сипатталатындығын

көрсетті. Өнімділік дәрежесі 95–97%-ды құрайды, бұл дизельдік отында қосынды ретінде пайдалану кезінде оң нәтиже береді. Зерттелетін сополимерлерлердің ИК-спектрінде 21 суретке сәйкес C=C байланыстарының жұтылуының жиілігіне сәйкес, 1640 см<sup>-1</sup> аймақтарында жұтылу жолағы болмайды; бензол сақинасының C=C екілік байланыстарының валенттік тербелістеріне тән - 1600–1620 см<sup>-1</sup> аймақтыр болмайды. Стиролмен олейн қышқылының метил эфирі ИК-спектрінде COOCH<sub>3</sub> топтарына тән, 1433 см<sup>-1</sup> аймағындағы жұтылу жолақтары болады.




Сурет 21 - Стиролмен бутилметакрилаттың сополимерінің сіңірілу ИҚ-спектрі

Стиролмен бутилметакрилаттың сополимерлену процесі келесі реакция бойынша жүреді:




Стиролмен олейн қышқылының метил эфирінің ИҚ-спектроскопиялық суретінен көрініп тұрғандай 22 суретке сәйкес әсерлесуінің нәтижесінде, C=C байланысының жұтылу жиілігіне тән, 1640 см<sup>-1</sup> аймағына жататын, спектрде жұтылу жолақтары жоғалады және жаңа өнім пайда болғандығын айқындайды.



Сурет 22 - Стиролмен олейн қышқылының метил эфирі сополимерінің сіңірілу ІК-спектрі

Нәтижеде реакция келесі бағытта жүреді:



3.2.5 Фенилантранил және себацин қышқылдарымен этиленгликоль қатысында депрессаторларды синтездеу және зерттеу

Аналитикалық зерттеулер нәтижесі көрсеткендей депрессорлық қосындының негізгі тізбек көмірсутектерімен байланысқан тармақталған алкил топтарының ұзындығы артқан сайын, олардың қату температурасын соғұрлым төмендету мүмкіндігі туындайды.

Сол себепті, фенилантранил және себацин қышқылдарын қышқылдық катализаторлардың қатысуымен поликонденсациямен біргелікте этиленгликольмен этирификациялау процестері жүргізілді [166 б. 594-600].

Поликонденсация және этирификация процестері үш мойынды шеңбер тәрізді, тоңазытқыш, тамшылатушы үріңке және шыны араластырғышпен жабдықталған 500 мл ыдыста мономерлердің эквимолекулярлық қатынаста 1:1:1 жүргізілді. Ыдысқа 100 мл фенилантранил және 100 мл себацин қышқылдарын құйып, араластырғышты қосып күкірт қышқылынан 0,5% мөлшерде тамшылатқыш үріңке арқылы қосылады. Реакциялық ортаны араластырып, май құйылған монша көмегімен біртіндеп қыздыру арқылы температураны 90<sup>0</sup>С-қа дейін жоғарылатып, поликонденсация процесін 3 сағат төңірегінде жүргізіледі.




Реакция барысын бөлінген су мөлшері мен қышқылдық санның мөлшерінің негізінде бақыланады. Этирификация процесі поликонденсацияланған өнімге 100 мл этиленгликольден қосып 90<sup>0</sup>С-та 30-45 минут төңірегінде жүргізіледі. Фенилантранилмен себацин қышқылдары және этиленгликоль негізінде синтезделінген депрессаторды шартты түрде ДПН-12 деп белгіленді.

Фенилантранилмен себацин қышқылдары және этиленгликоль негізінде алынған депрессаторлардың кейбір физика-химиялық қасиеттері анықталды, олар 14-ші кестеде келтірілген.

Кесте 14 - Полимердің физика-химиялық қасиеттері

Көрсеткіштердің аталуы	Мәні
Сыртқы көрінісі	қанық-қоңыр түсті қатты зат
Қышқылдық санның мөлшері, мг КОН/г	76,77
Карбоксилді топтың мөлшері, мг КОН/г	6,31
Гидроксилді топтың мөлшері, %	3,25
Ерігіштік	ароматты көмірсутектерде жақсы ериді, спиртке
Механикалық қоспалардың салмақ мөлшері, мас.%, жоғары емес	0,10
Ылғалдың салмақтық мөлшері, %	іздері


Фенилантранилмен себацин қышқылдары және этиленгликоль негізінде алынған депрессатордың ИК-спектроскопия көмегімен 23 суретке сәйкес зерттелді.



Сурет 23 - Фенилантранил, себацин қышқылдары және этиленгликоль негізінде синтезделінген депрессатордың сіңірілу ИҚ-спектрі



Фенилантранил, себацин қышқылдары және этиленгликоль негізінде синтезделінген депрессатордың сіңірілу ИҚ-спектрде себацин, сонымен қатар фенилантранил қышқылдардың -COOH топтарына тән, 3000-2500 см<sup>-1</sup> аймағындағы, этиленгликольдің -ОН топтарына жататын, 3625 см<sup>-1</sup> және 887 см<sup>-1</sup> аймағындағы сіңіру жолақтары байқалмайды. Олардың орнына қалыптасқан -C=O эфирлік байланыстарға тән, 1732 см<sup>-1</sup> аймағында жұтудың қарқынды сіңіру жолақтары көрінеді. Яғни, этирификация процесінде реакция карбоксил тобы арқылы жүретіндігі байқалды. Демек реакция келесі бағытта жүреді:




3.3 Өндіріс қалдықтары және мономерлер негізінде синтезделінген депрессаторларды алу технологиясын құрастыру

**Мақта майы өндірісінің қалдығы - госсипол шайыры және Құмкөл мұнайының өндеудегі қалдығы – гудрон негізінде депрессаторды алу технологиясы (ДПН-1).** Реакторға (2) 24 суретке сәйкес (3) ыдыстан 50 кг Құмкөл мұнайының қалдығы-гудрон, ыдыстан (4) 50 кг мақта майы өндірісінің қалдығы-госсиполды шайыр және ыдыстан (7) 2,5 л 1% H<sub>2</sub>SO<sub>4</sub> сулы ерітіндісі құйылады.

Араластырғышты қосып, реактордың жейдесіне буу беру арқылы реакциялық массаның температурасын 80-90<sup>0</sup>С–қа дейін қыздырылады, процесті біркелкі гомогенді сұйық масса түзілгенге дейін жүргізіледі. Содан соң реакциялық массаны 95-98<sup>0</sup>С–қа дейін көтеріп, оған ыдыстан (8) 35%-дық формалин ерітіндісінен 10 л қосып 2,5-3,0 сағат поликонденсация процесін қышқыл ортада жүргізіледі. Нәтижеде мұнай гудронының және госсипол шайырының құрамындағы көмірсутектер формалин арқылы поликонденсациялық өнімдер түзеді. Алынған өнімді модификациялау үшін реакторға ыдыстан (6) натрий сульфидінің (Na<sub>2</sub>SO<sub>3</sub>) 10%-дық ерітіндісінен 10 л қосып 70-80<sup>0</sup>С-та 0,5-1,0 сағат көлемінде сульфирлеу процесі біріңғай масса түзілгенше жүргізіледі.

**Полиакрилнитрил, мұнай гудроны және госсипол шайыры негізінде депрессаторды алу технологиясы (ДПН-2).** Реакторға (1) 24 суретке сәйкес ыдыстан (5) 500 кг 5%-ды натрий гидроксидінің сулы ерітіндісі құйылады. Араластырғышты қосып, реакторға (1) 50 кг полиакрилнитрил (ПАН) ұнтағы қосылады. Араластыру нәтижесінде реакциялық масса біркелкі суспензия түзілген соң, реактордың жейдесіне буу беру арқылы температураны 60-70<sup>0</sup>С–қа дейін қыздырып, 1 сағат көлемінде ПАН-ның толық ісіну процесі жүргізіледі. Ісіну процесінен кейін сабындану процесін 95-98<sup>0</sup>С-та 2,5-3,0 сағат көлемінде жүргізіледі. ПАН-ның сабындану процесі аммиактың бөлінуімен жүреді. Реакция барысында аммиактың көп мөлшерде бөлінуі байқалады (0-30 мин аралығында), ал содан соң аммиактың бөлінуі біркелкі жүреді (30-150 минут). Реакцияның соңында аммиактың бөлінуі төмендейді.



1,2 – реакторлар; 3 – мұнай гудронына арналған ыдыс; 4 – госсиполдық шайырға арналған ыдыс; 5 – натрий гидрооксидіне арналған ыдыс; 6 – натрий судьфидіне ( $\text{Na}_2\text{SO}_3$ )-ке арналған ыдыс; 7 – күкірт қышқылына арналған ыдыс; 8 – формалинге арналған ыдыс; 9 – уайт спиритке арналған ыдыс; 10 – салқындатқыш; 11 – сепаратор; 12 – дайын өнімге арналған ыдыс; 13 – плунжерлік сорап; 14 – май қышқылдарына арналған ыдыс (сұйық бөлігі); 15 – май қышқылдарына арналған ыдыс (шөкпе бөлігі)

Сурет 24 - Гудрон, госсиполдық шайыр және полиакрилнитрилдің негізіндегі депрессаторларды алудың иілмелі технологиялық сұлбасы

Сабындану процесінде реакциялық қоспаның түсі ақ түстен ақшыл сары түске өзгереді (30-40 мин.), содан соң ашық-қызылға, ал реакция соңында өнім қою тұтқырлы сары түске айналады. Алынған тұтқыр полиэлектролитті, яғни өнімді модификациялау үшін бірінші реактордан (1) екінші реакторға (2) құйылады. Алынған өнімді модификациялау процесі бірнеше бағытта жүргізіледі: 1) реакциялық массаға 10 кг мұнай гудроны (3) қосылады; 2) реакциялық массаға 10 кг госсипол шайыры (4) қосылады; 3) реакциялық массаға 10 кг мұнай гудроны (3) және 10 кг госсипол шайыры (4) қосылады. Модификация процесі 95-98<sup>0</sup>С температурада 2,5 сағат көлемінде жүргізіледі. Нәтижеде қара түсті, тұтқыр, гомогенді масса түзіледі.

**Госсипол шайыры негізінде депрессаторды алу технологиясы (ДПН-3).** Реакторға (2) 24 суретке сәйкес 50 кг госсипол шайырын (4) саламыз және 250 л 1% натрий гидроксидінің (5) сулы ерітіндісін қосамыз. Араластырғышты қосып, реактордың жейдесіне бу беру арқылы реакциялық массаның температурасын 80-90<sup>0</sup>С–қа қыздырып, сабындану процесі 2,5-3,0 сағат көлемінде жүргізіледі. Реакция нәтижесінде госсипол шайырының сабынданбаған бөлігі шөкпеге түседі, ал сабынданған бөлігі ерітіндіге өтеді. Сабынданбаған фракцияларды экстракциялау үшін, вакуум аппараты арқылы 50 л уайт спиритін қосып, сұйық бөлігі ажыратып алынады. Сұйық бөлігін ажыратып алу процесі сепаратор (11) де жүргізіледі. Нәтижеде қоспа екі бөлікке бөлінеді, яғни сұйық және шөкпе. Шөкпе сепаратордың төменгі жағынан ыдыста (15) сақталынады. Сұйық бөлігі ыдыста (14) жиналады, одан ортадан тепкіш сорғыш (13) арқылы реакторға (2) беріледі. Алынған өнім, 60-70% натрий тұзынан және C<sub>11</sub>-C<sub>17</sub> құрамы бар қанықпаған май қышқылдарынан тұрады. Реакторға, яғни өнімге 10 кг натрий сульфитін (Na<sub>2</sub>SO<sub>3</sub>) және 10 л 35%-дық формалиннің ерітіндісін қосып, 1,5-2,0 сағат көлемінде 70-80<sup>0</sup>С та сульфометилдеу реакциясы жүргізіледі.


**Аминофенол және госсипол шайыры негізінде депрессаторды синтездеу (ДПН-4).** Үш мойынды шеңбер тәрізді, тоңазытқыш және шыны араластырғышпен жабдықталған 500 мл ыдысқа 100 мл аминофенол, 100мл госсипол шайыры және 20 мл 35%-дық формалиннің ерітіндісін құямыз. Араластырғышты қосып, реакциялық массаға NaOH 10%-дық ерітіндісінен тамшылатып қосу арқылы рН=10 дейін жоғарлатып 80-90<sup>0</sup>С-та поликонденсация реакциясы 2-2,5 сағат көлемінде жүргізіледі. Поликонденсация процесі судың бөлінуімен жүреді, сол себепті процесті бақылау бөлінген судың мөлшеріне қарап анықталады.

**Полиакрилнитрил және госсипол шайыры негізінде депрессаторды алу технологиясы (ДПН-5).** Реакторға (1) 24 суретке сәйкес ыдыстан (5) 500 кг 5%-ды натрий гидроксидінің сулы ерітіндісін құйылады. Араластырғышты қосып, ыдысқа 50 кг полиакрилнитрил (ПАН) ұнтағы қосылады. Араластыру нәтижесінде реакциялық масса біркелкі суспензия түзілген соң, реактордың жейдесіне бу беру арқылы температураны 60-70<sup>0</sup>С–қа дейін қыздырып, 1 сағат көлемінде ПАН-ның толық ісіну процесі жүргізіледі.

Ісіну процесінен кейін сабындану процесін 95-98<sup>0</sup>С-та 2,5-3,0 сағат көлемінде жүргізіледі. ПАН-ның сабындану процесі аммиактың бөлінуімен жүреді. Реакция барысында аммиактың көп мөлшерде бөлінуі байқалады (0-30 мин аралығында), ал содан соң аммиактың бөлінуі біркелкі жүреді (30-150 минут). Реакцияның соңында аммиактың бөлінуі төмендейді. Сабындану процесінде реакциялық қоспаның түсі ақ түстен ақшыл сары түске өзгереді (30-40 мин), содан соң ашық-қызылға, ал реакция соңында өнім қою тұтқырлы сары түске айналады. Алынған тұтқыр полиэлектролитті, яғни өнімді модификациялау үшін бірінші реактордан (1) екінші реакторға (2) құйылады. Алынған өнімді модификациялау, яғни поликонденсация процесін жүргізу үшін 25 кг госсипол шайыры қосылады және реакциялық массаны 95-98<sup>0</sup>С температураға жоғарлатып, процесті 2,5 сағат көлемінде жүргізіледі. Реакция нәтижесінде тұтқыр, гель тәрізді, қара-қоңыр түсті, аммиак иісті масса түзіледі. Госсипол шайырының сабынданбаған бөлігін уайт-спиритпен экстрагирленеді. Алынған өнім мұнайды сусыздандыру процесінде деэмульгатор және мұнайды тасымалдауда депрессатор ретінде ұсынылды.

#### **3.4 Бутилметакрилат, $\alpha$ -олефин және винилацетат негізінде депрессаторларды алу технологиясы**

(2) реакторына араластыру кезінде 25 суретке сәйкес (4) ыдысынан 50 кг бутилметакрилді эфир және (3) ыдысынан 50 кг  $\alpha$ -олефин қосады, одан соң (1) реакторына толуолдың 200 кг еріткішін және онда ерітілген 100 г бензоил асқын тотығының инициаторын қосады. Мономерлер көлем бойынша толығымен таралғанша араластырады және 30 минут бойы 323<sup>0</sup>С дейін қыздырып 30 минут бойы сол температураны ұстап тұрады. Сополимеризация реакциясын 100-120<sup>0</sup>С температурада 4 сағат бойы жүргізеді. Одан соң (2) реакторына мен (5) ыдысынан 50 кг винилацетат қосады. Сополимеризация процесі 120<sup>0</sup>С температурада 2 сағат бойы жүргізіледі. Бұл кезде сополимеризация процесінде реакциялық масса гомогенделеді және тұтқыр сұйық масса алынады. Одан соң дайын өнімді (2) реакторынан (7) ыдысына құяды.




1 - толуол және бензоил асқын тотығының инициаторының реакторы;  
 2 - реактор; 3,4,5 - мономерлер үшін сұйықтар; 6 - суытқыш; 7 - депрессаторға арналған ыдыс

Сурет 25 - Бутилметакрилат,  $\alpha$ -олефин және венилацетат негізінде депрессаторларды алу технологиясы

### **3.5 Фенилантранил және себацин қышқылдарымен этиленгликоль қатысында депрессаторларды алу технологиясы**

Поликонденсация және этерификация процестері қышқылдық, сілтілік ортаға бейім эмальданған реакторда жүргізіледі. Ол реактор тоңазытқыш, араластырғыш және жейдемен 26 суретке сәйкес жабдықталған. Көлемі 500 л реакторға (2) ыдыстан (3), (5) 100 л фенилантранил және 100 л себацин қышқылдары құйылады. Реактордың (2) араластырғышын қосып, алдын ала бірінші реакторда дайындалған, 0,5% концентрациядағы күкірт қышқылынан аз мөлшерде тамшылатып рН=2-ге дейін қосылады. Реакциялық ортаны араластырып, реактордың (2) жейдесіне бу беру арқылы біртіндеп қыздырып температураны 90<sup>0</sup>С-қа дейін жоғарылатып, поликонденсация процесін 3,0 сағат төңірегінде жүргізіледі.

Реакция барысын тоңазытқышта (7) бөлінген су мөлшері мен қышқылдық санның мөлшерінің негізінде бақыланады. Судың бөлінуі тоқтаған соң алынған өнім екінші (2) реактордан алтыншы (6) реакторға өткізіледі. Этерификация процесі екінші (2) реакторда поликонденсацияланған өнімге төртінші (4) ыдыстан 100 л этиленгликольден қосып 90<sup>0</sup>С-та 30-45 минут төңірегінде жүргізіледі. Нәтижеде сарғыш түсті, тұтқыр қою массаға ие болған өнім алынады. Алынған өнім сегізінші (8) ыдыста сақталып, плунжерлік сорап (9) арқылы керекті тасымалдау ыдыстарына құйылады және тұтынушыға жеткізіледі. Фенилантранилмен, себацин қышқылдары және этиленгликоль негізінде синтезделінген депрессаторды шартты түрде ДПН-12 деп белгіленді.



- 1 – күкірт қышқылының ерітіндісін дайындайтын реакторы;  
 2 – поликонденсация реакторы; 3 - фенилантронил қышқылына арналған ыдыс;  
 4 – этиленгликольге арналған ыдыс; 5 – себацин қышқылына арналған ыдыс;  
 6 – этерификация реакторы; 7 – тоңазытқыш; 8 – депрессор қоспасына арналған ыдыс; 9 – плунжерлік сорап

Сурет 26 - ДПН-12 депрессорлы қоспасын алудың технологиялық сұлбасы

Үшінші бөлімді қорытындылай келе депрессаторларды мақта майы өндірісінің қалдығы - госсипол шайыры, Құмкөл мұнайын өндеудегі қалдығы - гудрон және мономерлер негізінде синтездеу процестері қарастырылады. Екі сатылы полимерлену, поликондесациялау және модифицирлеу әдістерін қолдана отырып мұнай гудроны, мақта майының госсипол шайыры және олефиндер мен аминоароматты қосылыстарды мономерлер негізінде көп функционалды қасиеттерге ие, комплексті депрессаторлар синтезделініп, алу технологиялары құрастырылды. Өнімді алуды қамтамасыз ететін оңтайлы процестерімен параметрлері көрсетілді.

Депрессаторларды синтездеу процестерінде сополимеризациялау, поликонденсациялау және модификациялау реакцияға кірісетін компоненттердің, катализаторлармен инициаторлардың қатынастары мен концентрацияға, температура мен уақытқа байланысты тиімді және оңтайлы процестерімен параметрлері анықталды.

Синтезделінген депрессаторлардың физика-химиялық қасиеттерін электронды микроскопия, ИҚ-спектрометрия, элементтік сараптама әдістермен зерттелініп, құрылымы мен химиялық құрамы анықталды және депрессорлы қосындыларды алудағы технологиялық сұлбалар көрсетілді.



#### 4 СИНТЕЗДЕЛІНГЕН ДЕПРЕССАТОРЛАРДЫҢ ҚҰМКӨЛ МҰНАЙЫНЫҢ ЖӘНЕ ӨНІМДЕРІНІҢ ПАЙДАЛАНУ ҚАСИЕТТЕРІНЕ ӘСЕРІН ЗЕРТТЕУ

##### 4.1 Өндіріс қалдықтары – мұнай гудроны және мақта майының госсипол шайыры негізінде аминокароматты депрессаторлардың Құмкөл мұнайының және өнімдерінің пайдалану қасиеттеріне әсерін зерттеу

Синтезделген депрессаторлардың мұнайдың қату температурасына әсерін анықтау үшін мұнайдың фракциялық құрамы анықталды, олардың мұнайдың қату температурасына әсері зерттелді. Осыған байланысты Құмкөл кенорнының мұнайының фракциялық қасиеттері зерттелді.

15-ші кестеде Шымкент НПЗ (ТОО «ПетроКазахстанОйлПродактс») жағдайында өңделетін, Құмкөл кенорнының зерттелетін мұнайының фракциялық құрамы келтірілген.

Кесте 15 - Құмкөл кенорнының мұнайының фракциялық құрамы

Температура, °С	Фракциялық құрамы, %
100	10
120	13,5
150	21
160	23
180	26,5
200	29,5
220	33
240	36,5
260	40
280	44
300	48

Зерттелетін мұнайдың 48% көлеміндегі барлық жеңіл фракциялардың қосындысы мұнайдың қату температурасының төмендеуіне аз ғана әсер етеді. Мұнайдың қату температурасын төмендету үшін госсиполды-шайыр мен гудрон – майөндірісінің шығымдарының негізіндегі ДПН-1,2 синтезделген депрессаторлары пайдаланылды [157 б. 488-491, 158 б. 61-64].

Депрессаторларды ДПН-1,2 пайдаланумен жүргізілген зерттеулер мұнайдың қату температурасының 12-ден 7<sup>0</sup>С-қа дейін төмендегенін көрсетеді. Депрессаторларсыз мұнайдың қату температурасы 12<sup>0</sup>С-қа тең депрессатор концентрациясына тәуелділігі 16-шы кестеде келтірілген.

Кесте 16 - ГОСТ 20287 Құмкөл мұнайы мен бойынша ДПН-1,2 депрессаторын пайдалану бойынша тәжірибелік берілгендер

Мұнай	Көлем, мл	Депрессатор көлемі, %	Депрессатормен қату температурасы Т, °С	
			ДПН-1	ДПН-2
Құмкөл мұнайы	100	-	12	12
	100	0,005	12	11,5
	100	0,001	11	11
	100	0,05	10	9,5
	100	0,025	9	8,5
	100	0,01	8	8
	100	0,1	7	7,5

Құмкөл мұнайының қату температурасына синтезделген депрессаторлар ДПН-1,2 концентрациясының (0,1-0,005%) әсерін анықтау бойынша жүргізілген зерттеулер, оларды 0,1-ден 0,005%-ға дейін қосу кезінде Құмкөл мұнайының қату температурасының төмендейтіндігін көрсетті.

Ендіру мұнайдың қату температурасын төмендетуге көмектеседі және осындай әдіспен олардың аққыштығы жақсарады және сәйкесінше құбырөткізгіштегі қысым төмендейді және мұнайдың цистернадан төгілуі жақсарады. Осындай әдіспен, ДПН-1,2 сериялы депрессаторының әсер ету тиімділігі асфальтендердің, шайырдың, парафиндер мен мұнайдың мөлшеріне байланысты болатындығы анықталды.

Госсиполды шайыр мен гудрон – майөндірісінің шығымдарының негізіндегі ДПН-3 синтезделген депрессатордың мұнайдың қату температурасының төмендеуіне әсері зерттелді [159 б. 243-249].

Құмкөл мұнайының қату температурасының депрессатор концентрациясына тәуелділігі 17-ші кестеде келтірілген.

Кесте 17 - МЕСТ 20287 бойынша Құмкөл мұнайы мен ДПН-3 депрессаторын пайдалану бойынша тәжірибелік берілгендер

Мұнай	Көлем, мл	Депрессатор көлемі, %	Депрессатормен қату температурасы, Т <sub>қату</sub> °С
			ДПН-3
Құмкөл мұнайы	100	-	12
	100	0,005	9
	100	0,001	8
	100	0,05	7
	100	0,025	6
	100	0,01	6
	100	0,1	7

Депрессаторларды пайдаланумен жүргізілген зерттеулер мұнайдың қату температурасының 12-ден 7<sup>0</sup>С-қа дейін төмендегенін көрсетеді.

Депрессаторларды пайдаланбағанда мұнайдың қату температурасы 12<sup>0</sup>С-қа тең.

ДПН-3 синтезделген депрессатордың концентрациясының (0,1-0,005%) Құмкөл мұнайының қату температурасына әсерін зерттеу, оларды 0,1-0,005% аралығында қосу Құмкөл мұнайының қату температурасын төмендететіндігі көрсетті.

Жоғарыда айтылғандай, ДПН-3 депрессаторын ендіру мұнайдың қату температурасын төмендетуге және осындай әдіспен оның аққыштығын жоғарылатуға, сәйкесінше құбырдағы қысымды төмендетуге және цистерналардан мұнайдың толық ағуын қамтамасыз етеді.

Осындай әдіспен, ДПН-1,2,3 сериялы депрессаторларын әсер ету тиімділігі сонымен қатар мұнайдағы асфальтендердің, шайырдың, парафиндердің мөлшеріне байланысты екендігі анықталды.

Құмкөл мұнайының қату температурасының өзгеруінің ДПН-4 депрессаторының концентрациясына тәуелділігі 18-ші кестеде және А қосымшада келтірілген.

Кесте 18 - МЕСТ 20287 бойынша Құмкөл мұнайы мен ДПН-4 депрессаторын пайдалану бойынша тәжірибелік берілгендер.

Мұнай	Көлем, мл	Депрессатор көлемі, %	Депрессатормен қату температурасы, T <sub>кату</sub> °С
			ДПН-4
Құмкөл мұнайы	100	-	12
	100	0,005	10
	100	0,001	8
	100	0,05	6
	100	0,025	3
	100	0,01	1
	100	0,1	-2

Депрессаторларды пайдаланумен жүргізілген зерттеулер мұнайдың қату температурасының 12-ден -2<sup>0</sup>С-қа дейін төмендегендігін көрсетеді.

Депрессаторларды пайдаланусыз мұнайдың қату температурасы 12<sup>0</sup>С.

Құмкөл мұнайының қату температурасына ДПН-4 синтезделген депрессаторын концентрациясының (0,1-0,005%) әсерін зерттеу, оларды 0,1-0,005%-ға дейін қосу Құмкөл мұнайының қату температурасын төмендететіндігін көрсетті.

Сонымен қатар, ендірілетін депрессаторлардың концентрациясы және оның әсер ету тиімділігі депрессаторларды ендіру температурасына, парафиндік көмірсутектердің мөлшері мен құрамына және асфальтендер мен шайырдың мөлшеріне, сонымен қатар олардың қатынасына байланысты.

Жоғарыда айтылғандай, ДПН-3 депрессаторын ендіру мұнайдың қату температурасын төмендетуге және осындай әдіспен оның аққыштығын жоғарылатуға, сәйкесінше құбырдағы қысымды төмендетуге және цистерналардан мұнайдың толық ағуын қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар біз синтезделген депрессаторлардың ДПМ-4 Құмкөл мұнайының базалық майларының физика-химиялық қасиеттеріне әсерін зерттедік. Зерттелетін майлардан 78% көлемдегі барлық жеңіл фракциялардың қосылысы майлардың қату температурасының төмендеуіне аз ғана әсер ететіндігі белгілі. Майлардың қату температурасын төмендету үшін госсиполды шайырдың қатысуымен сополимердің негізіндегі ДПМ-4 синтезделген депрессаторы пайдаланылды [160 б. 1-6].

Құмкөл мұнайының майларының қату температурасының депрессатор концентрациясына байланысты өзгеру тәуелділігі 19-шы кестеде келтірілген.

Кесте 19 - МЕСТ 20287 бойынша Құмкөл мұнайы мен (ДПМ-4) депрессаторын пайдалану бойынша тәжірибелік берілгендер

Мұнай	Көлем, мл	Депрессатор көлемі, %	ДПМ-4 депрессаторменен қату температурасы, $T_{\text{кату}}^{\circ}\text{C}$	ДПМ-4 депрессаторменен қату температурасы, $T_{\text{кату}}^{\circ}\text{C}$
			420–480 <sup>0</sup> С фракциясының 2-ші майлы айдалуы	480–500 <sup>0</sup> С фракциясының 3-ші майлы айдалуы
Құмкөл мұнайының базалық майы	100	-	27,5	35,0
	100	0,005	19,5	28,9
	100	0,001	14,0	22,7
	100	0,05	9,8	15,0
	100	0,025	4,8	11,5
	100	0,01	1,5	7,0
	100	0,1	-7	-4

Депрессаторларды пайдаланумен жүргізілген зерттеулер 420–480<sup>0</sup>С фракцияларының майларының қату температурасының 27,5-тен -7<sup>0</sup>С-қа дейін, ал 480–500<sup>0</sup>С фракцияларының 35,0 -ден -4<sup>0</sup>С-қа дейін екендігін көрсетті.

420–480<sup>0</sup>С фракцияларының базалық майларының қату температурасы депрессаторларсыз 27,5<sup>0</sup>С-қа, 480–500<sup>0</sup>С фракциялары 35<sup>0</sup>С-қа тең.

ДПМ-4 синтезделген депрессатор концентрациясының (0,1-0,005%) Құмкөл мұнайының базалық майларының қату температурасына әсерін зерттеу, оларды 0,1-0,005%-ға дейін қосу кезінде Құмкөл мұнайының базалық майларының қату температурасы төмендейтіндігін көрсетті.

Сонымен қатар, ендірілетін депрессаторын концентрациясы мен оның әсер ету тиімділігі депрессатордың ендіру температурасына, оның құрамына және

парафиндік көмірсутектердің мөлшеріне, асфальтендер мен шайырдың мөлшеріне, сонымен қатар олардың қатынасына байланысты болады.

#### 4.2 Бутилметакрилат, винилацетат, $\alpha$ -олефин негізінде депрессаторлардың Құмкөл мұнайының және өнімдерінің пайдалану қасиеттеріне әсерін зерттеу

Құмкөл мұнайының 50<sup>0</sup>С температурасында төментемпературалық көрсеткіштер мен кинематикалық тұтқырлығына винилацетат пен бутилметакрилат негізіндегі синтезделген депрессорлық – сополимерлердің депрессатор концентрациясына тәуелділігі (0,001–0,5%) 20-ші кесте зерттелді.

Кесте 20 - 50<sup>0</sup>С температурада Құмкөл мұнайының кинематикалық тұтқырлығы мен төмен температуралық көрсеткіштерінің винилацетат пен бутилметакрилат ДПН–6 (0,001–0,5%) негізіндегі депрессатор концентрациясына байланысты өзгеруі

Депрессатор	Шикі мұнай		
	шикі мұнай, мл	кинематикалық тұтқырлық, $\eta_{кин}$ , мм <sup>2</sup> /с	қату температурасы, $T_{қату}$ , °С
ВА+БМА, %			
-	100	2,57	+16
0,001	100	1,17	-3
0,01	100	1,10	-9
0,1	100	1,08	-5
0,25	100	0,94	-2
0,5	100	1,01	-3

20-ші кестеден, депрессаторларды қосусыз мұнайдың кинематикалық тұтқырлығы  $\eta_{кин}=2,57$  мм<sup>2</sup>/с, қату температурасы  $T_{қату} = +16^{\circ}\text{C}$  болатындығы көрінеді. Шикі мұнайға (0,001–0,5%) мөлшерінде толуолда ерітілген винилацетат және бутилметакрилат негізіндегі синтезделген депрессаторларды қосу кезінде мұнайдың пайдалану параметрлері өзгереді, демек кинематикалық тұтқырлық  $\eta_{кин}=2,57$  мм<sup>2</sup>/с–тан 0,94 мм<sup>2</sup>/с–қа дейін төмендейді, қату температурасы  $T_{қату} +16^{\circ}\text{C}$ –тан  $-9^{\circ}\text{C}$ –қа дейін төмендейді. Бұл кезде қосылатын депрессаторлардың оптималды концентрациялары 0,001–0,01%–ды құрайды, ал жүйеде ары қарай концентрацияны жоғарылататын болсақ бұл көрсеткіштер өзгермейді. Бұл, концентрацияны жоғарылату пайдалану параметрлерінің жоғалыауына алып келмейтіндігін көрсетеді және жүйедегі оптималды концентрацияны 0,001–0,01% деп қабылдаймыз (Қосымша А).

Сонымен қатар, ДТ–Л–К2 маркалы дизельдік отынның қасиеттеріне концентрацияға байланысты винилацетат пен бутилметакрилат негізіндегі синтезделген депрессаторлардың – сополимерлерінің әсері зерттелді.

ДПН–6 депрессатормен және депрессаторсыз үлгілерді сынау нәтижелері 21-ші кестеде келтірілген.

Кесте 21 - 25<sup>0</sup>С температурасында ДПН–6 депрессатордың концентрациясына байланысты дизельдік отынның төментемпературалық көрсеткіштері мен кинематикалық тұтқырлықтың өзгеруі

Депрессатор	ДТ–Л–К2 (100 мл) маркалы дизельдік отын			
ВА+БМА	ДТ-Л-К2, мл	кинематикалық тұтқырлық, $\eta_{кин}$ , мм <sup>2</sup> /с	лайлану температурасы, $T_{қоюл}$ , °С	қату температурасы, $T_{қату}$ , °С
-	100	3,77	-11	-14
0,001	100	1,21	-22	-29
0,01	100	1,31	-21	-28
0,1	100	1,33	-22	-30
0,25	100	1,42	-21	-29
0,5	100	1,56	-21	-26

Кестеден көріп отырғанымыздай, депрессаторды қосусыз ДТ–Л–К2 (25<sup>0</sup>С) дизельдік отынының кинематикалық тұтқырлығы  $\eta_{кин}=3,77$ -ге, қоюлану температурасы  $T_{қоюл}=-11^{\circ}\text{C}$ -қа, қату температурасы  $T_{қату}=-14^{\circ}\text{C}$ -қа тең. Виналацетат пен бутилметакрилат негізіндегі синтезделген депрессаторларды (толуолда ерітілген) дизельдік отынға (0,001–0,5%) мөлшерінде қосу кезінде дизельдік отынның кинематикалық тұтқырлығы күрт өзгереді, демек кинематикалық тұтқырлық  $\eta_{кин} = 3,77$  мм<sup>2</sup>/с-тен 1,21–1,56 мм<sup>2</sup>/с-қа дейін төмендейді, қоюлану температурасы  $T_{қоюл}$  -11<sup>0</sup>С-тан -22<sup>0</sup>С-қа дейін күрт төмендейді, қату температурасы  $T_{қату}$  -14<sup>0</sup>С-тан -30<sup>0</sup>С-қа дейін төмендейді. Бұл кезде қосылатын депрессаторлардың оптималды концентрациясы 0,001–0,1%-ды құрайды, ал жүйедегі концентрацияны одан ары жоғарылату бұл көрсеткіштерді өзгертпейді. Бұл, концентрацияны жоғарылату пайдалану параметрлерінің жақсаруына алып келмейтіндігін және жүйедегі оптималды концентрацияны 0,001–0,1% деп қабылдау қажеттігін көрсетеді.

Депрессаторлардың мұнай өнімдерінің қату температурасына әсерін түсіндіру кезінде олардың әсер етуінің адсорбциялық механизмі кеңінен тараған, бұл кезде депрессатордың маңызы фазалар туындысын өшіруде және, парафиндер кристаллдарының қартайуының алдын алады. Мұнайөнімдерінің қату температурасына депрессаторлардың әсер етуін түсіндіру кезінде олардың әсер етуінің адсорбциялық механизмі кеңінен таралған, бұл кезде қоспалардың ролі фаза туындалыран басуға бағытталады, және көбіне парафиндердің кристалдарының қартаюының алдын алады. Үлкен көлемді және тармақталған депрессатордың беттік-белсенді молекулалары, парафин кристалдарын адсорбциялап, олардың бір-біріне жақындауына кедергі болады, бұл гельді тұрғызу үшін қажет.

Осындай әдіспен, бастапқы параметрлерінің қатынасы 1:1-ге тең, виналацетатпен бутилметакрилат негізіндегі гомо- және сополимерлік депрессатор зерттелді және синтезделді.

Мұнайдың 50<sup>0</sup>С және дизельдік отынның 25<sup>0</sup>С қату температураларында, кинематикалық тұтқырлыққа депрессатордың концентрациясының әсері зерттелді. Бастапқы компоненттері 1:1 қатынастағы және 0,05 масс.%

концентрациялы қоспа, зерттелген Құмкөл кен орнының мұнайы мен дизельдік отындарында жоғары тиімділікпен сипатталатындығы көрсетілді.

Депрессатор концентрациясының (0,05 до 1,0 масс.%) 50<sup>0</sup>С-та Құмкөлдік мұнайына және 25<sup>0</sup>С-та дизельдік отынның төментемпературалық көрсеткіштері мен кинематикалық тұтқырлығына әсері зерттелді. Концентрациясында 0,001-0,1 масс.% бутилметакрилат пен винилацетат негізіндегі сополимер Құмкөл мұнайының және дизельдік отынның төментемпературалық көрсеткіштері мен кинематикалық тұтқырлығын төмендетуді қамтамасыз ететіндігі анықталды.

Осындай әдіспен, бутилметакрилат пен винилацетат негізіндегі синтезделген сополимерді, Құмкөл мұнайы мен дизельдік отынның жинау, тасымалдау және пайдалану кезінде пайдалану қасиеттерін реттеу үшін пайдалануға ұсынуға болады [164, б. 408,409].

Бутилметакрилат, көміртекті атомдардың C<sub>19</sub>-C<sub>24</sub> молекуласында кездесетін көміртекті α-олефинмен өзгертілген винилацетат негізіндегі сополимерлер мұнайларға депрессатор ретінде пайдалану мүмкіндігін анықтау мақсатында синтезделді, негізінен, дизель отынының төмен температуралық қасиеттерін жақсарту үшін ұсынуға болады.

Дизельді отынға депрессаторды енгізбес бұрын оны құрамында ароматты көмірсутектер бар органикалық еріткіште ерітті. Органикалық еріткіш ретінде толуол, бензол, м-ксилол, кумол пайдаланылды. Енгізілген қоспа массасы 0,1-0,3 масс.%.

Депрессатордың тиімділігін төменгі температуралық қасиеттерінің төмендеуімен бағалап отырды, бағалау арнайы құрал мұнай өнімдерінің төмен температуралық көрсеткіштерін өлшейтін МХ-700 құрал арқылы жүзеге асты. Көрсеткіштерге Құмкөл мұнайының лайлану температурасы, қату температурасы, сүзгілеудің шекті температурасы жатады [162, б. 241-242].

22-ші кестеде келтірілген мәліметтер ұсынылатын депрессаторды пайдалану дизель отынының лайлану температурасы, қату температурасы, сүзгілеудің шекті температурасын төмендетуге септігін тигізетіні көрініп тұр, ең оптималды депрессатор мөлшері 0,1%. Депрессатор мөлшері 0,1 масс.% болғанда лайлану температурасы -13,4<sup>0</sup>С, қату температурасы -21,8<sup>0</sup>С, сүзгілеудің шекті температурасы 14,8<sup>0</sup>С.

Кесте 22 – Дизель отынының төмен температуралық көрсеткіштерінің бутилметакрилат винилацетат және α-олефин негізінде синтезделінген депрессатордың концентрациясына байланысты өзгеруі.

Көрсеткіштер	Депрессаторсыз	Депрессатор мөлшері, масс.%		
		0,1	0,25	0,3
Лайлану температурасы	-11,6	-13,4	-13,1	-13,2
Қату температурасы	-16,0	-21,8	-21,4	-21,3
Сүзгілеудің шекті температурасы	- 12,2	-14,8	-14,6	-14,7

Сентезделген полимерлер дизельдік отынның қысқы сорттарына депрессатор ретінде сыналды. Ұсынылып отырған депрессаторды компоненттерді жоғары температурада және 1,0-1,5 сағат көлемінде араластырылды. Аталған әдіспен депрессатор үлгілері дайындалды. Дизельдік отынның дайындалған үлгілері ұсынылған депрессатордың 0,1-0,3 масс.%-нан тұрады. Дайындалған депрессатордың құрамы 34-ші кестеде келтірілген.

Дизельдік отынға депрессаторды ендіруден бұрын органикалық ерітіндіде ерітеді. Органикалық ерітінді ретінде толуол, бензол, м-ксилол, кумолды пайдаланды. Ендірілетін депрессатордың мөлшері 0,1-0,3 мас.%-ды құрайды.

Депрессатордың тиімділігін бағалауды қоюлану температурасы, қату температурасы Құмкөл кенорнының дизельдік отынының сүзілуінің шектік температурасы сияқты, төментемпературалық көрсеткіштерді төмендету бойынша жүргізілді. Төментемпературалық көрсеткіштерді мұнайөнімдерінің төментемпературалық көрсеткіштерінің өлшегіші МХ-700-де анықтайды

Дайындалған үлгілердің салыстырмалы саналуының нәтижелерінің депрессатормен дизельдік отынның үлгісімен салыстырылуының нәтижелері 23-ші кестеде келтірілген. Зерттеулердің нәтижелері көрсеткендей, ВА+БМА және БМА+  $\alpha$ -олефин негізіндегі сополимерлердің қосындылары диельдік отынның төментемпературалы көрсеткіштеріне аз ғана әсер етеді.

Кесте 23 - Депрессаторлармен дизельдік отынның төмен температуралық көрсеткіштері

Құрамы	Депрессатормөлшері, масс.%	Көрсеткіштер		
		лайлану температурасы $T_{\text{қоюл}}$	қату температурасы, $T_{\text{қату}}$	сүзудің шектік температурасы $T_{\text{сүзу}}$
Депрессаторсыз		-11,6	-16,0	- 12,2
ВА+ БМА	0,1	-11,8	-16,8	-12,4
	0,25	-11,6	-16,5	-12,3
	0,3	-12,1	-17,2	-12,6
БМА+ $\alpha$ -олефин	0,1	-11,3	-15,7	-12,1
	0,25	-11,2	-16,5	-12,3
	0,3	-10,9	-16,9	-13,0
БМА+ВА+ $\alpha$ -олефин	0,1	-13,4	-21,8	-14,8
	0,25	-13,1	-21,4	-14,6
	0,3	-13,2	-21,3	-14,7

Алынған БМА+ВА+ $\alpha$ -олефин сополимерлерінің негізіндегі депрессаторды пайдалану дизельдік отынның құрамындағы депрессатордың концентрациясы 0,1-0,3 масс. % болғанда қату температурасын -21,3 -21,8<sup>o</sup>С-қа төмендейтетіндігін көрсетеді. Максималды депрессия депрессатордың концентрациясы 0,1 масс. % болғанда бақыланады. Оның қатысуы кезінде ең төменгі қату температурасына  $T_{\text{қату}}$  -21,8<sup>o</sup>С-қа жетеді.

Зерттелетін дизельдік отында депрессатордың болуының тиімділіктерін салыстыру, депрессатор үшін жалпы болып, бұл депрессатордың дисперсті орта



мен қатты көмірсутектердің кристалдарының шекарасында төменгі беттік керілумен анықталған, адсорбциялық механизм бойынша жұмыс істейтіндігі табылатындығын көрсетті. Адсорбциялық механизм кезінде қосындының шығыны минималды және парафиндердің кристалдарының бетінде мономолекулярлы қабатты қалыптастыруға жұмсалған шығынмен анықталады.

Тұрғызылған депрессатор ендірілуі қоюлану температурасының, қату температурасының, дизельдік отынның шектік сүзілу температурасының төмендеуіне алып келеді.

#### **4.3 Бутилметакрилат, полибутилметакрилат, винилацетат, олейн, себациндік қышқыл, олейн қышқылының метил эфирі, этиленгликоль, стирол және финилантранилдік қышқыл негізінде депрессаторлардың Құмкөл мұнайының және өнімдерінің пайдалану қасиеттеріне әсерін зерттеу**

Депрессаторды концентрациясына және температураның Құмкөл кенорнының мұнайының тұтқырлығына әсері зерттелді.

Құмкөл мұнайлары жеңіл, азкүкіртті, парафинді және оңай қатады.

Депрессаторды мұнай мен мұнайөнімдерінің реологиялық қасиеттеріне әсер етуінің тиімділігін бағалауды капиллярлы вискозиметрде реометриялық зерттеулер жолымен жүргізді. Бұл кезде депрессатор белсенді затының зерттелетін ортада толық еруі мен біркелкі таралуын қамтамасыз ету қажет. Оны алдын ала сәйкес еріткіште араластырады және ендіргеннен кейін зерттелетін ортаға орналастырады.

Депрессатордың концентрациясының мұнайдың кинематикалық тұтқырлығына әсері зерттелді. Депрессатор концентрациясы 0,05-тен 1,0 масс.%-ға дейін болды.

Мұнайдың кинематикалық тұтқырлығы капилляр диаметрі 1,2 мм ВПЖ-3 капиллярлы вискозиметрде  $25 \pm 0,1^\circ\text{C}$  температурада өлшенді. Мұнайдың кинематикалық тұтқырлығы капилляр диаметрі 0,99 мм болатын ВПЖ-2 вискозиметрінде өлшенді.

Майлардың кинематикалық тұтқырлықтарын анықтау МЕСТ 33-2000-ға сәйкес жүргізілді.

24-шы кестеде келтірілген,  $80-100^\circ\text{C} +1\%$  бензойлдің асқын тотығын инициатор негізінде алған гомополимерлі бутилметакрилатты ДПН-5 деп атадық және осы алынған депрессаторды қысқы дизель отынына енгіздік. Синтезделінген депрессатор қысқы дизель отынның пайдалану депрессиялық қасиетіне төмендеуіне әсер етті. Бұл кезде полибутилметакрилат үшін 0,1 масс.% депрессатор мөлшері оптималды болып табылады. Депрессатор мөлшері 0,1 масс.% болған кезде депрессия температурасы сәйкесінше -  $6,1^\circ\text{C}$  болады. Осындай әдіспен, тәжірибелердің нәтижесінде, депрессатор ретінде синтезделген полибутилметакрилатты пайдалану дизельдік отынның сапасын жоғарылататындығын көрсетеді [165, б. 149].

Кесте 24 – Полибутилметакрилат ДПН-5 депрессаторының қатысуымен дизельдік отынның төментемпературалық көрсеткіштері

Депрессатор	Депрессатор мөлшері, масс. %	Лайлану температурасы, °С	Қату температурасы, °С	Сүзілудің шектік температурасы, °С	Депрессия температурасы, °С
Депрессаторсыз	-	-11,6	-20,3	-12,2	-
Полибутилметакрилат	0,2	-10,8	-26,2	-11,7	-5,9
	0,1	-10,9	-26,4	-12,0	-6,1
	0,05	-10,6	-25,9	-11,7	-5,6

Полиметакрилатты депрессаторларға, алкилметакрилаттардың гомополимеризациясы кезінде жетпеген қасиеттерді беру үшін, алкилметакрилаттардың сополимерлерін алу үшін бірқатар синтездер жүргізілді, демек тек қана жоғарыпарафиндік мұнайларға қатысты емес, сонымен қатар жоғарыпарафиндік мұнай мен мұнайөнімдеріне қатысты депрессорлық қасиеттерге жету үшін.

Сополимерлік немесе үштік сополимерлер үшін, депрессатордың құрамын өзгерту мүмкіндіктері кең көлемде, өйткені сополимерлер әртүрлі өлшемдік, құрылымдық және құрамдық макромолекулалардан тұрады. Осы құрамдардың әрқайсысы сополимерлердің депрессорлық қасиеттерін түсіндіреді. Синтезделген депрессорлық депрессатордың тұтқырлықты қасиеттерге тиімділігінің салыстырмалы зерттеулерін жүргізу кезінде депрессатордың олардың ұұрылымы мен химиялық құрамына тәуелділігі орнатылды.

Олейндік қышқылдың сополимерінің негізіндегі депрессаторы мен бутилметакрилат қатынасының әсері, сонымен қатар олардың негізіндегі депрессатор концентрациясының мұнайдың тұтқырлық қасиеттеріне әсері зерттелді.

Сополимердің 1:1, 1:2 және 2:1 қатынасы және 0,05-тен 0,1 масс.% концентрациясы зерттелді. Зерттеулер нәтижесінен, Құмкөл кенорнының мұнайлары үшін бастапқы өнімнің 1:1-ге тең қатынасында депрессаторды пайдалану, олардың мұнайдағы концентрациясының төмендеуіне алып келеді және 0,05 масс.% концентрациясы оптималды болып табылады, бұл кезде кинематикалық тұтқырлықтың төмендеуі жүреді және 35,4%-ды құрайды 25-ші кесте. 1:2 қатынасында да тұтқырлықтың аз ғана төмендеуі бақыланады, ол депрессатор концентрациясына аз тәуелді және орташа 1,36%-ды құрайды. Бастапқы компоненттердің 2:1 қатынасында 0,05 масс.% концентрациясында тұтқырлықтың төмендеуі 29,5%-ға тең болады [165, б. 150, 151].

Кесте 25 - ДПН-13 депрессаторды 40°C пайдалану кезіндегі Құмкөл мұнайының кинематикалық тұтқырлығының өзгеруі

Қосынды концентрациясы, масс %	$\nu$ , мм <sup>2</sup> /с	$\Delta \nu$ ,%
Бастапқы мұнай	24,211	-
ОҚ+БМА (1:1)		
0,05	15,638	35,4
0,1	15,864	34,5
0,20	15,896	34,34
0,5	16,128	33,39
1,0	16,163	33,24
ОҚ+БМА (1:2)		
0,05	23,882	1,36
0,1	24,09	0,50
0,20	23,477	3,03
0,5	23,626	2,42
1,0	-	-
ОҚ+БМА (2:1)		
0,05	17,069	29,50
0,1	17,337	28,39
0,20	17,937	25,91
0,5	18,020	25,57
1,0	17,198	28,97

Осындай әдіспен, тәжірибелік нәтижелер, Құмкөл кенорнының мұнайы үшін ОҚ+БМА депрессаторын компоненттерінің тиімді қатынасы депрессатор мөлшері 0,05 масс.% болғанда 1:1 болатындығын көрсетеді, өйткені тек осындай қатынас кинематикалық тұтқырлықтың 35,4%-ға төмендеуін береді.



Зерттеулердің нәтижелері, барлық зерттелетін депрессатор алынған мұнайда жоғары тиімділікпен сипатталатындығын көрсетті. Осындай әдіспен, зерттеулер нәтижелері мұнайдың реологиялық қасиеттерін жақсарту үшін ОҚ+БМА негізіндегі сополимерлер мұнайды игеру және тасымалдау жүйесінде пайдаланыла алады.

Сонымен қатар, минималды концентрацияда ОҚ-БМА сополимері мұнайдың тұтқырлығының максималды төмендеуін қамтамасыз етеді, бұл оптималды сипаттамасы болып табылады және сополимердің белсенділігін көрсетеді.

Төменде Құмкөл мұнайына бутилметакрилат және олейн қышқылы негізінде синтезделінген депрессаторды қосқандағы элементтік 26-ші кестеде минералдық құрамы және элементтік құрамымен құрылымының микроскопиялық суреті 27 суретке сәйкес беріледі.

Кесте 26 – Құмкөл мұнайына бутилметакрилат және олейн қышқылы негізінде синтезделінген депрессаторды қосқандағы элементтік және минералдық құрамы

Элементтер	Салмақтық, %	Оксидтер	Оксидтер %
O	46.61		
Na	2.77	Na <sub>2</sub> O	3.73
Mg	1.48	MgO	2.45
Al	5.07	Al <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	9.58
Si	20.61	Si O <sub>2</sub>	44.08
P	0.26	P <sub>2</sub> O <sub>5</sub>	0.60
S	7.58	SO <sub>3</sub>	18.95
K	1.99	K <sub>2</sub> O	2.4
Ca	7.58	Ca O	10.60
V	0.25	V <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	0.36
Mn	0.12	MnO	0.16
Fe	1.85	Fe <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	2.64
Ni	2.62	NiO	3.33
Zn	0.89	ZnO	1.11
Ba	0.32	BaO	0.36



Сурет 27 - Құмкөл мұнайына бутилметакрилат және олейн қышқылы негізінде синтезделінген депрессаторды қосқандағы элементтік құрамы және құрылымының микроскопиялық суреті

Синтезделген сополимерлердің Құмкөл кен орнының мұнайынан алынған И-40 маркалы майдың тұтқырлықтық қасиеттерге әсерін зерттеу жүргізілді. Құмкөл кен орнының мұнайынан алынған майдың негізгі физико-химиялық сипаттамалары 27-ші кестеде келтірілген.

Кесте 27 - И-40 маркалы майының физика-химиялық сипаттамалары

Көрсеткіштердің аталуы	Нормалар	Нақты
40 <sup>0</sup> С кезіндегі кинематикалық тұтқырлық, мм <sup>2</sup> /с, шегінде	61-75	73,92
Қату температурасы, <sup>0</sup> С, жоғары емес	минус 15	минус 15
Ашық тиглда анықталатын, жарылу температурасы, <sup>0</sup> С, төмен емес	220	228
%-дағы күйе, жоғары емес	0,005	болмайды
Судың мөлшері,%, жоғары емес	іздер	іздер
Механикалық қоспалардың мөлшері, жоғары емес	болмайды	болмайды
Қышқылдық сан, 1 г майға мг КОН, жоғары емес	0,05	0,017
Күкіртті мұнайдан майлардағы күкірттің салмақтық мөлшері, %, жоғары емес	1,1	0,85
ЦНТ колориметріндегі түс, бірл. ЦНТ жоғары емес	3,0	3,0
Селективті тазалау майларындағы еріткіштің мөлшері	болмайды	болмайды
Тотығуға қарсы тұрақтылық:		
а) тотыққан майдың қышқылдық санының жоғарылауы, 1 г майға мг КОН, жоғары емес	0,4	0,11
б) шайырдың жоғарылауы, %, жоғары емес	3,0	2,27
20 <sup>0</sup> С-тағы тығыздық, г/см <sup>3</sup> , жоғары емес	0,900	0,883

Депрессатор концентрациясын 0,05-тен 1,0 масс.%-ға дейін өзгерттік. Тұтқырлықты ВПЖ-2 (капилляр диаметрі 0,93 мм) және ВПЖ-3 (капилляр диаметрі 1,2 мм) капиллярлы вискозиметрде 25 және 40<sup>0</sup>С температурада анықтадық.

И-40 маркалы майдың үлгісі 27-шы кестеде мен ұсынылып отырған депрессатормен үлгісінің салыстырмалы зерттеулері 28-ші және 29-ші кестелерде келтірілген. Барлық зерттелген композициялық депрессаторлар зерттеліп отырған майдың тұтқырлығының мәнін төмендеткендігін көрсетеді.

28-ші кестеден көрініп тұрғандай 0,05-1,0 мас.% концентрациясында депрессорды пайдалану майдың кинематикалық тұтқырлығын 16-25%-ға төмендететіндігін көрсетті.

Кесте 28 - 25<sup>0</sup>С температурада ДПН-13 депрессаторды концентрациясына байланысты майдың кинематикалық тұтқырлығының өзгеру тәуелділігі

Депрессатор құрамы	Майдың кинематикалық тұтқырлығы, (мм <sup>2</sup> /с) 25 <sup>0</sup> С кезінде					
	депрессатор концентрациясы, % масс.					
	-	0,05	0,1	0,20	0,5	1,0
Депрессаторсыз май	156,33	-	-	-	-	-
ОК +БМА (1:2)	-	150,684	144,480	138,270	131,049	-
ОК +БМА (1:1)	-	117,95	124,72	121,34	120,34	118,57
ОК +БМА (2:1)	-	125,85	124,16	123,6	119,64	120,77

Барлық зерттеліп отырған депрессаторларды пайдалану сонымен қатар 25°C температурада майдың тұтқырлығын төмендетуге оң әсерін тигізеді. Бастапқы компоненттерінің әртүрлі қатынасымен ОК+БМА сополимерлерінің депрессорлық қасиеттерін зерттеу кезінде, майдағы концентрациясы 0,05 мас.% қатынастағы ОК+БМА негізіндегі сополимер ғана кинематикалық тұтқырлықты 24,6%-ға максималды төмендетуді қамтамасыз ететіндігін көрсетеді, бұл депрессатор шығынының жоғарылауына алып келеді. Сәйкесінше, бастапқы компоненттерінің қатысымен ОК+БМА сополимері - майдың тұтқырлығын төмендетудегі бір нұсқасы.

ОК+БМА депрессаторын (1:1) 40°C температурада майдың кинематикалық тұтқырлығының өзгеруін зерттеу кезінде де тұтқырлықты орташа 5-16%-ға төмендетеді 29-ші кесте.

Кесте 29 - 40°C температурада қоспаның ОК+БМА депрессаторын (1:1) байланысты майдың кинематикалық тұтқырлығының өзгеру тәуелділігі

Депрессатор құрамы	Майдың кинематикалық тұтқырлығы, (мм <sup>2</sup> /с) 40°C болғанда					
	депрессатор концентрациясы, %масс.					
	-	0,05	0,1	0,25	0,5	1,0
Депрессаторсыз май	73,9211	-	-	-	-	-
ОК+БМА (1:1)	-	70,684	63,561	64,078	63,308	-


Осындай әдіспен, бастапқы реагенттерінің қатынасы 1:1, 1:2, 2:1 болатын олейндік қышқылмен бутилметакрилат негізіндегі сополимерлі депрессатор зерттелді және синтезделді. 25 және 40°C температурада депрессаторлардың концентрациясының майдың кинематикалық тұтқырлығына әсері зерттелді. Бастапқы компоненттерінің қатынасы (1:1) және 0,05 масс.% концентрацияда қоспа зерттелетін май мен Құмкөл кен орнының мұнайының құрамында жоғары тиімділікпен сипатталатындығы көрсетілді.

Депрессатор концентрациясының мұнайдың кинематикалық тұтқырлығына әсері зерттелді. Депрессатор концентрациясы 0,05-тен 1,0 масс.%-ға дейін мөлшерде зерттелінді. 1:1 қатынастағы олейндік қышқыл мен бутилметакрилат негізіндегі сополимер 0,05 мас.%-дың майдың және мұнайдың кинематикалық тұтқырлығының 35,4%-ға төмендеуін қамтамасыз ететіндігі анықталды. Осындай әдіспен, бутилметакрилат пен олейндік қышқылдың негізіндегі синтезделген сополимерді Құмкөл кен орнының мұнайын игеру, жинау және тасымалдау жүйесінде, сонымен қатар И-40 маркалы майдың кинематикалық тұтқырлығын төмендету үшін ұсынуға болады [165, б. 150-152].

Төменде Құмкөл мұнайына винулацетатпен және олейн қышқылы негізінде синтезделінген депрессаторды қосқандағы 30-ші кестеде минералдық құрамы және элементтік құрамымен, құрылымының микроскопиялық суреті беріледі 28 суретке сәйкес беріледі.

Кесте 30 – Құмкөл мұнайына винилацетат және олейн қышқылы негізінде синтезделінген депрессаторды қосқандағы элементтік және минералдық құрамы

Элементтер	Салмақтық, %	Оксидтер	Оксидтер %
O	43.27	-	-
Na	11.30	Na <sub>2</sub> O	15.23
Mg	1.76	MgO	2.92
Al	1.05	Al <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	1.98
Si	2.94	Si O <sub>2</sub>	6.29
S	16.18	SO <sub>3</sub>	40.45
K	0.77	K <sub>2</sub> O	0.93
Ca	9.01	Ca O	12.60
Ti	0.17	TiO <sub>2</sub>	0.28
V	0.15	V <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	0.22
Cr	0.14	Cr <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	0.20
Fe	7.01	Fe <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	10.24
Ni	3.15	NiO	4.00



Сурет 28 - Құмкөл мұнайына винилацетат және олейн қышқылы негізінде синтезделінген депрессаторды қосқандағы элементтік құрамы және құрылымының микроскопиялық суреті

Бензолда ерітілген олейндік қышқыл винилацетат +1% бензойлдің асқын тотығы негізіндегі синтезделген депрессаторларды (0,001–0,5%) мөлшерде дизельдік отынға қосу кезінде дизельдік отынның пайдалану параметрлері күрт өзгереді, демек кинематикалық тұқырлық  $\eta_{кин}=4,16$  мм<sup>2</sup>/с-тан 1,24мм<sup>2</sup>/с-қа дейін, лайлану температурасы  $T_{лай}=-5^{\circ}\text{C}$ -тан  $-14^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, қату температурасы  $T_{қату}$   $-8^{\circ}\text{C}$ -тан  $-18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендейді. Бұл кезде қосылатын депрессаторлардың оптималды концентрациялары 0,001–0,1%-ды құрайды, ал жүйеде концентрацияны ары қарай жоғарылату кезінде бұл көрсеткіштер

өзгермейді. Бұл концентрацияны жоғарылату пайдалану параметрлерінің жақсаруына алып келмейтіндігін және оптималды концентрацияны 0,001–0,1% деп қабылдау қажет екендігін көрсетеді 31-ші кесте.

Кесте 31 - 20<sup>0</sup>С-температурада олейндік қышқыл мен винилацетат (0,001 – 0,5%) негізіндегі депрессатордың концентрациясына байланысты ығысудан кейінгі ДТ-Л-К2 гидротазартылған маркалы дизельдік отынның төментемпературалық көрсеткіштері мен кинематикалық тұтқырлығының өзгеруі

Депрессатор	ДТ–Л–К2 п/см (100 мл) маркалы дизельдік отын			
ДПН-14	ДТ-Л-К2	кинематикалық тұтқырлық, $\eta_{кин}$ , мм <sup>2</sup> /с	лайлану температурасы, $T_{кою}$ , °С	қату температурасы, $T_{кату}$ , °С
-	100 мл	4,16	-5	-8
0,001	100 мл	1,24	-15	-18
0,01	100 мл	1,29	-13	-15
0,1	100 мл	1,27	-13	-16
0,25	100 мл	1,30	-14	-17
0,5	100 мл	1,28	-14	-17

**Бутилметакрилат, стирол және олейн қышқылының метил эфири негізіндегі дизельдік отынның төмен температуралық қасиеттерін зерттеу.** Алынған полимерлер дизельдік отынға депрессатор ретінде зерттелді. Бұл кезде базалық отын ретінде мұнайлы жазғы немесе қысқы дизельдік отында немесе екінші фракциялық құрамды газконденсатты дизельдік отында пайдалануға болады.

Мұнай мен мұнайөнімдері үшін депрессаторының құрамы келесідей, мас. %: белгілі құрылымды сополимер 15-17, иістендірілген көмірсутек 35-33, қосымша еріткіштер – қалғаны.

Дизельдік отынның төментемпературалық қасиеттеріне мұнайөнімдеріне ендірілетін депрессаторының әсері зерттелді. Депрессатор құмкөл кенорнының мұнайынан алынған қысқы дизельдік отынға 0,0125-0,2 мас. % мөлшерде ендірілді.

Төменде Құмкөл мұнайына винилацетатпен және олейн қышқылы негізінде синтезделінген депрессаторын қосқандағы элементтік 32-ші кестеде минералдық құрамы және элементтік құрамымен құрылымының микроскопиялық суреті беріледі 29 суретке сәйкес беріледі.


Кесте 32 – Құмкөл мұнайына стирол және олейн қышқылының метил эфири негізінде синтезделінген депрессаторын қосқандағы элементтік және минералдық құрамы

Элементтер	Салмақтық, %	Оксидтер	Оксидтер %
1	2	3	4
O	45.49	-	-
Na	2.46	Na <sub>2</sub> O	3.32



Кесте 32 жалғасы

1	2	3	4
Mg	4.21	MgO	6.98
Al	1.89	Al <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	3.57
Si	13.14	Si O <sub>2</sub>	28.11
P	1.43	P <sub>2</sub> O <sub>5</sub>	3.28
S	8.42	SO <sub>3</sub>	21.05
K	9.49	K <sub>2</sub> O	11.43
Ca	9.81	Ca O	13.72
Fe	1.82	Fe <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	3.72
Ni	0.59	NiO	0.75
Zn	0.28	Fe <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	0.35
Zr	0.67	ZnO	0.90
Ba	0.29	BaO	0.32



Сурет 29 - Құмкөл мұнайына стирол және олейн қышқылының метил эфирі негізінде синтезделінген депрессаторының қосылғандағы элементтік құрамы және құрылымының микроскопиялық суреті

Сонымен қатар концентрациясы 0,0125-тен 0,2 масс.%-ға дейін болатын, дизельдік отынның 11 үлгісі дайындалды. Дайындалған дизельдік отынның үлгілерінің депрессорлы қосындыны дизельдік отынның үлгісімен салыстырылуы 33-шы кестеде келтірілді.

Кесте 33 – Дизельдік отынның төмен температуралық көрсеткіштерінің депрессатор концентрациясына байланысты өзгеруі

Депрес-сатормен	Депрессатор мөлшері, масс.%	Қоюлану температурасы, °C	Қату температурасы, °C	Сүзудің шектік температурасы, °C	Депрессия температурасы, °C
1	2	3	4	5	6
Депрес-саторсыз	-	-11,6	-20,3	-12,2	-

### Кесте 33 жалғасы


1	2	3	4	5	6
Полибутил- метакрилат	0,2	-10,8	-26,2	-11,7	-5,9
	0,1	-10,9	-26,4	-12,0	-6,1
	0,05	-10,6	-25,9	-11,7	-5,6
МЭОК+ стирол	0,2	-11,2	-25,4	-11,8	-5,1
	0,1	-10,9	-26,3	-11,7	-6,0
	0,05	-10,8	-26,1	-13,0	-5,8
БМА+ стирол	0,2	-11,1	-22,4	-11,7	-2,1
	0,1	-11,0	-23,5	-11,9	-3,2
	0,05	-11,2	-24,7	-11,9	-4,4
	0,025	-11,1	-25,4	-11,9	-5,1
	0,0125	-11,0	-25,8	-11,9	-5,3


33 кестеде келтірілген, синтезделген депрессаторды пайдалану дизельдік отынның кату температурасын төмендетуге әсер ететіндігін дәлелдейді. Сонымен қатар, бұл кезде оптималды болып 0,1 масс.%-дық Полибутилметакрилат және стирол мен олейндік қышқылдың метакрилдік эфирінің негізіндегі депрессатор болып табылады. 0,1 масс.% қосындының болуы кезінде депрессия температурасы сәйкесінше -6,1°C және -6,0°C болады. Стирол мен бутилметакрилат сополимерінің негізіндегі қосынды үшін оптималды болып депрессия температурасы -5,3°C болатын 0,0125 масс.%-дық қосынды болады.

Осындай әдіспен, зерттеулер нәтижесінде, синтезделген полимерлерді депрессатор ретінде пайдалану қысқы дизельдік отынның сапасын жақсартуға көмектеседі.

#### 4.4 Фенилантранил, себацин қышқылы және этиленгликоль қышқылы негізінде депрессаторлардың Құмкөл мұнайының және өнімдерінің пайдалану қасиеттеріне әсерін зерттеу

Фенилантранилдік қышқыл, этиленгликоль және себациндік қышқыл негізіндегі синтезделген депрессаторын Құмкөл кен орынының мұнайына қосқандағы пайдалану қасиеттеріне әсер ету механизмін анықтау үшін, депрессорлы қосындының қатысуымен және қатысуысыз минералогиялық құрам мен микроқұрылымы 30 суретке сәйкес зерттелді [167].





Сурет 30 - Фенилантранилдік қышқыл, этиленгликоль және себациндік қышқыл депрессатордың қатысуымен (2) және қатысуысыз (1) Құмкөл мұнайының үлгісінің минералогиялық құрамы және микроқұрылымы

Кесте 34 - Фенилантранилдік қышқыл, этиленгликоль және себациндік қышқыл депрессаторының қатысуымен Құмкөл мұнайының үлгісінің минералогиялық құрамы

Элемент	Масс. %	Оксид	Масс. %
C	70.81	-	-
O	23.15	-	-
Na	0.35	Na <sub>2</sub> O	0,47
Mg	0.13	MgO	0,21
Al	0.08	Al <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	0,15
Si	0.51	SiO <sub>2</sub>	1,1
P	0.03	P <sub>2</sub> O <sub>5</sub>	0,069
S	1.08	SO <sub>3</sub>	2,7
K	0.18	K <sub>2</sub> O	0,22
Ca	0.75	CaO	1,05
Fe	0.14	Fe <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	0,20
Ni	0.14	NiO	0,18
Zn	2.65	ZnO	3,3

Құмкөл мұнайының құрамында 30 суретке сәйкес полимерлік депрессаторлардың қатысуымен және қатысуысыз микроқұрылымын зерттеулер, бастапқы мұнайда парафиндік көмірсутектердің кристалдары мұнайдың барлық көлемі бойынша біртегіс таралғандығын және тығыз құрылымдық торды қалыптастыратындығын көрсетеді, бұл ұяшықтарда мұнайдың сұйық фазасы ұсталады. ДПН-12 депрессаторын қосу кезінде, Құмкөл мұнайының мұнай-газ фазалар бөлігінде беттік кернеу жоғарылайды, парафиндік көмірсутектердің кристалдары өзінің формасын өзгертеді және ромбалық формалы формасыз кристалдар қалыптасады. Мұндай құбылыс мұнайдың шайырлы-асфальтенді заттарының қосынды молекулаларымен байланысуымен түсідіріледі. Осының нәтижесінде депрессордың алкилдік және

эфирлік топтары жоғарыпарафиндік мұнайдың реологиялық қасиеттеріне әсерін күшейтеді.

Сонымен қатар, ДПН-12 депрессаторын қосу Құмкөл мұнайының мұнай-су фазалар шекарасында беттік кернеудің жоғарылауына алып келетіндігі, мұның көмірсутектердің парафиндерінің кристалдарының формасының өзгеруіне алып келетіндігі анықталды, демек локализацияланған сипаттағы ромбалық формалы кристалдардың қалыптасуы бақыланады. Мұндай құбылыс мұнайдың шайырлы-асфальтендік заттарының қоспа молекулаларымен байланысуымен түсіндіріледі. Осының нәтижесінде депрессатордың алкилдік және эфирлік топтарының жоғарыпарафиндік мұнайдың реологиялық қасиеттеріне әсері жоғарылайды.

Қосындының молекуласының көлемдік әрекетінің нәтижесінде жоғары беттік-функционалдық топтардың әсерінен жеке ассоциаттар мен мицеллаларды қалыптастырады, олар орташа көмірсутектердің мицеллаларының сольватациясына әсер етеді. Дисперсті жүйелердің суытылған мұнайларында кристалданған құрылым локализацияланған сипатта болады, және конденсациялау кезінде бір-бірімен байланыстырылған ірі, әлсіз кешендер тұрғызылады. Локализацияланған құрылым кеңістіктік қаңқаның қалыптасуына кедергі болады. Осының әсерінен оның кинематикалық тұтқырлығы, қату және қоюлану температурасы төмендейді.

Осындай әдіспен, қышқыл катализаторлардың қатысуымен 90°C температурада фенилантронилдік қышқылдың, диэтиленгликолдің және себациндік қышқылдың негізінде поликонденсация және этерификация реакциясымен полимерлік депрессаторлар синтезделеді.

Фенилантронилдік қышқылдың, этиленгликолдің және себациндік қышқылдың (ДПН–12, бензолда ерітілген) негізіндегі сополимерлер-депрессаторының 100 мл шикі мұнайдың кинематикалық тұтқырлығы мен төментемпературалық көрсеткіштеріне 50°C температурада концентрацияға (0,001–0,5%) байланысты әсері зерттелді 35-ші кесте.

Кесте 35 - Құмкөл кен орнының шикі мұнайының төментемпературалық көрсеткіштері мен кинематикалық тұтқырлығының 50°C температурада ДПН–12 (0,001–0,5%) депрессаторының концентрациясына байланысты өзгеруі

Депрессатор ДПН–12	Шикі мұнай (100 мл)		
	шикі мұнай, мл	кинематикалық тұтқырлық, $\eta_{кин}, \text{мм}^2/\text{с}$	қату температурасы, $T_{қату}, \text{°C}$
-	100	3,43	+9
0,001	100	1,15	+5
0,01	100	1,10	+5
0,1	100	1,07	+6
0,25	100	0,99	+4
0,5	100	1,02	+4

Кестеден, шикі мұнайдың кинематикалық тұтқырлығы депрессаторды қосусыз  $\eta_{кин}=3,43$  мм<sup>2</sup>/с-қа, қату температурасы  $T_{кату}=+9^{\circ}\text{C}$ -қа тең екендігі көрініп тұр. Шикі мұнайға финилантранилдік қышқылдың, этиленгликольдің және себациндік қышқылдың (бензолда ерітілген ДПН-12) негізіндегі депрессатор-сополимерлердің (0,001–0,5%) мөлшерінде қосу кезінде Құмкөл кен орнының мұнайының пайдалану параметрлері күрт өзгереді, демек кинематикалық тұтқырлық  $\eta_{кин} = 3,43$  мм<sup>2</sup>/с-тан 1,15–0,99 мм<sup>2</sup>/с-қа дейін, ал қату температурасы  $T_{кату} = +9^{\circ}\text{C}$  –тан  $+4^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендейді. Бұл кезде қосылатын депрессорлы қосындының оптималды концентрациялары 0,001–0,1%-ды құрайды, ал жүйеде концентрацияны ары қарай жоғарылату бұл параметрлерді өзгертпейді. Бұл, концентрацияны жоғарылату пайдалану параметрлерінің жақсаруына алып келмейтіндігін және жүйедегі оптималды концентрацияны 0,001–0,1% деп санау қажет екендігін көрсетеді.

Сонымен қатар финилантранилдік қышқылдың, этиленгликольдің және себациндік қышқылдың (бензолда ерітілген ДПН-12) негізіндегі депрессатор-сополимерлердің гидротазартылған ДТ–Л–К2 маркалы дизельдік отынның төментемпературалық көрсеткіштері мен кинематикалық тұтқырлыққа әсері зерттелді. ДПН-12 депрессаторының қатысуымен және қатысуысыз дизельдік отынның үлгілерін зерттеу нәтижелері 36-ші кестеде келтірілген .

Кесте 36 - ДПН–12 (0,001–0,5%) депрессаторының концентрациясына байланысты гидротазартылған ДТ–Л–К2 маркалы дизельдік отынның төментемпературалық көрсеткіштері мен кинематикалық тұтқырлығының өзгеруі

Депрессатор	ДТ–Л–К2 п/см (100 мл) маркалы дизельдік отын			
ФАК	ДТ-Л-К2, мл	кинематикалық тұтқырлық, $\eta_{кин}$ , мм <sup>2</sup> /с	қоюлану температурасы, $T_{кою}$ , °C	қату температурасы, $T_{кату}$ , °C
-	100	4,07	-13	-15
0,001	100	1,24	-15	-18
0,01	100	1,23	-13	-24
0,1	100	1,23	-13	-17
0,25	100	1,32	-23	-25
0,5	100	1,36	-18	-25

Кестеден, ДТ–Л–К2 маркалы дизельдік отынның кинематикалық тұтқырлығы депрессорлы қосындыны қосусыз  $\eta_{кин}= 4,07$ -ге, қоюлану температурсы  $T_{кою}= -13^{\circ}$ -қа, қату температурасы  $T_{кату}= -15^{\circ}\text{C}$ -қа тең екендігі көрініп тұр. Дизельдік отынға финилантранилдік қышқылдың, этиленгликольдің және себациндік қышқылдың (бензолда ерітілген ДПН-12) негізіндегі депрессатор-сополимерлердің (0,001–0,5%) мөлшерінде қосу кезінде дизельдік отынның пайдалану қасиеттері күрт өзгереді, демек кинематикалық

тұтқырлық  $\eta_{кин} = 4,07$  мм<sup>2</sup>/с-тан 1,23–1,36 мм<sup>2</sup>/с-қа дейін, қоюлану температурасы  $T_{кою} = -13^{\circ}\text{C}$ -тан  $-18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, қату температурасы  $T_{кату} = -15^{\circ}\text{C}$ -тан  $-25^{\circ}\text{C}$ -ға дейін төмендейді. Бұл кезде қосылатын депрессаторлардың оптималды концентрациясы 0,001–0,5%-ды құрайды, ал жүйеде концентрацияны ары қарай жоғарылату пайдалану параметрлерінің жақсаруына алып келмейді және жүйедегі оптималды концентрация деп 0,001–0,1%-ды қабылдаймыз [166, б. 594-600].

Сополимерлік, немесе үштік сополимерлер үшін депрессатор құрамының өзгеру мүмкіндігі кең, өйткені сополимерлер әртүрлі өлшемді, құрамды және құрылымды макромолекулалардан тұрады. Осы құрамдардың әрқайсысы сополимердің депрессорлық қасиетін түсіндіреді. Синтезделген депрессатордың тұтқырлықты қасиеттерге салыстырмалы зерттеулерін жүргізу кезінде депрессатордың тиімділігінің олардың құрылымы мен химиялық құрамына тәуелділігі анықталды.

Зерттеулер нәтижесі 37-ші кестеде, барлық зерттелетін депрессаторлар зерттелген мұнайда жоғары тиімділігімен сипатталатындығын көрсетті. ОҚ+БМА және МЭОҚ+СТ негізіндегі сополимерлер мұнайдың реологиялық қасиеттерін жақсартуда тиімділігі мен шығымы бойынша басқа қоспаларға қарағанда жоғары және мұнайды алу және тасымалдау жүйесінде пайдаланыла алады.

Кесте 37 - Мұнайдың кинематикалық тұтқырлығының  $25^{\circ}\text{C}$  температурасында депрессатор мөлшеріне байланысты өзгеруі

Депрессатор құрамы	Мұнайдың кинематикалық тұтқырлығы, (мм <sup>2</sup> /с) $25^{\circ}\text{C}$ болғанда					
	депрессатор концентрациясы, % масс.					
	-	0,05	0,1	0,20	0,5	1,0
Мұнай	24,211	-	-	-	-	-
ОҚ+БМА (1:1)	-	15,638	15,864	15,896	16,128	16,163
БМА+ВА+СТ	-	20,776	20,904	20,923	21,079	21,615
ФАҚ+ЭГ+СБҚ	-	19,2756	19,3903	19,498	19,569	19,067
МЭОҚ+СТ	-	17,502	17,208	17,176	17,630	17,935

